

-Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

№ 4

АПРЕЛЬ

№ 4

ОБЯВАТЕЛЬНЫМ ЭКЗЕМПЛЯР

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ  
1955

**ҚАЗАҚСТАН  
КОММУНИСТІ**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және СЛАСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIII жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 4

А П Р Е Л Ъ

1955

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Коммунизм жолындағы күрестің ұлы туы . . . . .	1
С. БАИШЕВ, Ф. ЕЛКИН — В. И. Ленин коммунизм құрылысының негізгі мәселелері туралы . . . . .	9
Н. ЖАНДІЛДИН — Ленинизмнің халықаралық маңызы . . . . .	17
С. ФЕДЮКИН — Дүние жүзінің халықтары атом қаруына тыйым салуды батыл талап етуде . . . . .	24
К. КУРОВА — Коммунизмнің жыршысы . . . . .	31

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Е. АНДРЕЕВ — Колхоз партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын . . . . .	37
--	----

## ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Ж. ИСМАҒҰЛОВ, В. ЧЕРКЕСОВ — Облыстық газеттегі әдебиет сыны және библиография . . . . .	42
---	----

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

В. ФУРСОВ — Жер бетінде тіршілік қалай пайда болды . . . . .	47
--	----

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

В. ЛАРИН — Ильичтің мәңгі жасайтын бейнесі . . . . .	53
В. КОТЕЛЬНИКОВ — Кәсіпорындағы көпшілік-саясат жұмысы . . . . .	56

ССРО-да ауыр индустрияны дамыту мәселесі жөніндегі әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші . . . . .	60
---	----

**Коммунизм жолындағы күрестің  
ұлы туы**

Мұнан 85 жыл бұрын, 1870 жылғы 22 апрельде, Совет Одағы Коммунистік партиясының орнатушысы, Советтік социалистік мемлекеттің негізін қалаушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұстазы және көсемі — Владимир Ильич Ленин туды. Бұл даңқты күнді бүкіл прогресшіл адамзат ұлы мерекедей құрметтеп өткізеді.

Лениннің қызметіндегі және оның ілімі — ленинизмдей революциялық пікірлерімен, істерімен еңбекшілердің ақыл-ойы мен тағдырына мұншама терең әсер еткен бірде-бір адам барлық өткен уақытта және халықтардың тарихында, Маркстен басқа, болған емес. Пролетариатқа біткен шын мәнісіндегі ұлылық және ерлік қасиеттердің бәрі — батыл ой, қайтпайтын, қайыспайтын, қажырлы, жеңімпаз ерік, құлдықты және езгіні өлгенше жек көрушілік, тауларды қопаратын революциялық жігер, бұқараның творчестволық күшіне шексіз сенгендік, орасан зор ұйымдасты-

рушы данышпаңдық — мұның бәрі жаңа дүниенің тұлғасы болған Ленинге тән тамаша қасиеттер.

Ленин! Халықтар коммунистік қоғам орнату күресіндегі өздерінің барлық табыстарын осы есіммен байланыстырады. Совет адамдары өздерінің санасында Лениннің бейнесін адамзаттың тарихында жаңа заманды бастаған Ұлы Октябрь социалистік революциясымен бір санайды. Ленин, Коммунистік партия, Совет үкметі жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция үшін жаңа, қуанышты тұрмыс орнатты. Владимир Ильичтің есімі елімізде ондаған халықтардың тілінде қошеметпен аталады. Ленин, — дейді халық ақыны, — «адамдарды күркіреген күндей оятты... оның тұсында әлсіздер күш алды».

Ленинизм өзінің идеяларының күшімен, бұл идеялардың қайтпас шындығының күшімен жеңімпаз ілімге айналды. Лениннің идеялары бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі еңбекшілердің істерінде, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы, демократия мен социализм жолындағы өсіп және нығайып отырған халықаралық қозғалыста өмір сүріп, жеңіп келеді. Еліміздің халықтары мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің санасында совет адамдарының коммунистік қоғам орнатудағы ұлы жеңістері В. И. Лениннің есімімен, оның ілімімен байланыстырылады.


Ленинизм халықтардың ең төл мүдделерін бейнелейді, еңбекшілердің күресінде оларға тура жолды көрсетеді, өйткені ол — өзінің мәні жағынан терең халықтық ілім, сан миллион еңбекшілер бұқарасына арналған ілім. Ленинизмнің күші — оның терең ғылымилығында, ол практикамен тығыз байланысты, ол үздіксіз дамып отыратын, бұқараның тәжірибесімен күнбе күн байып отыратын творчестволық ілім. Ленинизм халықтың өзіндегі ұлы революциялық күштерді оятып, оларды бүркеулі күштен пәрменді күшке айналдырды.

Лениннің асқан ұлы еңбегі, оның марксизмді барлық жағынан байытқанында. Революциялық теория мен революциялық практиканың алыбы, қоғамдық дамудың бүкіл барысын көрегендікпен болжаған, диалектикалық методты мінсіз меңгерген Ленин маркстік ілімді тексерімпаздардың барлық бұрмалауынан қорғап қалуының үстіне, оны жаңа, жоғары сатыға көтеріп, оны жаңа қортындылармен, қағидалармен байытты.

Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Маркс пен Энгельс монополияға дейінгі капитализмді зерттей отырып, социалистік революция жеке бір елде жеңе алмайды, ол тек барлық цивилизациялы елдерде немесе бұл елдердің көпшілігінде біржолы жеңе алады деген қортындыға келді. Бұл қортынды XIX ғасырдың орта шеніндегі жағдайда дұрыс болды. Алайда өткен ғасырдың аяғында және кәзіргі ғасырдың басында капиталистік елдердің экономикалық және саяси тұрмысында жаңа құбылыстар көріне бастады: капиталистік монополиялар пайда болып, тез өсе бастады, банк және өнеркәсіп капиталының бірігуі негізінде финанс капиталы, финанс олигархиясы пайда болды, олар дүние жүзінің барлық елдерін өздерінің үстемдігіне бағындырды. Еңбекшілердің қаналуы және қайыршылануы күшейді, бұқараның революциялық ызасы барған сайын ұлғая берді.

Империализмге — монополиялық капитализмге — өту жұмысын табының өкметті қолға алу, социализм орнату жолындағы күресінің жағдайларын едәуір өзгертті. Бірақ марксизмнің жаулары, өз заманы үшін дұрыс, бірақ империализм жағдайында ескірген маркстік қағидалары догмаға айналдырып, егер пролетариат елдегі халықтың көпшілігі болмаса, ол өкіметті өз қолына ала алмайды және алмауға тиіс деп дәлелдеуге тырысты. Ленин бұл топастық метафизиканы аяусыз әшкереледі.

Владимир Ильич империализмді марксистердің біріншісі болып творчестволықпен, шын ғылыми негізде зерттеді. Капитализмнің соңғы



сатысы — империализмге терең марксистік талдау жасап, Ленин өзі ашқан заң — империализм дәуірінде капитализмнің экономикалық және саяси әркелкі дамуының заңына сүйене отырып, ашқан ғылыми жаңалық ашты — дүниежүзілік империализмнің шынжырын оның неғұрлым әлсіз буынынан үзу мүмкіндігі туралы, социализмнің әуелі бірнеше немесе тіпті жеке бір елде жеңу мүмкіндігі туралы данышпандық қортындыны тұжырымдап дәлелдеді, социалистік революцияның жаңа теориясын жасады. Ленин, социалистік революцияны жүзеге асыру үшін халықтың көпшілігін толық пролетарландыру керек болады-мыс деп ойлаудың өрескел хате болатынын дәлелдеді. Пролетариаттың қоғамды революциялық жолмен қайта құрудағы басшылық ролін дәлелдей келіп Ленин пролетариаттың тарихи процестегі күші оның жалпы халық ішіндегі үлес салмағынан әлде қайда зор екенін көрсетті. Халықтың азшылығы болып отырған жұмысшы табы, халықтың басым көпшілігі болып отырған барлық еңбекші бұқараны өзінің төңірегінше топтастыра алады.

Социализмнің әуелі жеке бір елде жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің ашқан данышпандық қағидасы маркстік теорияның дамуындағы жаңа дәуірді бастады. Социалистік революцияның лениндік теориясы жеке елдердің пролетарларының революциялық инициативасына кең жол ашып, оларды тайсалмай батыл қыймылдар жасауға ұмтылдырды. Дүниежүзілік пролетариаттың ең революцияшыл отряды — Россияның жұмысшы табы бұл теорияға мейлінше қызу үн қосты. Ол помещиктер мен капиталистердің өкіметін бірінші болып құлатты, жер жүзінің алтыдан бір бөлегін империализм системасынан құтқарып, социализм орнатты.

Бұл күндерде өзінің ұстазының және көсемінің туганына 85 жыл толуын салтанатпен мерекелей отырып, совет халқы Ленин орнатқан Коммунистік партияны қошаметтейді. Лениннің теориялық мұрасында партия туралы ілім ерекше маңызды орын алады. Маркс пен Энгельс мұндай ілімнің тек нобайын берді. Олар жариялаған — жұмысшы қозғалысының жолын ғылыми социализм теориясымен нұрландырып отыру идеясын Владимир Ильич дамытып, тамаша жүзеге асырды.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында Ленин Коммунистік партияның негізін қалай отырып, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистерге қарсы дәйекті күрес жүргізді. Россия пролетариатының революцияшыл авангардын құлдыққа және езгіге қарсы жанқияр күрескерлердің болаттай берік саптарына біріктіріп, топтастырды. «...Бізге революционерлердің ұйымын беріңдер — сонда біз Россияны төңкереміз», — деп жазды Ильич қазіргі ғасырдың пақ бас кезінде. Бұл жалынды сөздер революциялық ұйымның ұлы өзгерістер жасаушы алып күшіне мейлінше сенгендікпен айтылды. Қазір біз, Коммунистік партия шын мәнісінде Россияны «төңкерді», Отанымызда бүкіл прогресшіл адамзатты қызықтыратын, көлемі және тереңдігі жағынан бұрын болып көрмеген социалистік өзгерістер жасауды қамтамасыз етті деп мақтанмен айтамыз.

Ленин жаңа тұрпатты марксистік революцияшыл партияны әзірлеп құрды, марксизмнің тарихында алғашқы рет пролетариаттың басшы ұйымы, оның коммунизм орнату күресіндегі қаруы — партия туралы ілімді жасады. Бұл әзірлік жұмысында Лениннің бірсыпра үздік еңбектері негізгі және шешуші роль атқарды. Оның «Не істеу керек?» деген кітабы мұндай партияның идеологиялық әзірлігі, «Бір адым ілгері, екі адым кейін» мұндай партияның ұйымдастыру әзірлігі, «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» мұндай партияның саяси әзірлігі болды. Ақыр аяғында, Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабы мұндай партияның теориялық әзірлігі болды.

Владимир Ильич партия қатарының бірлігін, біртұтастығын, берік топтасқанын, оның халықпен кең және тығыз байланыстылығын — мақсатқа жету жолындағы қандай да болсын қыйыншылықтарды жеңе ала-

тын пәрменді күш деп таныды. Ұлы Ленин өзі құрған партияға сенді, оны — заманымыздың ақыл-ойы, намысы және ожданы деп білді.

Ленин шешкен — жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы мәселе марксистік ғылымның қазнасына маңызды үлес болып қосылды. XIX ғасырдың 50-ші жылдарының бас кезінде «Луи Бонапарттың 18-ші брүмері» деген еңбегінде Маркс пролетарлық революцияның шаруалардың үн қосуымен қолдануға тиіс екенін, мұндай қолдаусыз оның жалғыз салған әні, барлық шаруалық елдерде аққудың өлердегі зарына айналатынын көрсетті. Онан бірнеше жылдан кейін Энгельске жазған хатында Маркс, Германиядағы пролетарлық революцияның тағдыры оны қандайда болсын қайталаған шаруалар соғысының қолдауы мүмкіндігіне байланысты болады деген пікірді айтты.

Маркс жалпы түрде білдірген жұмысшы табының шаруалармен одақтасуының қажеттігі туралы пікірді, оның және Энгельстің қайтыс болуынан кейін, II Интернационалдың оппортунистері жылы жауып қойды. Олар, сол сыяқты меньшевиктер, троцкийшілдер шаруаларды — пролетариатқа дұшпан тап деп таныды, пролетариат онымен соқтығыспай қалмайды деп білді. Ал Ленин еңбекші шаруаларды — пролетариаттың айнамайтын одақтасы деп таныды.

Мұнан алпыс жылдан артығырақ уақыт бұрын өзінің «Халық дос-тары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабында Ленин марксизмнің тарихында алғаш рет, патша өкіметін, помещиктерді және буржуазияны құлатудың басты құралы, қоғамды социалистік негізде революциялық жолмен қайта құрудың басты күші ретінде, жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағын құру идеясын тұжырымдап белгіледі.

Ленин жұмысшы табының шаруалармен одақ жасауын — пролетариат диктатурасының жоғарғы принципі, Совет мемлекетінің күшінің қайнар бұлағы деп таныды. Владимир Ильич жұмысшылар мен шаруалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнатуды, бұл екі таптың мызғымас одағын құруды, бұл одақты сақтап, нығайта беруді — Коммунистік партияның негізгі міндеті, оның бүкіл революциялық саясатының іргетасы деп есептеді.

Лениннің өсиеттерін орындай отырып, Коммунистік партия жұмысшы табының еңбекші шаруалармен берік одағын шыңдады, бұл одақты Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуін, елімізде социализм орнатылуын қамтамасыз еткен шешуші күшке айналдырды. Партия бұл одақты, әсіресе қазіргі кезде, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеттері жүзеге асырылып жатқан кезде, ерекше нығайған мызғымас достыққа айналдырды.

Марксизмді дамытып байыта отырып, Ленин пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі Советтерді ашты. Бұл ұлы ғылыми жаңалықта ленинизмнің творчестволық сипаты ерекше күшпен айқын көрінді. Бұрын марксизмде Энгельстің: пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы парламенттік демократиялық республика болып табылады дейтін қағидасы жалпы жұрт таныған қағида болып келді. Владимир Ильич 1905 жылғы революцияның тәжірибесін қорыта келіп, Советтерді — пролетариат көтерілісінің органдары, жұмысшы үкметінің, революциялық өкметтің бастамасы деп таныды. 1917 жылғы февраль революциясының тәжірибесін зерттегеннен кейін Ленин: пролетариат диктатурасының негүрлым қолайлы формасы парламенттік республика емес, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері болып табылады деген қортындыға келді. «Парламенттік республика керек емес, — деп жазды ол өзінің даңқты Апрель тезистерінде, — Жұмысшы депутаттарының Советтерінен оған қайта оралу бір қадам кері шегінгендік болар еді, — бүкіл

елде, төменнен жоғарыға дейін, Жұмысшы, Батырақ, Шаруа депутаттары Советтерінің республикасы керек».

Ленин ашқан бұл жаңалық еңбекшілер қалың бұқарасын мемлекетті басқаруға қатыстыру ісінде орасан зор роль атқарды. Еліміздің жұмысшылары мен шаруалары үшін Советтер оларға ұғымды және қолы жететін, олардың күштерін тез ұйымдастырып, революциялық жігерін өршітуге мүмкіндік беретін ұйым болды. Бірақ Советтер — пролетариат диктатурасы формаларының бірі ғана. Өзіне тән данышпандық көрегендігімен Ленин басқа елдерде революция, бұл елдердің даму шарттарына және халықаралық жағдайға сәйкес, пролетариат диктатурасының басқа формаларын сөзсіз туғызатынын алдан болжады. Капитализмнен коммунизмге өту, — деп жазды Ильич, — әрине, орасан көп және әр алуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ: пролетариат диктатурасы болады.

Владимир Ильичтің ғылыми болжауы жүзеге асты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Совет Армиясының гитлершіл басқыншыларды талқандаған бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінің және қалың бұқараның революциялық қозғалысының өрлеуінің нәтижесінде, Европа мен Азияның бірсыпыра елдері империализм системасынан шырып қалып, оларда пролетариат диктатурасының жаңа формасы болып табылатын халықтық демократия құрылысы орнықты.

Бұқараның творчестволық күшіне сену — Лениннің ерекшелік сипаты. Ол партияны үнемі бұқарамен тығыз байланыс жасауға, бұқарадан үйренуге, олардың істерін байыбына жетіп түсінуге, бұқараның күресінің практикалық тәжірибесін қажырлылықпен зерттеп үйренуге шақырды. Ленин халық — тарихтың шын мәнісіндегі жасаушысы, барлық материалдық және рухани қазнаның жасаушысы екеніне шексіз сенді. Владимир Ильич, «үздік адамдар» беделіне табынуды, халық бұқарасын жек көруді, қоғамды, бір жағынан, «қара халыққа», «тобырға», екінші жағынан, «геройларға» бөлуді уағыздаған ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық идеологтарды аяусыз талқандады. Ленин, кімде-кім халыққа сенсе, халық творчествосының қайнар бұлағына шомылса, тек сол жеңеді және өкметті сақтап қалады деп үйретті. Лениннен оның халыққа жалынды сүйіспеншілігін мұраға алған Коммунистік партия еңбекшілерді Отанға, коммунизм ісіне шын берілгендік рухында тәрбиелеуде.

Марксизмнің тарихында алғаш рет Ленин ұлттардың өз ішіндегі және ұлттар арасындағы қатынастың түбірлі проблемаларын жан-жақты айқындап берді, партияның ұлт мәселесіндегі теориялық программасы мен саясатын белгілеп, бұл проблемаларды шешудің бірден-бір дұрыс жолын көрсетті. Ұлт мәселесін мемлекеттік ішкі тар шеңбермен қоршап қоюға тырысқан II Интернационалдың оппортунистеріне және олардың Россиядағы жақтастарына қарсы шығып, Ленин ұлт мәселесі пролетариат диктатурасын орнату жолындағы революциялық күрестің бір саласы болып табылатынын көрсетті, бұл мәселені жалпы және халықаралық мәселеге, колониялар мен тәуелді елдердің езілген халықтарын империализмнің езгісінен азат ету туралы мәселеге айналдырды.

Совет өкметінің ең маңызды декреттері, декларациялары Владимир Ильичтің басшылығымен және тікелей қатысуымен шығарылды. Бұл декреттер мен декларацияларда Коммунистік партияның ұлт саясаты мемлекеттік заңдардың күшіне ие болды. Лениндік ұлт саясатын жүзеге асыра отырып, И. В. Сталин бастаған Коммунистік партия ССРО халықтарының достығы мен туысқандық ынтымағын шындап нығайтты. Бұл достық социалистік қоғамның дамуының қозғаушы күштерінің біріне айналды. Советтік Социалистік Республикалар Одағына кірген еліміздің барлық халықтары ұлы орыс халқының көмегімен өздерінің саяси, шаруашылық және мәдени дамуында бұрын болып көрмеген зор табыстарға

жетті. Еліміздің негізгі индустриялы республикаларының біріне айналған Қазақ ССР бұған айқын дәлел. Социалистік өзгерістер нәтижесінде ССРО-да, буржуазиялық ұлттардың қандайынан болса да үздік берік топтасқан және өмірге қабілетті жаңа, социалистік ұлттар қалыптасты.

Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Маркс пен Энгельс коммунистік қоғамның жалпы көрінісін суреттеді. Олар коммунизмге апаратын жол пролетариат диктатурасы арқылы өтетінін, коммунизм өзінің дамуында екі фазаны: социализмді және коммунизмді өтетінін көрсетті. Ленин коммунизм орнату туралы маркстік ілімді дамытып байытты, коммунизм орнатудың заңдарын ашты. Елімізде социализм және коммунизм орнатудың лениндік жоспары Коммунистік партияның съездерінің, конференцияларының, оның Орталық Комитетінің пленумдарының шешімдерінде, Лениннің ісін алға апарушы кемеңгер — И. В. Сталиннің және Лениннің басқа шәкірттерінің еңбектерінде байытылып, нақтыланды.

«В. И. Лениннің қайтыс болуынан кейінгі 30 жылдың ішінде, — деді СОКП Орталық Комитетінің «В. И. Ленинді еске түсіру күні туралы» қаулысында, — біздің елімізде орасан зор социалистік өзгерістер болды. Марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын ілімін басшылыққа ала отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы Совет халқын елімізде социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асыруға жігерлендірді және ұйымдастырды. Тарихи қысқа мерзім ішінде біздің Отанымыз бұрынғы артта қалған аграрлық елден аса қуатты индустриялы-колхозды социалистік державаға айналды».

Маркс пен Энгельстің идеялық мұрасынан, ірі өнеркәсіпті жасамайынша социализм орнату мүмкін емес екені мәлім болды. Марксизмнің бұл жалпы қағидаларын дамыта келіп, Ленин партия мен совет халқына елдің экономикасын социалистік негізге қайта құру саласындағы басты міндетті — ірі социалистік өнеркәсіпті өркендетіп, машиналы техниканы егіншілікке кеңінен енгізу негізінде, сан миллион шаруаларды кооперация арқылы социализмге қатыстыру міндетін көрсетті. Өзінің «Аз болса да, жақсы болсын» деген белгілі мақаласында Владимир Ильич біздің еліміз шаруаның, мужиктің шалдыққан мастегінен ірі машиналы индустрия мен электрлендірудің жүйрік атына мінетіндігіне сенім білдірді. **«Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру»** — коммунизм құрылысының негізгі жолын белгілеген данышпандық лениндік формула міне осындай.

Ленин елді индустрияландыруды — социализм мен коммунизмнің жасуының шешуші шарты деп таныды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде сөйлеген сөзінде Владимир Ильич: «Социализмнің бірден-бір мүмкін экономикалық негізі — ірі машиналы индустрия. Кім де кім мұны ұмытатын болса, ол коммунист емес» деді. Социалистік индустрияландыру — коммунистік құрылыстың лениндік программасының ірге тасы.

Лениннің өсиеттерін жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі халқымыздың творчестволық қызметін коммунизмнің материалдық-өндірістік базасын жасауға бағыттауда, ал мұндай базаны жасау күресіндегі басты міндет — социалистік өнеркәсіпті, әсіресе ауыр индустрияны тоқтаусыз, мейлінше өркендете беру. Ленин: «социализмнің бірден-бір материалдық негізі, егіншілікті де қайта құра алатын ірі өнеркәсіп бола алады», ауыр өнеркәсіпсіз «біз ешқандай өнеркәсіп құра алмаймыз, ал онысыз біз тегі дербес ел ретінде құраймыз» деп үйретті.

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінің негізі болып табылатын өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін баса өркендету туралы Маркстің ілімін басшылыққа ала отырып, Ленин өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі бәрінен де тез өсетінін, оған кейін тұтыну жабдықтарын жасайтын өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі тез өсетінін, тұтыну жабдықтарының өндірісі бәрінен де жағ өсе-

тінің көрсетті. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуін Ленин ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы деп белгіледі. Маркстің іліміне толық сәйкес Ленин қоғамдық өндірістің I және II бөлімдерінің өзара сәйкестігі формуласы капиталистік формация үшін ғана емес, коммунистік формация үшін де, оның екі фазасы үшін де күшінде болатынын көрсетті. И. В. Сталин де өзінің еңбектерінде нақ осыны талай рет атап көрсетті.

Ауыр өнеркәсіптің баса, оза өркендеуі социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің міндетті шарты болып табылады. Ауыр өнеркәсіптің баса, оза өсуі — ұлы Ленин белгілеген партияның сара жолы. Тек осы жол ғана коммунизмнің материалдық-өндірістік базасының жасалуын қамтамасыз етеді. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы (1955 ж.) бұл қағиданы ерекше атап көрсетті.

Өзінің сара жолын жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия халық шаруашылығының барлық салаларына ең жаңа техниканы енгізуді, еңбек өнімділігін үнемі арттыра беруді тек ауыр өнеркәсіпті баса өркендету және елді электрлендіру жолымен ғана қамтамасыз етуге болатынын негізге алады. Ал еңбек өнімділігі, — деп үйретеді Ленин, — бұл сайып келгенде жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуінің ең маңызды, ең басты шарты. Коммунистік партия, тек ауыр өнеркәсіпті баса, оздыра өркендету негізінде ғана ауыл шаруашылығын осы күнгі техникамен барған сайын күшті қарқынмен жабдықтап, жеңіл, тамақ өнеркәсібін және өнеркәсіптің басқа салаларын, ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетуді қамтамасыз етуге болатынын негізге алады.

Владимир Ильич халықтың материалдық және мәдени дәрежесін үнемі арттыра беруді — жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуінің негізгі мақсаты және шарты деп есептеді. Егер, — деп үйретті Ленин, — еңбекшілердің революциялық күресте туған творчестволық жігері мен ынтасы материалдық ынталандыру принципін жүзеге асырумен ұштастырылып отырса, халық бұқарасын тек сонда ғана коммунизмге жеткізуге болады. Ильичтің бұл өсиетін орындай отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі, шаруашылық міндеттерін орындаудың маңызды құралы ретінде, материалдық ынталандыру принципін бұлжытпай пайдалануда.

Ленин «біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз келешектегі социалистік Европа мен Азия үшін үлгі болатынын» алдан болжады. Бұл көрегендік сөздер жүзеге асты. Қытайдың, Польшаның, Чехословакияның, Болгарияның, Румынияның, Венгрияның, Албанияның, Герман Демократиялық Республикасының, Монгол Халық Республикасының, Корей Халық-Демократиялық Республикасының, Вьетнам Демократиялық Республикасының халықтары Совет Одағының туысқандық қалтқысыз көмегінен және қолдауынан пайдалана отырып, оның социалистік құрылысының орасан мол тәжірибесіне сүйене отырып, коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығымен өз елдерінде жаңа тұрмысты ойдағыдай орнатуда.

Владимир Ильич советтік сыртқы саясаттың негізін қалады. Баянды демократиялық бейбітшілік үшін, халықтардың қауіпсіздігі үшін табандылықпен қажырлы күрес жүргізу, соғыс өртін тұтандырушыларды әшкерелеу, үлкенді-кішілі халықтардың бостандығын, ерікті елділігін және шын мәнісіндегі тең праволылығын, олардың ұлттық тәуелсіздігін, олардың праволары мен мүдделерін империалистік жыртқыштардың қастандығынан қорғау — бұл саясаттың аса маңызды белгілері. ССРО-ның бұл бейбітшілік сыртқы саясатын дүние жүзіндегі барлық елдердің еңбекшілер бұқарасы барған сайын күшті жігермен қолдауда.

Совет мемлекетінің сыртқы саясаты, социализм елдерінің капиталистік елдермен қатар өмір сүруіне толық мүмкіндік бар дейтін қағиданы негізге алады. Мұндай қатар өмір сүрудің ұзақтығы тарихи жағдайлар-



ға, тарихи дамуға байланысты. Екі системаның ынтымақтасып іс етуі туралы ойды алғаш рет Ленин 1919 жылы декабрьдің өзінде айтқан болатын. Ленин онда Россия Социалистік Федерациялы Советтік Республикасы барлық халықтармен тату тұруды тілейтінін білдірген болатын. Коммунистік партия, Совет үкіметі Лениннің бұл нұсқауын кәзірде де басшылыққа алып отырады.

Империалистік державалардың, ең алдымен АҚШ-тың агрессияшыл топтары мүлде басқаша сыртқы саясат жүргізуде. Олар социализмді жоюға, халықтық демократия елдерінде еңбекшілердің өкіметін құлатуға бағыт ұстап отыр. Мұндай саясат — жаңа дүниежүзілік соғысты, империализмнің дүниежүзілік үстемдігін қайта орнатуды көздейтін соғысты әзірлеу саясаты.

Советтік Россияның бейбітшілікке ұмтылатынын үнемі атап көрсетіп, Ленин америка империалистерінің соғыс өртін тұтандырушылар екенін талай рет әшкереледі, бейбітшілікке америка (және қандай да болсын басқа) капиталистердің империализмі бөгет болып отырғанын көрсетті. «Американың капиталистері бізге тимесін. Біз оларға тимейміз» — деді Ленин.

Бұқараның революциялық қабілетіне шын сенген Владимир Ильич «...адамзаттың империалистік қырғыннан сынбайтынын, қайта оны жеңетінін» данышпандықпен алдан болжады. Соғыс болған күнде дүниежүзілік цивилизация құрымайды, соғыстарды туғызып, бүкіл адамзатқа қатер төндіретін капиталистік система құрылды.

\* \* \*

XX ғасырдың бірінші жартысы ленинизм идеяларының салтанат құруымен өтті. Адамзаттың тарихында жаңа заманды — коммунизм заманын бастаған Октябрь социалистік революциясының жеңісі ленинизмнің асқан ұлы жеңісі болды. ССРО-да социализмнің орнатылуы — ленинизмнің жаңа ұлы жеңісі, Лениннің жеңімпаз идеяларының жанды бейнесі. Бірақ ленинизм — орыстық қана емес, оның үстіне халықаралық құбылыс. Ол — барлық елдердің революциялық тәжірибесінің тұлғасы. Ол — халықаралық пролетариаттың революциялық теориясы мен тактикасы, барлық елдерге үлгі болып отырған социалистік революцияның және жұмысшы табы диктатурасының теориясы мен тактикасы.

Ленинизм — мәңгі жасайтын, өмір орнықтырушы ілім. Европа мен Азияның бірсыпыра елдерінде халықтық демократия тәртібінің орнатылуы ленинизм идеяларының салтанаты болды. Капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысының өсуі, колония және тәуелді елдердегі барған сайын кең өріс алған ұлттық-азаттық күрес ленинизм идеяларының салтанаты болып табылады.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 85 жыл толуын салтанатпен мерекелей отырып, совет адамдары коммунизм құрылысында қолжеткен табыстардың қорытындысын шығарады. Ал бұл табыстар шынында да орасан зор. Олар ленинизмнің жеңімпаз идеяларын тағы да айқын дәлелдейді.

Ленин көрсеткен жолмен алға баса отырып, партия И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен Отанымыздың халықтарын социализмнің жеңісіне жеткізді. Кәзіргі уақытта социалистік қоғамның өндіргіш күштерін онан әрі мықтап өркендету, совет халқының материалдық және мәдени дәрежесін арттыру міндеті, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту шаралары жүзеге асырылуда.

Лениннің идеялары өмір сүріп жеңуде. Ленинизм барған сайын жаңа жеңістерге жетуде. Жыйырманшы ғасыр — ленинизмнің салтанат құру ғасыры, коммунизмнің толық жеңіске жету ғасыры.

# В. И. Ленин коммунизм құрылысының негізгі мәселелері туралы

С. БАИШЕВ, Ф. ЕЛКИН,

*экономика ғылымдарының кандидаттары*

Владимир Ильич Ленин — барлық еңбекшілердің ұлы көсемі және ұстазы, адамзаттың асқан ойшылы. Оның бүкіл жігері, бүкіл өмірі түгелінен жұмысшы табының ісіне, барлық еңбекшілерді құлдықтан және езгіден азат ету ісіне, ерікті қоғам орнату ісіне арналды. Лениннің есімі батыстан шығысқа дейінгі, оңтүстіктен солтүстікке дейінгі жаңа, социалистік дүниенің бейнесіне айналды. Жұмысшы табына, оның партиясына тән ұлылық және ерлік қасиеттердің бәрі — батыл айқын ой, қайыспайтын, құрыштай қайтпас ерік, революциялық жігер, бұқараның творчестволық күштеріне шексіз сенгендік, орасан зор ұйымдастырушы данышпандық — мұның бәрі Ленинде түгел болатын.

Ұлы мақсат үшін, революция үшін туған Владимир Ильич Ленин осындай болды және бүкіл жер жүзіндегі адамдардың санасында ол мәңгі-бақи осындай болып қалады. Ленин Совет Одағының Коммунистік партиясының ұлы істерінде, коммунизмге қарай сеніммен алға басып келе жатқан біздің советтік Отанымыздың жаңа табыстарында мәңгі жасауда. Лениндік идеялар дүниежүзілік тарихтың бүкіл барысына ерекше күшті әсер етуде, бұл идеялар бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі еңбекшілердің істерінде, халықтар арасындағы бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы, өсіп ұлғайған халықаралық қозғалыста өмір сүріп жетуде.

\* \* \*

Владимир Ильич Ленин — революциялық ғылымның данышпан теоретигі және шын мәнісіндегі көмеңгері. Оның қаламынан үш мыңнан астам шығармалар (негізгі еңбектері, мақалалар, баяндамалар, сөздер, хаттар және т. б.) шықты. Оның бұл еңбектерінде қоғамдық дамудың неғұрлым өмірлік мәселелері тереңнен баяндалды.

Владимир Ильич Лениннің шығармаларында диалектикалық және тарихи материализмнің, саяси экономияның және ғылыми коммунизмнің барлық түбірлі мәселелері творчестволықпен дамытылды. В. И. Ленин марксизмді дамытып, жаңа, жоғары сатыға көтерді, оны жаңа табыстармен, теориялық қағидалармен және қорытындылармен байытты. Ленинизм — империализмнің және пролетарлық революциялардың заманындағы марксизм. В. И. Лениннің ілімі — орыс және дүние жүзі мәдениетінің ең зор табысы, коммунизм үшін күресте дүниені қайта құрушы қуатты күш.

В. И. Ленин данышпандықпен зерттеп шешкен аса маңызды теориялық проблемалардың санына коммунистік қоғам құрылысының негізгі мәселелері де қосылады. В. И. Лениннің коммунизм туралы ілімі — адамзаттың ілгері басқан жолын жарық сәулемен нұрландырып, еңбек адамдарын қоғамды жаңа, социалистік негізге революциялық жолмен қайта құру күресіне ұмтылдыратын бағыттаушы жарық жұлдыз.

Коммунизм құрылысының негізгі мәселелерін ғылыми дәлелдеуге В. И. Ленин жалпы қоғамдық дамудың заңдылықтарына, әсіресе жаңа

тарихи жағдайда капитализмнің дамуының заңдылықтарына жан-жақты талдау жасау нәтижесінде жетті.

В. И. Ленин марксистер ішінде, асқап зор ғылыми-теориялық міндетті — империализмге терең талдау жасап, оның өсуінің және іріп-шіруінің заңдылықтарын ашуды — өзінің жауапкерлігіне алған ең бірінші марксист болды. В. И. Ленин империализм дегеніміз — капитализмнің соңғы сатысы екенін даусыз дәлелдеді. Империализм дәуірінде капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен өндірістің нәтижелерін капиталистік жеке иемденудің арасындағы қайшылық шегіне жете шиеленіседі; бұқараның қайыршылануы және қаналуы мейлінше ұлғаяды, сол себепті жұмысшы табының ызасы өсіп күшейеді; оны капиталистік өндірістің механизмінің өзі үйретеді, біріктіріп ұйымдастырады; жеке меншікке негізделген капиталистік өндірістік қатнастар қоғамдық өндіргіш күштердің дамуына бөгет жасайтын тікелей кедергіге айналады.

Мұның бәрі сөзсіз мынаған әкеліп соқтырады: «Капиталдың монополиясы, оның өз тұсында және оның қарамағында өскен өндіріс тәсілінің бұғауына айналады. Өндіріс құрал-жабдықтарының орталықтануы және еңбектің қоғамдастырылуы енді өздерінің капиталистік кебенегіне сыймайтын дәрежеге жетеді. Бұл кебенек жарылады. Капиталистік жеке меншіктің құрылтын сағаты соғады. Экспроприаторлар экспроприацияланады» (К. Маркс. «Капитал», I том, 766-бет).

В. И. Лениннің асқан ұлы тарихи еңбегі — оның империализмді жан-жақты және терең зерттеу нәтижесінде, тарих алға қойған: адамзат өзінің дамуында қайда барады? деген сұраққа толық жауап бергендігінде.

В. И. Ленин капиталистік қоғамдық-экономикалық формацияның күні озғанын, ол енді адамзатқа қайыршылық пен құлдықтан басқа, күйзеліс пен азаптан басқа, соғыс пен құрбандықтан басқа, өндіргіш күштерді қыйратып, кері кетіруден басқа ешнәрсе істей алмайтынын, сол себепті ол өзінің сөзсіз құрылтын кезіне жеткенін дәлелдеді.

Бірақ капиталистік формация құрығанмен адамзаттың цивилизациясы құрымайды. Адамзаттың дамуының шегі жоқ. Ол, В. Белинскийдің айтқанындай, «ешуақытта өзіне өзі: тоқта, жетті, енді барар жер жоқ демейді». Нақ осыған байланысты В. И. Ленин өзінің империализмді зерттеулерінде, капитализмнен туатын монополияның өзі капитализмнің өлуі, оның социализмге өтуінің бастамасы екенін талай рет атап көрсетті. Қоғамдық даму заңдарына талдау жасай отырып, В. И. Ленин: капитализм жойылғанмен қоғамның ілгері басуы тоқталмайды, капитализмнің орнына жаңа, коммунистік қоғамдық-экономикалық формация орнайды деген қорытындыға келді.

Оның бұл мәселедегі мінсіз қағидасы мынадай: «Адамзат капитализмнен тікелей тек социализмге ғана, яғни өндіріс-құрал жабдықтарын иемдену ортақ болатын, өнімдер әркімнің жұмысына қарай бөлінетін тәртіпке өте алады. Біздің партияның көздегені бұдан әрі жатыр: социализм сөзсіз бірте-бірте коммунизмге ұласуға тиіс» (Шығармалар, 24-том, қазақшасы, 70-бет).

Империализмнің дамуының заңдылықтарын зерттей отырып, В. И. Ленин коммунизм жеке адамдардың ойдан шығарғаны, қиялы емес, қоғамдық дамудың табиғи, заңды нәтижесі, тарихи сөзсіз құрылтын капитализмнің орнына келетін объективтік қоғамдық-экономикалық құрылыс екенін көрсетті. «Егерде, — деп жазды В. И. Ленин, — капитализмді тарих жуып-шайып, жегідей кеуделп отырмаған болса, капитализмді ешқандай күш жоя алмаған болар еді» (Шығармалар, 24-том, қазақшасы, 425-бет).

Сонымен, В. И. Ленин өзінің империализм мәселелеріне арналған еңбектерінде, біржағынан, капитализмнің сөзсіз құрылтынын, екінші жағынан, коммунистік құрылыстың сөзсіз жеңетінін терең дәлелдеді.

«Коммунизм, — деп жазды В. И. Ленин, — қоғамдық өмірдің мүлде барлық жақтарынан «өсіп шығады», оның өркендері мүлде барлық жерлерде бар... Өмір өз жүлдесін алады. Буржуазия ақылынан адасқанша аласұрып, құтырынып, асыра сілтеп, ақымақтықтар істей берсін, большевиктерден күнілгері өш ала берсін... буржуазия бұлай өткенде тарих бойынша құрып бітуге кіріптар етілген барлық таптардың істегенін істейді. Коммунистер қайткен күнде де болашақ өздеріне тән екенін білуге тиіс...» (Шығармалар, 31-том, қазақшасы, 90-бет).

В. И. Ленин коммунистік әлеуметтік-экономикалық формацияның сөзсіз жеңетінін дәлелдеп қана қоймай, оның үстіне өзінің бүкіл айқын ақыл-ойын, қайнаған жігерін және сарқылмас талантын коммунизмнің түбірлі мәселелерін жан-жақты, ғылыми тексеріп шешуге арнады.

Қ. Маркс пен Ф. Энгельстің теориясын дамытып, байыта келіп, В. И. Ленин коммунизм туралы жүйелі ілім жасап шығарды. Коммунизм, деп көрсетті В. И. Ленин, өндірістік қатнастардың жоғарғы типі болады, онда өндіргіш күштердің шексіз дамый беруіне, адамның шын мәнісінде көркеюіне керекті жағдайлардың бәрі туғызылады.

Коммунистік қоғам немесе коммунизм өзінің дамуында екі фазаны — социализмді және коммунизмді өтеді. Социализм — коммунистік қоғамның бірінші фазасы; онда, помещиктер мен капиталистер өкіметін құлағу жолымен, барлық еңбекшілер қанаудан азат етіледі; экспроприаторларды экспроприациялау жолымен, барлық жұрт үшін өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік тең жойылады; өздерінің қабілетіне қарай еңбек ету барлық адамдарға бірдей міндет болады және барлық еңбекшілер мұның үшін өздерінің еңбегіне қарай өнім алуға тең праволы болады. Коммунизмнің бұл фазасы — В. И. Ленин негізін қалаған социализм — тарихта алғаш рет біздің елімізде жүзеге асырылды. «Біздің советтік қоғамның, — деді кезінде И. В. Сталин, — мынаған қолы жетіп отыр — ол кәзірдің өзінде-ақ социализмді негізінде жүзеге асырды, социалистік құрылысты жасады, яғни марксистердің басқаша айтатынын — коммунизмнің бірінші немесе төменгі фазасын жүзеге асырды» («Ленинизм мәселелері», қазақшасы, 486-бет).

Біздің елімізде социализм еңбекшілердің — жұмысшы табының, шаруалардың және интеллигенцияның ерлік еңбегімен құрылды. Социализм құрылысының демберушісі және ұйымдастырушысы — біздің заманымыздың ақыл-ойы, намысы және ожданы — Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде В. И. Ленин барлық жерде, қоғамдық өмірдің барлық, тіпті бастама өзгерістерінде коммунизмнің өркендерін көрді. Ол коммунизмнің бұл өркендерінің толық жеңетіндігіне берік сеніп, Коммунистік партия басшылық етіп бағыттап отыратын пролетарлық мемлекеттік өкіметтің қолдауымен коммунизмнің өркендері толық коммунизмге ұласатынын, яғни біздің түпкі мақсатымыз — коммунизмнің екінші, жоғарғы фазасы да жүзеге асырылатынын атап көрсетті.

В. И. Ленин коммунистік қоғамға өтудің негізгі жолдарын белгіледі. Бұл қоғамда, социализмге тән негізгі белгілердің бәрі онан әрі дамып, өздерінің жоғарғы сатысына өтеді, онда өндіріс құрал-жабдықтарына біртұтас коммунистік меншік толық үстем болады, онда таптар және тап айырмашылықтары, сол сыяқты ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар біржолата жойылады, онда бүкіл халық шаруашылығы, оның барлық салалары түгелінен жоғары техникаға негізделеді, онда еңбек адамдардың өмірлік керегіне айналып, өнім: «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» дейтін принцип бойынша бөлінеді, онда мәдениет пен ғылым, әдебиет пен искусство өздерінің

толық көркеюіне керекті, шек қойылмаған қолайлы жағдайлардан пайдаланатын болады.

Мұнымен бірге В. И. Ленин коммунизм орнату біржолғы іс емес екенін, оның бірден және қауырт жүзеге асырылмайтынын, оның бірте-бірте орнатылатынын, мұның үшін өндіргіш күштердің дәрежесін, қоғамдық еңбектің өнімділігін арттырып, адамдарға коммунистік тәрбие беруді көздейтін ұзақ даярлық, жасампаздық жұмыс жүргізу керек болатынын әрдайым еске салып келді.

Совет өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ В. И. Ленин Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің барлық күш-жігерін еліміздің өндіргіш күштерін өркендетуге бағыттап отырды.

В. И. Ленин өндіргіш күштерді орналастырудың социалистік принципін, материалдық игіліктерді өндіруші барлық социалистік кәсіпорындарды шикізат қорларына жақындатуды, сөйтіп, даяр өнімдер шығарғанда және оларды тасығанда еңбектің ысрап болуына жол бермеуді, елдің барлық бөлектерінің экономикасын өрге бастыруды көздеп, еңбекті барлық экономикалық аудандарға жоспармен (территориялық) бөлуді, капитализмнен мұраға қалған, халықтар арасындағы іс жүзіндегі экономикалық теңсіздікті жоюды, бізге дұшпан капиталистік қоршаудың болуы себепті социализм елінің қорғаныспаздығын нығайтуды және тағы басқаларын дәлелдеді.

1918 жылдың бас кезінде-ақ В. И. Ленин өзінің даңқты «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» және «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының желісі» деген еңбектерінде, съездер мен конференциялардағы баяндамаларында еліміздің өндіргіш күштерін зерттеудің, оларды мемлекеттің қажетіне, халықтың керектерін қанағаттандыруға пайдаланудың кең программасын берді. Революцияның ең ауыр жылдарында В. И. Ленин Ғылым академиясының Россияның өндіргіш күштерін системамен тексеріп зерттеу туралы ұсынысын қызу қостады. В. И. Ленин еліміздің экономикасын өрге бастырудың біртұтас мемлекеттік жоспарын, бүкіл халық шаруашылығын, ең алдымен өнеркәсіпті социалистік негізде түбірінен қайта құруды, халық шаруашылығының барлық салаларын тиімді орналастыруды, өнеркәсіпті, транспортты және ауыл шаруашылығын электрлендіруді көздейтін жоспарды жасауды талап етті.

В. И. Лениннің осы ережелері мен нұсқауларын бұлжытпай басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия мен Совет мемлекеті еліміздің өндіргіш күштерін өркендету жолында орасан зор жұмысты жүзеге асырды. Мыңдаған совет ғалымдары еліміздің барлық түкпірлеріндегі табиғи байлықтарды зерттеді, мұның нәтижесінде көптеген пайдалы кен байлықтары ашылды. Кейіннен бұл кен ошақтарының негізінде маңдайалды өнеркәсіп орындары: шахталар мен рудниктер, фабрикалар мен заводтар салынды.

Экономикалық дамудың қарқыны және техниканың дәрежесі жағынан біздің еліміз соғысқа дейінгі дәуірдің өзінде барлық капиталистік елдерді әлдеқайда басып озып, дүние жүзінде бірінші орын алды. 1940 жылы еліміздің ірі өнеркәсібі өнімді 1913 жылғыдан 12 есе, ауыр өнеркәсіп 15,5 есе, еліміздің халық шаруашылығының өзегі — машина жасау өндірісі 50 есе көп шығарды және т. б. Ал кәзір біздің өнеркәсібіміз өзінің барлық салаларында өнімді 1940 жылғыдан бірнеше есе көп шығарады.

Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін, сол себепті еліміздің өнеркәсібінің жетекші саласы болып отырған ауыр өнеркәсіп өндіргіш күштерді өркендету туралы лениндік идеялардан ең маңызды орын алады. В. И. Ленин тек ауыр индустрия ғана бүкіл халық шаруашылығының негізі, Совет елінің экономикалық қуатының негізі болып табылатынын талай рет атап көрсетті. «Өндірісті ұлғайту үшін (терминнің дәл мағ-

насында алғанда «қор жыйнау» үшін), — деп жазды В. И. Ленин, — алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру қажет...» (Шығармалар, 2-том, казакшасы, 159-бет).

Біздің Коммунистік партиямыз социализм жолындағы күрес дәуірінде марксизм-ленинизмнің осы бірден-бір дұрыс және ғылыми қағидасын басшылыққа алды; біздің партиямыз кәзірде де, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуірінде, марксизм-ленинизмнің осы практикада сыннан өткен қағидасын басшылыққа алуда.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының тарихи шешімдерінде былай деп атап көрсетілді: «Коммунистік партия машиналы ірі өнеркәсіпті барынша өркендету және елімізді электрлендіру туралы ұлы Лениннің ілімін басшылыққа ала отырып, бүкіл халық шаруашылығының және Отанымыздың мызғымайтын қорғаныс қабілетінің берік негізі, совет халқының әл-ауқатын ұдайы арттырудың қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны онан әрі өрге бастыруды, бұрынғысынша, өзінің басты міндеті деп санайды».

Осы жылғы февральда өткізілген және ССРО-ның 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіткен ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясы ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендетуге ерекше көңіл бөлді. Өнеркәсіпті қаржыландыруға орасан көп сома — 186,6 миллиард сом бөлінді, оның ішінде 163,6 миллиард сом немесе 80 проценттен көбі ауыр өнеркәсіпті өркендетуге арналды.

В. И. Ленин жалпы өнеркәсіпті, әсіресе ауыр өнеркәсіпті өркендетуді елді электрлендіру проблемасымен тығыз байланыстырды, онысыз коммунизм орнату мүлде мүмкін емес деп есептеді. «Коммунизм дегеніміз, — деді В. И. Ленин, — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» (Шығармалар, 31-том, казакшасы, 533-бет).

В. И. Ленин елді электрлендіру ісіне ерекше маңыз берді. Ол елді электрлендірудің біртұтас мемлекеттік жоспарының — ГОЭЛРО жоспарының — жасаушысы, демберушісі және ұйымдастырушысы болды. В. И. Ленин елді электрлендіру деп — тек электр станцияларын салуды ғана емес, бүкіл елдің шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын да, электрлендіру ісімен тікелей немесе жанама байланысты осы күнгі ірі өндірістің техникалық негізіне бірте-бірте көшіруді ұғынды. Бұл лениндік қағиданы негізге ала отырып, біздің мемлекетіміз электр қуатын өндіруді ұлғайтуда, бүкіл елімізде көптеген қуатты электр станцияларын салуда, бұл электр станциялары тек халықты ғана емес, көбінесе қала мен деревняның социалистік кәсіпорындарын электр қуатымен жабдықтауда. Бесінші бесжылдықтың өзінде, Верхне-Свирь, Цемлянск, Өскемен, Мингечаур станциялары сыяқты, қуатты су электр станцияларының іске қосылғанын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Волгадағы, Днепрдегі, Камадағы, Обьтегі, Ертістегі, Ангарадағы аса зор су электр станцияларының құрылысы ойдағыдай жүргізілуде. Бұл құрылыстарды аяқтау бүкіл елімізді онан әрі электрлендіру ісінде алға басқан жаңа зор кадам болады.

Атақты кооператив жоспары—ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құрып, сан миллион шаруаларды коммунизмге қатыстыру жоспары — коммунизм туралы лениндік ілімнің мүшелі бір бөлегі болып табылады. В. И. Ленин ұсақ шаруа шаруашылықтарын, өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншікке, коллективтік жолдастық еңбекке, озат техникаға негізделген ірі коллективтік шаруашылықтарға біріктіруді — шаруаларды тұйықтан шығарып, мұқтаждықтан және кіріптарлықтан құтқарудың тура жолы деп таныды. Нақ осыған байланысты В. И. Ленин 1919 жылдың өзінде былай деді:

«Экономикалық тұрмыс жағдайларын жеңілдетіп, жақсартсақ, тек сонда ғана орта шаруалар коммунистік қоғамда біздің жақта болады.

Егер біз күні ертең 100 мың таңдаулы трактор берсек, оларға керекті бензинді жетістіріп берсек, оларды жүргізетін машинистер берсек (мұның әзір күр қыял екендігін сіздер жақсы білесіздер), онда орта шаруа: «Мен коммунисты жақтаймын» (яғни коммунизм жағындамын) дер еді» (Шығармалар, 29-том, қазақшасы, 206 — 207-беттер).

Лениндік кооператив жоспары негізінде Коммунистік партия ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жүзеге асырды. Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылған ауыл шаруашылығындағы социалистік өзгерістер, И. В. Сталиннің көрсеткеніндей, аса терең революциялық төңкеріс, қоғамның ескі сапалық жайынан жаңа сапалық жайына бір секіріп өткендік, сан миллион шаруалардың тағдырын түбірінен өзгертіп, олар үшін ерікті және бақытты тұрмыс орнатқандық болды.

Лениндік кооператив жоспарын дәйектілікпен жүзеге асыру нәтижесінде ауыл шаруашылығының социалистік системасы жасалды. Кәзір біздің елімізде маңдайалды техникамен қаруланған 90 мыңнан астам ірі колхоз, 9 мың МТС және 5 мың совхоз бар. Еліміздің ауыл шаруашылығында 1,5 миллионнан астам трактор (15 аттың күшімен есептегенде) және комбайн, сол сыяқты басқа көптеген ауылшаруашылық техникасы бар. ССРО-ның ауыл шаруашылығы — дүние жүзіндегі ең ірі, механикаландырылған шаруашылық.

Кәзіргі уақытта Коммунистік партия ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың зор программасын жүзеге асыруда. 1960 жылы елімізде астық өндірісін жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу, ет, тонмай және сүт өндірісін 1954 жылғыдан 2 есе, жұмыртқаны 2,2 есе, жүнді 1,8 есе көбейту міндеті алға қойылып отыр. Бұл зор міндетті орындау, коммунизмнің аса маңызды талаптарының бірі — ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау ісіне орасан зор үлес қосқандық болады.

В. И. Ленин негізін қалаған жұмысшы табы мен шаруалар одағының онан әрі нығаюы — Коммунистік партияның коммунистік құрылыс ісіндегі шын мәнісінде ұлы табысы. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы социалистік құрылыс және Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық сындарға төтеп беріп, өзінің өмірге бейімділік ұлы күшін көрсетті. Кәзір, жұмысшылар мен шаруалар қол ұстасып, социалистік қоғам құрылысын аяқтау және коммунизмге бірте-бірте өту жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан кезде, жұмысшы табы мен шаруалар одағының баға жетпес маңызы онан сайын айқын көрініп отыр. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы пролетариат диктатурасының ең жоғарғы принципі және коммунизм құрылысының аса маңызды шарты болып табылады дейтін лениндік қариданың дұрыстығын өмірдің өзі толық көрсетті.

Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру, қоғамның мүшелері арасында социалистік тәртіпті нығайту, адамдарға коммунистік тәрбие беру, бұрын артта қалған халықтарды коммунистік құрылысқа кеңінен қатыстыру сыяқты аса маңызды мәселелер де Лениннің мәңгі жасайтын еңбектерінде жан-жақты, ғылыми тұрғыдан терең баяндалды.

В. И. Ленин коммунизмді дөрекі, кітапша ұғынуға қарсы батыл күресті. Коммунизмді халық бұқарасы күреспен және еңбекпен орнатады. Еңбек, күрес болмаған жерде коммунизм құруға болмайды, коммунизмді ұғынуға лениндік көзқарас осындай. Сондықтан да, коммунизм дегеніміз — ең алдымен жоғары еңбек өнімділігі, саналы еңбек тәртібі, қоғамдық меншікке ерекше ұқыпты қарау екенін В. И. Ленин талай рет еске салды.

«Еңбек өнімділігін арттыру үшін, — деп жазды В. И. Ленин, — жұмыс істеушілердің баспайдасына емес, олардың «жақындарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни бүтіндей бүкіл қоғамның, әуелі бір социалистік мемлекетке, одан соң Советтік республикалар одағына бірлескен ондаған және жүздеген миллион адамдардың пайдасына түсетін әрбір пұт астықты, көмірді, темірді және бас-

қа өнімдерді сақтау үшін қатардағы жұмысшылардың ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанқиярлық қамқорлығы туған жерде коммунизм басталады» (Шығармалар, 29-том, қазақшасы, 424-бет).

В. И. Ленин, коммунизмнің толық жеңуінің негізі жоғары еңбек өнімділігінде деп үйретті. Коммунизм жеңгенде, жаңа, әлде қайда жоғары, бұрынғы қоғамдық-экономикалық формациялардың, ең алдымен капиталистік формацияның жағдайында болып көрмеген және болуы мүмкін емес жоғары еңбек өнімділігін жасау арқылы жеңеді.

В. И. Ленин еңбек тәртібіне де сондай ерекше маңыз берді. Ол капитализмді, ұсақ буржуазиялық салдыр-салақтықты, енжарлықты және менмендікті — капитализмнің адам санасындағы бұл қарғыс атқан қалдықтарын — жеңу тек қоғамдық, социалистік тәртіп орнатылғанда ғана қамтамасыз және баянды етілетінін талай рет көрсетті.

В. И. Ленин біздің мемлекеттік және шаруашылық аппаратымыздың барлық буындарында тәртіпті нығайта беруді, кәсіпорындарда шаруашылық есеп енгізуді, материалдық ынталандыру принципін қолдануды, халықтың ақшасын қатаң есеппен жұмсауды, жалқауларға және халық дәулетін талан-таражға салушыларға қарсы батыл күресуді талап етті. «Ақшаны ұқыптылықпен, адалдықпен есептеп жұмса, шаруашылықты жүргізгенде үнемшіл бол, жалқау болма, ұрлама, еңбекте қатаң тәртіп сақта» — деп үйретті В. И. Ленин (Шығармалар, 27-том, қазақшасы, 235-бет).

Қоғамдық еңбектің өнімділігін үнемі арттыра беру туралы, қоғамдық тәртіпті нығайту туралы лениндік идеялардың, бұрынғысындай, кәзірде де аса зор өмірлік маңызы бар. Бұл идеяларды басшылыққа ала отырып, еліміздің халықтары коммунизм құрылысында тамаша табыстарға жетті және келешекте де жете бермек.

В. И. Ленин адамдарымызға коммунистік тәрбие беру ісіне көп көңіл бөлді. Ол партия, совет және қоғам ұйымдарының басшыларын совет адамдарын білімді және мәдениетті етіп, рухани байлықтар молшылығын жасау үшін барлық шараларды қолдануға шақырды, үкіметті өз қолдарына алған және жаңа тұрмыс, яғни коммунизм орнатуды тілейтін жұмысшы табы мен шаруалар дүние жүзіндегі ең мәдениетті адамдар болуға тиіс екенін атап көрсетті. Еңбекке, социалистік меншікке нөмкүрайды карауды, әйелді менсінбеуді, дандайсу және менмендік элементтерін, деді В. И. Ленин, тек мәдениет арқылы, коммунистік тәрбие арқылы, ең озат идеяларды енгізу арқылы жойып, тек осы жолмен барлық адамдарды шыншыл және адал, білімді және адамгершіл етіп тәрбиелеуге болады.

Біздің еліміздегі коммунистік құрылыс практикасы бұл лениндік қағидалардың дұрыстығын толық дәлелдеді. Біздің даңқты Коммунистік партиямыздың мәдениетті өркендету, адамдарға коммунистік тәрбие беру жолындағы қызметі тамаша жемістер берді және беруде.

В. И. Ленин бұрын артта қалған халықтардың коммунизмге өтуі туралы ұлы идеяны дәлелдеді. Оның бұл туралы мінсіз қағидасы жұртқа мәлім: «...Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады...» (Шығармалар, 31-том, қазақшасы, 243 — 244-беттер).

Орыс жұмысшы табының көмегімен және Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясының тікелей басшылығымен, ортағасырлық қалыптан социализмге өткен қазақ халқы және оның елі — Қазақстан Шығыстың бұрын артта қалған халықтарының капиталистік даму сатысына соқпастан, коммунизмге өтуінің айқын және дәлелді мысалы болып табылады.



Қазақстан кәзір коммунизмнің Шығыстағы алдыңғы қатарлы қамалдарының бірі болып отыр. Қазақ ССР — қуатты социалистік өнеркәсібі бар, механикаландырылған ірі социалистік ауыл шаруашылығы және жан-жақты өркендеген, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті бар гүлденген советтік республика. Кәзір Қазақстанда 30 мыңдай өнеркәсіп орындары, үш мың ірі колхоз, 600-ден астам совхоз және 400 МТС, барлық түрінен он мың мектеп бар.

Қазақстанның өндіргіш күштері онан әрі, орасан кең өрістеп, өркендеуде. Данышпан Коммунистік партияның еркі бойынша миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлер игерілуде, қуатты астық және мал совхоздары құрылуда, ауыр өнеркәсіптің ірі-ірі кәсіпорындары, темір жолдар мен тас жолдар салынуда, республиканың ауыл шаруашылығы ең жана техникамен жабдықталуда.

Мұның бәрі — коммунизм туралы лениндік ілімді жүзеге асырудың нәтижесі, қоғамдық өмірдің ең күрделі мәселелерінің бірі — ұлт мәселесін дұрыс шешуге дүниежүзілік тарихта алғаш рет жол ашқан Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатының нәтижесі.

\* \*

\*

«Социалистік қайта құрылыстарды бастай отырып, — деді В. И. Ленин, — біз өзіміздің алдымызға түбінде осы қайта құрылыстар арналған мақсатты, атап айтқанда, фабрикаларды, заводтарды, жерді және өндіріс құрал-жабдықтарын экспроприациялаумен ғана тынбай, өнімдерді өндіру, бөлу ісін қатаң түрде есепке алумен, бақылаумен ғана тынбай, онан әрірек баратын: әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай, деген принципті жүзеге асыруға дейін баратын коммунистік қоғамды құру мақсатын айқын қоюға тиіспіз» (Шығармалар, 27-том, қазақшасы, 114-бет).

Бұл мақсат — коммунистік қоғам орнату мақсаты — ССРО-да қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында жасалған орасан зор социалистік өзгерістердің нәтижесінде іске асып келеді. Біздің еліміз социалистік қоғам құрылысын аяқтау және социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуіріне аяқ басты.

Социалистік қоғам құрылысын аяқтап, коммунизмді толық жеңіске жеткізу жолындағы бұл қаһармандық күресте біздің Коммунистік партиямыз бен бүкіл совет халқы, коммунистік қоғам орнатудың жолдары мен құралдары туралы данышпандық пікірлерді білдірген лениндік идеяларды, лениндік қаридаларды бұлжытпай басшылыққа алып отырады.

# Ленинизмнің халықаралық маңызы

Н. ЖАНДІЛДИН,

*философия ғылымдарының кандидаты*

Қандайда болсын теорияның дұрыстығы және өмірлік күші практикада сыналады. Марксизмнің тууына дейін тарихтың өнбойына шығарылып келген көптеген қоғамдық теориялар тек утопия болып қала берді, өйткені олар практикамен, еңбекшілер бұқарасының күресімен байланысты болмады, сондықтан ғылыми теориялар дәрежесіне жете алмады.

Пролетариаттың ұлы ұстаздары Маркс пен Энгельс қана адамзаттың тарихында алғаш рет қоғамдық дамудың заңдарын ашып, утопияға негізделген, социализм туралы әртүрлі ілімдерді ғылымға айналдырды. Олар капитализм антагонистік формациялардың соңғысы болып табылатынын, ол өзіне тән қайшылықтардың шиеленісуі нәтижесінде сөзсіз құрылатынын, капитализмнің орнына жаңа қоғамдық құрылыс — коммунизм орнайтынын дәлелдеді. Маркс пен Энгельс пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік-тарихи ролін — капитализмнің көрін қазушысы және жаңа коммунистік қоғамның орнатушысы екенін — ашты.

Өзінің өмір сүруінің жүз жылдан артық уақыты бойына барлық сындарға төтеп беріп, барған сайын жаңа жеңістерге жетіп отырған марксизмнің бұл данышпандық идеяларын Маркс пен Энгельстің шын берілген және табанды шәкірті — В. И. Ленин барлық жағынан дамытты.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің орнатушысы және данышпан көсемі В. И. Ленин өзінің саяси қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап, марксизмді оппортунистікпен бұрмалауға қарсы рақымсыз күрес жүргізді, жұмысшы табының шын марксистік партиясын құру үшін күресті. Империализм және пролетарлық революциялар заманының тарихи жағдайларының ерекшеліктерін негізге ала отырып, В. И. Ленин революциялық теорияның түбірлі мәселелерін творчестволықпен дамытты, қоғамның даму заңдары туралы ғылымды бүкіл дүниежүзілік-тарихи жаңалықтармен байытты. Ол империализм туралы ілімді жасады, марксизмді социалистік революцияның тұжырымды теориясымен байытты, өзі ұйымдастырған Коммунистік партияны социализм және коммунизм құрылысының ғылыми дәлелденген программасымен қаруландырды.

Марксизм-ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің жұмысшылары және еңбекші бұқарасы 1917 жылғы октябрьде капиталистер мен помещиктер өкіметін құлатып, Совет өкіметін орнатты. Марксизм-ленинизмнің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы социализм орнатудың лениндік жоспарын тарихи қысқа мерзімде ойдағыдай жүзеге асырып, Отанымызды бұрын артта қалған аграрлық елден қуатты индустриялы-колхозды социалистік державаға айналдырды.

«Ленин көрсетіп берген жолмен алға баса отырып, — делінді СОКП Орталық Комитетінің «В. И. Ленинді еске түсіру күні туралы» қаулысында, — партия И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен Отанымыздың халықтарын социализмнің жеңісіне жеткізді. Кәзіргі уақытта социалистік қоғамның өндіргіш күштерін онан әрі қарыштатып

өркендету, совет халқының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру міндеті шешілуде, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуге бағытталған шаралар жүзеге асырылуда».

Социализм орнату мәселелерін шеше отырып, В. И. Ленин Совет мемлекетінің экономикалық қуатының түпкі негізі — ауыр индустрияның шешуші, белгілеуші ролін сан рет атап көрсетті. Ірі өнеркәсіп, деп көрсетті ол, «ресурстарымызды нығайту үшін, социалистік қоғамды орнату үшін керек шын және бірден-бір база» (Шығармалар, 32-том, қазақшасы, 434-бет) болып табылады.

Бұл лениндік нұсқауды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия ауыр индустрияның, ең алдымен, машина жасау өнеркәсібінің күшті қарқынмен өркендеуін қамтамасыз етті. Ауыр индустрияның үздіксіз өркендеуі негізінде жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі және өнеркәсіптің басқа салалары, сол сыяқты социалистік ауыл шаруашылығы өркендеуде.

Ірі өнеркәсіпті, әсіресе ауыр индустрияны үздіксіз және мейлінше өркендету коммунизмнің материалдық-өндірістік базасын жасаудағы басты міндет болып табылады. Алайда, коммунистік құрылыстың міндеттерін тек, еліміздің қуатты социалистік индустриясымен қатар жан-жақты өркендетілген ауыл шаруашылығы болғанда ғана ойдағыдай орындауға болады. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі мықтап өркендету шаралары туралы шешімдері міне осы идеялармен арқауланған. Партия халық шаруашылығының аса маңызды міндетін: таяудағы 5 — 6 жыл ішінде астықтың жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе және онан да арттыру міндетін алға қойды. Ауылшаруашылық өнімінің мұндай қарқынмен өсуі дүние жүзінде бірде-бір елде болған емес. Совет адамдары осы ұлы міндеттерді орындау жолында қажырлықпен еңбек етуде.

Ленинизмнің жеңімпаз идеяларының жанды бейнесі болып отырған жеңген социализм елінің қуатты творчестволық күштері кемеліне келіп өркендеуде. Ұлы Ленин мұнан тіпті 35 жыл бұрын «оқиғалардың барысы халықтарды Россияға — өзіне тартатын ұйтқы деп қарауға үйрететінін» айтты. Совет Одағы көзір, қай уақыттағыдан болса да жоғары дәрежеде бүкіл прогресшіл адамзатты өзіне тартатын ұйтқы, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің мызғымас қамалы болып отыр.

Совет адамдары өздерінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістеріне, ең алдымен, өздерінің коммунизм жолындағы күресіне даңқты Коммунистік партияның басшылық етуі арқасында жетті, өйткені біздің партиямыз өзінің практикалық қызметінде марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын ілімін үнемі басшылыққа алып отырады. «Күмән жоқ, — деді И. В. Сталин, — бұл ғылымнан айнымасақ, бұл құралдан айрылмасақ, онда жұмысымызда табысқа жете бермекпіз» («Ленинизм мәселелері», қазақшасы, 458-бет).

Ленинизм өзінің жаратылысында — интернационалдық ілім. Ленинизм орыс елінде туа тұрса да, оның бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысында терең тамырлары бар, ол бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы күресінің тәжірибесіндегі ең озаттықтың бәрін өзіне жыйнады. Оппортунистер: ленинизм бейнебір, тек Россия үшін маңызы бар ұлттық ілім деп дәлелдеуге тырысты. Жұмысшы табы жауларының бұл байымдауының сұрқиялығын және жалғандығын толық әшкерелей отырып, В. И. Лениннің ісін алға апарушы кемеңгер И. В. Сталин ленинизмнің халықаралық сипатын, ленинизмнің теориясы мен тактикасының негіздері барлық елдердің пролетарлық партияларының қолдануына жарамдылығын және міндеттілігін ерекше күшпен атап көрсетті. Ленинизм — жұмысшы табының революциялық қозғалысы тәжірибесінің қорытылуы, бүкіл дүние жүзіндегі пролетарлық партиялардың теориясы, стратегиясы және такти-

касы. Ленинизм — кәзіргі заманның ғылыми коммунизмі, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің ең жоғарғы табысы, дүниеге ең озат ғылыми көзқарас.

Лениндік ілімнің күші және жеңімпаздығының негізі — оның қоғамның дамуының материалдық керектерін дұрыс көрсетіп, жұмысшы табының түбірлі мүдделерін, бүкіл прогресшіл адамзаттың ойы мен армандарын дұрыс білдіретіндігінде. Ленинизмнің қортындылары мен қағидалары түгелінен жанды өмірге, объективтік дүниенің заңдарын білуге негізделген.

В. И. Лениннің асқан ұлы еңбегі — оның тарихта алғаш рет империализмге данышпандық талдау жасап, оның мейлінше терең қайшылықтарын ашқанында, сөйтіп еңбекшілердің қолына империалистік реакцияға және соғыстар қаупіне қарсы практикалық күрестің ең өткір құралын бергенінде. В. И. Ленин империализм дегеніміз — іріп-шіріп, өліп бара жатқан капитализм екенін, оның қоғамдық прогреске бөгет жасайтын орасан зор кедергіге айналғанын дәлелдеді.

«Жалпы алғанда техниканың, әсіресе қатнас жолдарының орасан зор прогресі, капитал мен банктердің мықтап өсуі, — деп жазды В. И. Ленин, — капитализмнің есейе келіп, құрай бастауына жеткізеді. Капитализмнің мезгілі өтті. Ол адамзаттың дамуына нағыз реакциялық бөгет болып отыр. Ол... халықтарды қырғын соғысқа айдап салушы аттөбеліндей миллиардерлер мен миллионерлердің... құдыретті өктемдігіне келіп тірелді» (Шығармалар, 29-том, қазақшасы, 519-бет).

Тарихтың дамуының кейінгі барысы В. И. Лениннің бұл қағидасын толық дәлелдеді. Экономикалық кризистер тереңдей түсті, оның апаттылығы ұлғая түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін екінші дүниежүзілік соғыс ашылды, ол халықтарды сұраным күйзеліске және ауыр азапқа ұшыратты.

В. И. Ленин империализмді — социалистік революцияның қарсаңы, капитализмнің соңғы сатысы деп сипаттады. Бұл лениндік қортындыны Октябрь социалистік революциясының жеңісі дәлелдеді. Оның нәтижесінде еліміз капитализм системасынан шығып, социалистік қайта құрылым жолына түсті. В. И. Ленин Россияның, капитализм езгісін құлатып, бақытты болашаққа жол салған бірінші ел болғанын мақтан етті. «Біз, — деп жазды ол, — Совет мемлекетін құру ісін бастау, осы арқылы бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын, жаңа таптың, барлық капиталистік елдерде езіліп келген және барлық жерде жана өмірге қарай, буржуазияны жеңуге қарай, пролетариат диктатурасына қарай, адамзатты капитал бұғауынан, империалистік соғыстардан құтқаруға қарай келе жатқан таптың үстемдік ету заманын бастау бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға праволымыз және мақтанамыз да» (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 37-бет).

Ұлы Лениннің данышпандық идеяларының айқын бейнесі болып отырған, біздің елімізде социализмнің жеңуі дүниежүзілік тарихтың бүкіл барысына күшті әсер етті. Еңбекшілердің ерікті, бақытты өмірге жеңіспен жетуінің көрнекі үлгісі бола отырып, бұл жеңіс бүкіл дүние жүзінде езілген бұқараның империализмге қарсы революциялық күресінің күшеюіне орасан зор көмек көрсетті.

В. И. Ленин жаңа елдердің бұдан былай да капитализм системасынан шығып қала беретінін талай рет айтты. «Бірінші большевиктік революция, — деп жазды ол, — жер бетінде алғашқы жүз миллион адамды империалистік соғыстан, империалистік дүниеден алып шықты. Келесі революциялар мұндай соғыстардан, мұндай дүниеден бүкіл адамзатты құтқарады» (Сонда, 40-бет). Ұлы көсемнің бұл данышпандық көрегендігі дәлме-дәл жүзеге асуда. Егер бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде капитализмнің бұғаулары бір жерінен — Россияда үзілсе, екін-

ші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде бұл бұғаулар зор майданда үзілді. Европа халқының жартысына жуығы немесе 300 миллиондай адам, кәзірдің өзінде социализм және демократия лагеріне біржолата қосылды. Істің жәйі Азияда да сондай. Егер Азияның халқы, шамамен айтқанда, 1 миллиард 400 миллиондай болса, бұл халықтың жартысынан аз ғана кемі кәзір халықтық демократия елдерінде өмір сүреді. Олар капитализм лагерінен біржолата шығып, өз елдерінде социализм орнату мақсатын алға қойып отыр. Өзінің тағдырын өз қолына алып, жаңа өмірдің сәулетті сарайын тұрғызып жатқан ұлы қытай халқының бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі империализмнің бүкіл майданына қыйрата соққы берді.

Социалистік лагерь елдерінде берік орныққан халықтық демократия тәртібі, пролетариат диктатурасының міндеттерін атқаратын халықтық өкіметтің мемлекеттік ұйымының жаңа түрі болып табылады. Бұл тәртіптің туып жетуі, капитализмнен социализмге өту дәуірінде пролетариат диктатурасының әртүрлі саяси формалары болуы мүмкін дейтін лениндік қағидалардың дұрыстығын дәлелдейді. «Капитализмнен коммунизмге өту, — деп жазды В. И. Ленин, — әрине, орасан көп, әралуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ: пролетариат диктатурасы болады» (Шығармалар, 25-том, қазақшасы, 428-бет).

Халықтық демократия өзінің мазмұны жағынан — нақтылы тарихи жағдайларда және ең алдымен, Совет Одағы сыяқты қуатты социалистік мемлекет болып отырған жағдайда туған, пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы. Халықтық демократия тәртібін орнату нәтижесінде помещиктер мен капиталистердің үстемдігі жойылып, өкімет билігі жұмысшы табы бастаған халықтың қолына көшеді. Коммунистік партиялар бастаған жұмысшы табы халықтық демократияның басшы және бағыттаушы күші болып табылатындығы бұл өкіметке революциялық мазмұн беріп, халықтық демократия елдерінің социалистік даму жолына тез түсуін қамтамасыз етті.

Халықтық-демократиялық тәртіп жылдарында бұл елдерде жасалған орасан зор экономикалық өзгерістердің нәтижесінде капиталистік өндірістік қатнастар жойылып, өндіргіш күштердің дамуына кең өріс ашылды. 1952 жылдың өзінде өнеркәсіптің социалистік секторының үлес салмағы: Польшада 99,6 процент, Чехословакияда 99, Венгрияда 98, Румынияда 96,5, Болгарияда 99 және Албанияда 99 процент болды. Қытай Халық Республикасында социалистік сектордегі өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы 1954 жылы, шамамен айтқанда, 71 процент болды.

Халықтық демократияның алты европалық елінде 1952 жылдың аяғында өнеркәсіп өндірісі 1937 жылғы дәрежесінен 288 процент асты. Оның қасында капиталистік системаның алты европалық елінде (Франция, Бельгия, Австрия, Голландия, Греция, Люксембург) бұл уақыттың ішінде өнеркәсіп өндірісі небәрі 31 процент өсті. Қытай Халық Республикасында өнеркәсіп орындарының жалпы өнімі 1949 жылғыдан 4,2 еседей, ал өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қосып есептегендегі жалпы өнімі 2,2 есе көбейді.

Капиталистік елдерде болуы мүмкін емес, халықтық демократия елдеріндегі экономиканың мұндай шапшаң қарқынмен өркендеуі «...қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан ілгері дамуы, дамығанда халықтың көпшілігі, онан соң бүкіл халық болып іс жүзінде жаппай қатысатын, нағыз, жедел дамуы тек социализмнен ғана басталады...» (Сонда, 493-бет) дейтін лениндік қағиданың дұрыстығын тағы да дәлелдейді.

Ерікті халықтардың туысқандық семьясы қатарында халықтық демократия елдері Совет Одағының қалтқысыз көмегіне сүйеніп отырып өздерінің коммунистік партияларының басшылығымен, өз елдерінің —эко-

номикасы мен мәдениетін ойдағыдай өркендетуде, социалистік құрылыс жолында сеніммен алға басуда.

Сонымен, екінші дүниежүзілік соғыстың қортындысында, дүниежүзілік капиталистік лагерьмен қатар, басқа, жаңа дүниежүзілік лагерь — демократия және социализм лагері құрылды. Бұл факт екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисі онан әрі тереңдей түскенін, бұл кризис империализмді онан әрі қаусатып бара жатқанын дәлелдейді.

Алайда империалистердің бұл даусыз фактілерге көңісі келмейді, дүние жүзінің халықтары өз тағдырын өздері шешуге, өздері үшін қолайлы деп таныған қоғамдық тәртіптерді орнатуға праволы екенін танығысы келмейді. Империалистер, тарихи сөзсіз құрайтын капитализмді құтқару жолдарын іздейді. Капиталистік елдердің үстем таптары, ең алдымен АҚШ империалистері халықтық демократия елдерінде демократиялық тәртіпті құлатып, капитализмді қайта орнатуды көздейді. Жұмысшылары мен шаруалары жеңген елдерді «азат ету» дейтіндері өздерінің сыртқы саясатының басты мақсаты екенін АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары ашып айтады. Ал «американша бостандықтың» не екенін В. И. Ленин мұнан тіпті 35 жыл бұрын көрсеткен болатын. Американ империалистері, басқа халықтарға өздері уәде ететін «бостандық» және «тәуелсіздік» дейтіндерін, В. И. Лениннің көрсеткеніндей «...барлық американың миллиардерлері олардың елін талап ала алады, қандайда болса дворян-офицер жүгенсіздік істеп, бірнеше жүз процент пайда алу үшін барып тұрған сұрқиялық істер істеуден тартынбайтын арсыз жалдап бола алады» (Шығармалар, 30-том, қазақшасы, 205-бет) деген мағнада түсінеді. Американ империалистері демократиялық лагерь елдерінің халықтарына нақ осындай «бостандық» пен «тәуелсіздік» бергісі келеді.

АҚШ империалистерінің демократиялық лагерь елдеріндегі еңбекшілер өкіметін құлатуды көздейтін сыртқы саясаттағы бұл бағыты жаңа дүниежүзілік соғысты — империализмнің дүниежүзілік үстемдігін қайта орнатуды көздейтін соғысты әзірлеу әрекеттерінің бір саласы болып табылады.

В. И. Лениннің империализм өзінің негізгі сипаты жағынан, «бейбітшілдіктің және бостандық сүйгіштіктің неғұрлым аз болуымен, соғысқұмарлар тобының неғұрлым көп болуымен және барлық жерде өршуімен көзге түседі» деген сөздері кәзір көрегендік болып естіледі. Осы күнгі американың империализмі осы сипатымен — агрессияшылығымен және соғысқұмарлар тобының барлық жерде өршуімен — ерекше көзге түсіп отыр. АҚШ-тың соғысқұмарлық жолға біржолата түскенін американың баспасөзінің өзі де жасырмайды. «Нэйшн» журналы 1953 жылғы декабрьдің өзінде былай деп жазды: «Мирабо бір кезде: Пруссия армиясы бар мемлекет емес, мемлекеті бар армия деген еді. Көптеген американдар соңғы жылдардың саясатында соғыс факторларының және соғыс басшылығының қандай дәрежеде баса көрсетілетінін байқап, біздің елімізде нақ сондай тәртіптің орнатылуынан қауіптенеді. Біздің ұлттық қауіпсіздік ұйымымызды зерттеуші бір ресми топ «әскерилер ұлттық саясат добын қолға түсіріп алып, онымен бүкіл аланды шарлап жүргенін» көрсетті.

Империализм елдері, ең алдымен АҚШ, Англия және Франция күшті қарқынмен жанталаса қарулануда. Оның ішінде АҚШ-та соғыс шығындары мемлекеттік бюджет қаржысының үштен екісіндей болып, соғысқа дейін сол мақсатқа жұмсалған қаржыдан бірнеше есе асып түседі. Американың өнеркәсібінің бүкіл жалпы өнімінің төрттен бір бөлегі дерлік — соғыс қажетіне арналған өнім. Американың империалистері жұртшылықтың пікірін өздеріне қарату насихатын кеңінен жүргізіп, атомдық соғысты бастауға ашықтан-ашық шақыруда.

Мұның бәрі «күш көрсету» саясатын, қысым жасау және бопсалау саясатын жүргізе отырып, Совет Одағының және халықтық демократия

елдерінің халықтарын қорқытуды көздейді. Бірақ бостандық сүйгіш халықтарды ешкім қорқыта алмайды. 1923 жылдың өзінде, жас Совет республикасы халықаралық майданға жаңа шыққан кезде, В. И. Ленин империалистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтарының қорқытпақ болған әрекетіне жауап беріп, былай деді: «Ал егер, буржуазиялық мемлекеттердің өкіл мырзалары, сіздерге: «Біз Россияны сынға түсетін жағдайға қоямыз» деп, бүкіл дүние жүзін хабарландыру ісімен ермек ету керек болса, оған өздеріңіздің қараздарыңызды..., сыяларыңызды шығын ету керек болса, өздеріңіздің проводтарыңыздың және өздеріңіздің радиостанцияларыңыздың жұмысын ауырлату керек болса, онда біз кімді-кім сынға түсетін жағдайға қоятынын әлі көрерміз» (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 212-бет).

Егер Совет Одағы бейбітшілік үшін дәйекті күрес жүргізіп, бейбітшілік ісін қорғап, қару-жарақты азайтуды, атом қаруына және басқа қандайда болсын жаппай қырғын қаруына тыйым салуды талап етіп отырса, бұл тіпті де оның әлсіздігін көрсетпейді. В. М. Молотов жолдас ССРО Жоғарғы Советінің сессиясындағы баяндамасында, Совет Одағы өзінің барлық адам күштерін, өзінің орасан көп материалдық ресурстарын, өзінің барлық сыртқы одақтастарын қосқанда, Америка Құрама Штаттарынан әлсіз емес екенін айтты. Егер екінші дүниежүзілік соғысқа дейін шаруашылықтың социалистік системасында бір ғана ел — Совет Одағы болса, кәзір бұл системада, біртұтас жауынгерлік лагерьге топтасқан бірталай мемлекеттер, оның ішінде ұлы Қытай Халық Республикасы бар. Оның үстіне демократия және социализм лагерін бүкіл дүние жүзінде жүздеген миллион бейбітшіл адамдар қолдап, тілектестік білдіріп отырады.

Сондықтан да Совет Одағы мен халықтық демократия елдері өздерінің күштеріне, өздерінің келешегіне сенеді, олар соғысты керек етпейді, соғысқа қарсы шығады, бейбітшілік ісін табандылықпен қорғайды. Соғысты тек, тарихи сөзсіз құритын империалистік система ғана керек қылады. Өздерінің күштеріне сенбегендік, келешектен қорыққандық империалистерді бейбітшіл мемлекеттерге қарсы қылмыстық агрессиялық соғысты әзірлеуге ұмтылдырады. Буржуазияға дейінгі үстем таптар өздерінің біржолата құруының қарсаңында не істесе, буржуазия да соны істейді. Бірақ күні озған қоғамдық системаны ешқандай соғыс құтқарып қала алмайтынын тарихтың сабақтары айқын дәлелдеп отыр. В. И. Ленин, капиталистер «мықтағанда» жүздеген мың жұмысшылар мен шаруаларды қырып-жою жолымен, белгілі бір елде социализмнің жеңісін кешеуілдеті алатынын, бірақ олар капитализмді құтқарып қала алмайтынын айтты.

Қуатты социализм лагерінің — Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және барлық халықтық демократия елдерінің өмір сүріп өркендеуі — ленинизм идеяларының асқан салтанаты, Лениннің идеялары дүниежүзілік тарихтың барысына орасан зор өзгеріс жасаушылық әсер етіп отырғанын дәлелдейтін айқын айғақ. Бір кезде В. И. Ленин: «...Біздің жолымыз — тура жол, өйткені бұл — ерте ме, кеш пе, басқа елдерде сөзсіз түсетін жол» деген болатын. Біздің еліміз және халықтық демократия елдері түсіп алға басып келе жатқан жол — шын мәнісінде, нағыз прогреске, бейбітшіліктің және демократияның салтанатына бастайтын тура жол екенін дүние жүзінің халықтары айқын көріп, бұған барған сайын көзі жетуде.

Ленинизм — барлық елдердің пролетарлары үшін интернационалдық ілім. Ол халықаралық жұмысшы қозғалысын қоғамдық даму заңдарының білімімен қаруландырады, оған дұрыс бағыт табу күшін береді, оның келешегін айқын көрсетеді, империализмге қарсы күресте оған сенім және қажырлылық береді. Еңбекшілер бұқарасын капиталистік құл-

дыктан азат ету күресінде, халықтар арасындағы бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресте барлық елдер жұмысшы табының марксистік партиялары Лениннің ілімін басшылыққа алып отырады.

Өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген дауыспандық еңбегінде В. И. Ленин мақтан сезімімен: «Коммунистер қайткен күнде де болашақ өздерінікі екенін білуге тиіс» деп жазды. Тарихи дамудың онан кейінгі бүкіл барысы ұлы көсемнің бұл сөздерінің шын мәнісінде көрегендік болғанын дәлелдеді. Еңбекшілердің мүдделері үшін қаһармандық күрес жүргізуі арқасында коммунистік партиялар жүздеген миллион қарапайым адамдардың сеніміне және сүйіспеншілігіне ие болып, дүниежүзілік тарихтың дамуының барысына орасан күшті әсер етуде. Олар, қосып есептегенде 900 миллион халқы бар елдерде басқарушы партиялар болып отыр. Барлық капиталистік елдер мен колония елдерде де барған сайын көптеген қалың бұқара коммунистерге еруде. Соңғы ондаған жылдардың ішінде коммунистік партиялардың санының орасан мықтап өсуі мұны айқын дәлелдейді. Егер 1934 жылы капиталистік елдердің коммунистік партияларының қатарында небәрі 860 мың адам болса, 1954 жылы барлық елдердің коммунистік партияларында, СОКП-ны қосып есептегенде, 25 миллион адам болды.

Коммунистік партиялардың беделі мен ықпалының өсуі — империализм және пролетарлық революциялар заманында тарихи оқиғалардың дамуының барысында туған әбден заңды іс. Коммунистер әрдайым социализм, бейбітшілік жолындағы, халықтардың бостандығы және ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында болып келді және болып отыр. Сондықтан бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері коммунистерді — жалынды патриоттар, халық мүдделерінің ержүрек қорғаушылары, халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы шын күрескерлер деп таныйды.

Ленинизм идеяларының ұлы салтанаты бәрінен де совет халқының бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінде, Совет Одағының Коммунистік партиясының даналық саясатында айқын көрінеді. Біздің партиямыз барлық елдердің коммунистік партиялары үшін ұлы өнеге, творчестволық революциялық ойдың шын мәнісіндегі орталығы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің жігері мен үмітінің қайнар бұлағы болып отыр.

Ленинизмнің жеңімпаз күші — оның идеяларының кәзіргі уақытта сан миллион қарапайым адамдардың ойын билеп, бүкіл прогресшіл адамзаттың империалистік реакцияға қарсы күресінің туы, еңбекшілердің мүдделері үшін бүкіл дүниені қайта құратын заманымыздың қозғаушы күштері болып отырғанында «Лениннің идеялары, — делінді СОКП Орталық Комитетінің «В. И. Ленинді еске түсіру күні туралы» қаулысында, — бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі еңбекшілердің істерінде, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы, демократия мен социализм жолындағы өсіп және нығайып отырған халықаралық қозғалыста өмір сүріп, жеңіп келеді».

Лениннің өмір орнықтырушы ұлы ілімі — жеңімпаз ілім. Марксизм-ленинизмнің туы астында, коммунистік партиялардың басшылығымен бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері өздерінің әділетті ісінің толық салтанат құруына жетеді.



# Дүние жүзінің халықтары атом қаруына тыйым салуды батыл талап етуде

С. ФЕДЮКИН

Атом ядросы қуатының табылып игерілуі, адамзатқа табиғаттың күштерін меңгеріп, жер жүзінде материалдық игіліктердің молшылығын жасаудың бұрын мүмкіндігі болмаған соны жолдарын ашатын жаңа заманның бастамасы болып отыр. Атом қуаты, медицинадан бастап, техникаға және ауыл шаруашылығына дейін сан алуан салаларда адамзатқа қызмет ете алады, ол отынның барлық түрлері орнына қолданылып, жер бетіндегі және әуедегі транспортқа орасан күшті шапшаңдық бере алады, құрылыс ісінде үлкен төңкеріс жасай алады. Қуаттың бұл жаңа түрі адамзатқа оны бейбітшілік мақсаттарға пайдаланудың ұшы-қыйыры жоқ мүмкіндіктерін туғызады.

Атом қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдалануды біздің социалистік державамыз бастады. 1954 жылғы 27 июньде Совет Одағында атомдық электр станциясы пайдалануға тапсырылып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына электр қуатын бере бастады. Өнеркәсіптік турбина алғаш рет көмір және отынның басқа түрлерін жағу есебінен емес, атом қуаты есебінен жұмыс істейтін болды. Атомдық электр станциясын іске қосу атом ядросының қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдаланудағы ілгері басқан нақтылы қадам болды.

Алайда, адамның данышпандығы тапқан жаңалықтар қылмысшылардың қолына түссе, олар халықтарды сұрапыл апаттарға ұшыратуы мүмкін. Атом қуаты алғаш рет, бейбітшілік мақсаттарға емес, ешқандай жазығы жоқ сан мың адамдарды қырғынға ұшыратуға қолданылғаны — АҚШ-тың президенті Трумэннің бұйрығы бойынша, американ ұшқыштары Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбаларын тастағаны бүкіл дүние жүзіне мәлім.

Бұл сұмдық оқиға 1945 жылы болды. Ал кәзір, адамзатты атомдық соғыстың апатына, оның неше түрлі ауыр зардаптарына ұшыратуға әзірлік жасап жатқан империалистер дүние жүзіне тағы да сондай сұрапыл қауіп туғызып отыр.

Американ империалистері жүргізіп отырған «күш көрсету» саясаты соңғы кезде халықаралық қатнастың шиеленісуіне әкеп соқтырды. Еуропада бейбітшілікке қатер туғызатын соғыс топтары құрылды, өте ауыр зардаптары болатын, герман милитаризмін қалпына келтіру саясаты жүргізілуде. Сөйтіп, Еуропаның соғыс майданына айналдырылу қаупі күшеюде. Мұндай соғыс сөзсіз жаңа дүниежүзілік соғысқа ұласар еді. Азия мен Қыйыр Шығыстағы шиеленіскен жағдай да бейбітшіліктің тағдыры үшін зор қауіп туғызады. Кәзір бірсыпра капиталистік елдерде демократиялық лагерь елдеріне қарсы соғыс насихаты жүгенсіздікпен жүргізілуде.

Империалистер атомдық соғысты әзірлеуге ерекше көңіл бөліп отыр. Мұның өзі тегін емес, өйткені термоядролық қару — орасан зор қыйратқыш күші бар, агрессия қаруы. АҚШ-тың, Англияның, Францияның және басқа кейбір батыс мемлекеттерінің империалистік топтары атом қаруын пайдалануға ашықтан-ашық бағыт алып, атом және сутегі бомбаларының запасын көбейтуде.

Бұл агрессиялық бағыт империалистік лагерьдің саяси және әскери қайраткерлерінің көптеген сөздерінен, атомдық соғысты бастауға бағытталған тікелей әрекеттерінен көрініп отыр. Осы жылғы 6 январьда конгреске жолдаған «Елдің жәйі туралы» арнаулы хатында АҚШ президенті Эйзенхауэр: «Біз өзіміздің жер бетіндегі, соғыс-теңіз және соғыс-ауа күштерімізге арнап ядролық қару жасауды онан әрі ұлғайтып, жақсарта беруге тиістіміз» деді. Конгрестің қарауына тапсырылған АҚШ-тың 1955/56 финанс жылына арналған бюджетінің жобасында жаппай қырғын қаруларын — атом және сутегі қаруларын, басқарылатын снарядтарды және басқа сондай қаруларды жасауға айрықша көңіл бөлінеді. Англия мен Францияның премьер-министрлері өздерінің мәлімдемелерінде, соғыс басталған күнде атом және сутегі қаруы қолданылатынын айтты.

Англия және Францияның билеп-төстеуші топтарымен сөз байласқан американ империалистері атомдық соғысты іс жүзінде әзірлеуге кірісті. Өткен жылғы декабрьде Солтүстік Атлантика блогы советінің Париждағы сессиясында бұл блоктың қарулы күштерінің америкалық баскомандышысына атом қаруын қолдану туралы мәселені шешуге право беретін қарар қабылданды. Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак баспасөз конференциясындағы сөзінде Солтүстік Атлантика блогы советінің қарарлары «әскери адамдарға олардың нақ керек ететінін берді. Олар атомдық соғысқа әзірленуге рұқсат беруді талап еткен еді. Оларға бұл рұқсат берілді» деп мәлімдеді.

Атомдық соғысты бастау жоспарларында американ империалистері Англия мен Батыс Германияға ерекше міндет жүктейді. Американ соғыс-құмарлары Британия аралдарын «суға батпайтын авианосец» ретінде пайдаланады, олардың мұнда 40-қа жуық аэродромдары мен базалары бар, олардың кейбіреулері атомдық бомбардировщиктерге арналған. Соғыс өртің тұтандырушылар өздері қайтадан құрып жатқан герман вермахтың да атом қаруымен қаруландырмақ болады. Германияны ремилитарландыру шаралары мен атомдық соғысты заңға үйлестіру әрекеті өзара тығыз байланысты. Мұның өзі — соғысты халықаралық дауларды шешудің бірден-бір құралы деп есептейтін сол «күш көрсету» саясатының нәтижесі.

АҚШ-тың агрессияшыл топтары Европада ғана емес, Азияда да атомдық соғысты әзірлеуге бағыт ұстап отыр. 24 январьда АҚШ президенті Эйзенхауэр конгрестен, «Формозаның және Пескадор аралдарының қауіпсіздігі» дейтінді қамтамасыз ету үшін, яғни Қытай Халық Республикасының ішкі істеріне қарулы күшпен қол сұғу үшін өзіне тиісті уәкілдіктер беруді талап етті. Өкілдер палатасы, ал онан кейін сенат та, президенттің бұл талабын орындауға асығып, «егер оған қажет болса, Формозаны және Пескадор аралдарын қорғау үшін соғыс бастауға» рұқсат етті. Өкілдер палатасының сыртқы істер комиссиясының председателі Ричардс «бұл ауданда нағыз соғыс басталған күнде, белгіленген шаралар сутегі немесе атом қаруын қолдануға ешқандай шек қоймайтынын» түсіндірді.

Тікелей соғыс әзірліктерімен бірге американ империалистері жұртшылықтың пікірін өздеріне аудару насихатын кеңінен жүргізуде. Халықтарды қорқытуға, оларды соғыс күштері алдында тізе бүктіруге ұмтылып, империалистік насихат адамдарға: термоядролық қаруды қолданатын соғыс адамзаттың құруына әкеп соқтырады деген ой түсіруге тырысады. Мәселен, АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес 1953 жылғы 17 сентябрьдің өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымында атом және сутегі қаруының мүмкіндіктерін айта келіп: «Қазір ғалым-физиктер, онан әрі дамытылған жағдайда бұл планетаның бетіндегі қандайда болсын тіршілікті жоя алатын қаруларды тапты» деп мәлімдеді. Осы жылғы марттың басында Англияның оңшыл лейбористерінің лидері Эттли қауымдар палатасында «ядролық соғыс цивилизацияның өзін-өзі құртуы болатынын» айтты.

Империализмді жақтаушылардың газеттері, журналдары, кітапшалары және кітаптары бейнебір «дүние жүзілік цивилизацияның құртыны» туралы даурықпаға көп орын береді.

АҚШ-тың, Батыс Германияның, Англияның, Францияның ең ірі монополиялары өздерінің қылмыстық, құлқыншылық мақсаттары үшін сан миллион адамдарды ойланбастан құрбандық етуге әзір тұрады. Олар тіпті халқы жиі елдердің соғыс майданына айналдырылу қаупінен де шімірікпейді, олар халықтардың тағдырларына мүлде немқұрайды қарайды. Демократиялық лагерь елдерін атом және сутегі бомбаларымен қорқытпақ болатын, монополиялық капиталдың шонжарлары атомдық соғыстың өз елдеріне тигізетін зардаптарымен де есептескісі келмейді.

Фактілер осындай. Бұл фактілер империалистік державалардың билеп-төстеуші топтары термоядролық қаруды қолданатын дүниежүзілік соғысты бастауға бағыт алып отырғанын айқын дәлелдейді. Атомшылардың бұл агрессиялық әзірліктері бүкіл дүние жүзінің халықтарын аса қатты қауіптендіретіні түсінікті, өйткені олар өздеріне қандай қатер туып отырғанын жақсы біледі.

Жер жүзінің барлық елдеріндегі игі ниетті адамдар атомдық соғыс қатеріне қарсы күшті наразылық білдіріп, атом қаруына тыйым салуды батыл талап етуде. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының 18 — 19 январьда Венада өткізілген кең мәжілісі барлық елдердің халықтарын атом қаруын қолдануға қарсы кең қозғалыс ұйымдастыруға шақырды. Венада қабылданған дүние жүзінің халықтарына үндеуде:

«Кейбір үкіметтер кәзіргі уақытта атомдық соғысты бастауға әзірленуде. Олар халықтарды атомдық соғыс болмай қоймайды деп нандыртқысы келеді.

Атом қаруын қолдану сұрапыл қантөгіс соғысқа әкеліп соқтырар еді.

Біз атомдық соғысты бастайтын үкімет өз халқының сенімінен айрылады және оны барлық халықтар айыптайды деп мәлімдейміз.

Біз атомдық соғысты әзірлеп жатқандарға қарсы шығамыз.

Біз барлық елдерде атом қаруының запасын жоюды және оның жасалуын дереу тоқтатуды талап етеміз» делінген.

Бұл сөздерде әртүрлі сенімдегі, әртүрлі ұлтқа жататын, әртүрлі кәсіптегі, бір ниетпен — атомдық соғыс өртін тұтандырушылардың қылмыстық әрекеттеріне біржолата тыйым салып, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау ниетімен — біріккен жүздеген миллион адамдардың қайтпас еркі білдірілді.

Бейбітшілікті және халықтардың қауіпсіздігін қорғау көбінесе халықтардың өздеріне, олардың саналылығына, олардың ұйымшылдығына, олардың күш біріктіріп қыймыл жасауына байланысты. Сталиндік даңқты сөздер кәзір ерекше күшпен естіледі: «Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады және нығаяды. Егер соғыс өртін тұтандырушылар халық бұқарасын өтірікпен шырмай алса, оларды алдай алса және оларды дүниежүзілік жаңа соғысқа қатнастыра алса, онда соғыстың сөзсіз болуы ықтымал». Халықтар соғыс өртін тұтандырушылардың қандайынан болса да күштірек. Бейбітшілікті жақтаушылардың ұйымдасқан қозғалысы осы заманның жеңдірмейтін күшіне айналды. Жаңа дүниежүзілік соғысты әзірлеп жатқан америка империалистерінің агрессиялық жоспарлары жер жүзінің барлық елдерінде халықтардың күшті қарсылығына кездесіп отыр.

Адамзат қоғамының кәзіргі бүкіл дамуы халықтардың атом және сутегі қаруын қолданатын қырғын соғысқа жол бермеуге тиісті болып қана қоймай, бұған күші де жететінін дәлелдейді. «Халықтар жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайтуға жан-тәнімен мүдделі болып отыр, деліңді ССРО Жоғарғы Советінің 1955 жылы 9 февральда қабылдаған Дек-

ларациясында. — Олардың жаңа соғысқа жол бермеуіне толық мүмкіндігі бар, өткені бейбітшіліктің күштері ұдайы өсіп, кәзірдің өзінде агрессия мен соғыс күштерінен анағұрлым қуатты болып отыр».

Бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысын ұлы Совет Одағының халықтары бастап келеді. Халықтық демократия елдері, капиталистік елдердің жүздеген миллион еңбекшілері, бүкіл прогресшіл адамзат Совет Одағымен бірге бейбітшілікті қорғап, атомдық соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы бірауыздылықпен күресуде.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом қаруына тыйым салу туралы тарихи үндеуі соғыс өртін тұтандырушылардың жолындағы орасан зор бөгет болып отыр. Бұл Үндеу — жалпы агрессияны дерексіз жай айыптағандық емес; бұл — халықтар сотының мүмкіндігі болған агрессорды күнілгері айыптауы. Вена үндеуіне қол қойдыру, атомдық соғысты әзірлеуші империалистерге, қандайда болсын басқа соғыс сыяқты, атомдық соғысты да халықтардың жексұрын көретінін қатты сездірудің қуатты құралы болып табылады. 600 миллионнан астам адам қол қойған Стокгольм үндеуі халықтардың талабының күшін 1950 жылдың өзінде айқын көрсетті. Атом бомбасының жақтаушылары жұртшылықтың пікірінде өздерінің ешқандай ісі жоқ сыяқты болып көрінгісі келсе де, олар халықтардың наразылығын елемеуге, өздерінің Корея мен Индо-Қытайдағы авантюраларында атом қаруын қолдануға бата алмады.

Барлық жерде, халықтың барлық топтарында бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы өсуде. Бүкіл дүние жүзінің халықтары, атом бомбасымен қорқытпақ болатын есуастарды тәртіпке шақыруды талап етуде, ал қандай елдің болса да үкіметі мұнымен есептеспей отыра алмайды.

Вена үндеуінің жариялануынан кейін азғана уақыт өтті, бірақ соның өзінде атом қаруына тыйым салу талабына жүздеген миллион адамдар қол қойды. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бұл шақыруына бүкіл дүние жүзінің миллиондаған игі ниетті адамдары қызу үн қосты. Атом бомбаларын тастаудың сұрапыл азаптарын бастан өткізген Жапонияның өзінде Үндеуге 30 миллион адам қол қойды. Италияда, Англияда, Батыс Германияда, Индияда, Индонезияда, Латын Америкасы елдерінде және басқа көптеген елдерде жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, мәдениет және ғылым өкілдері атом қаруына қарсылығын білдірді.

Көптеген бұқаралық ұйымдар, оның ішінде, 80 миллион мүшесі бар Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы, 140 миллион әйелдерді біріктіріп отырған Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы, Демократияшыл жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы және басқа ұйымдар бейбітшілікті қорғау ісіне едәуір үлес қосуда. Барлық елдерде атом қаруына тыйым салуды талап еткен, көп халық қатысқан митингтер мен демонстрациялар өткізілуде. Бейбітшілік үшін күресуші қалың халық бұқарасының творчестволық инициативасы империалистік агрессорларға қарсы күрестің аралуан түрлі формалары мен әдістерін туғызуда. Үндеуге қол қойдыру науқаны империалистік реакция күштерінің кедергілерін жеңіп отырып барлық елдерде ойдағыдай өткізілуде.

Демократия және социализм елдерінде Үндеуге қол қойдыру орасан күшті бірауыздылықпен өткізіліп келеді. Ерікті Қытайда небәрі 35 күннің ішінде Вена үндеуіне 307 миллион еңбекші қол қойды. Демократиялық лагерь елдерінің халықтары агрессорлардың жоспарларын күйретіп, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге берік бел байлаулы.

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері өздерінің бейбітшілікке ұмтылған еркін жанқиярлық еңбегімен тыянақтауда. Румыниялық токарь Константин Василакс Үндеуге қол қойғаннан кейін былай деді: «Мен бұл оқиғаның құрметіне өзімнің станогімде 16 айлық норманы орындадым, кәзір 1991 жылдың есбіне жұмыс істеудемін. Мен атомдық соғысқа тыйым салуды талап ететін Үндеуге қол қойғанда, бұл ісіммен өзіміздің

жаңа өмірімізді және балаларымыздың өмірін қорғайтыныма қатты сенгендікпен қол қойдым».

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің үндеуіне қол қою науқаны Совет Одағында 1 апрельде орасан зор саяси және еңбек өрлеуі үстінде басталды. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, ғылым және искусство қайраткерлері, әртүрлі ұлттардың еркек-әйел азаматтары — барлық совет адамдары Вена үндеуіне, өздерінің патриоттық және интернационалдық борышын толық түсінгендікпен қол қоюда. Үндеуге қол қоюдың барысындағы орасан зор саяси және еңбек өрлеуі совет халқының мызғымас моральдық-саяси бірлігін және Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқанын, Совет мемлекетінің бейбітшілік сыртқы саясатын бірауыздан қолдайтынын, оның бейбітшілікке және жер жүзіндегі барлық халықтардың өзара достығына ұмтылған ниетін дәлелдейді.

Үндеуге қол қоя отырып, совет адамдары өздерінің бейбітшілік ісін сақтап қалуға ұмтылған жалынды талабын, бесінші бесжылдық жоспарды толық және асыра орындау күресіндегі жаңа табыстармен нығайтады. Москваның, Ленинградтың, Киевтің, Бакудың, Куйбышевтің, Сталинградтың, Свердловскінің, Новосибирьскінің және еліміздің басқа өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары, инженерлері, техниктері Үндеуге қол қоя отырып, бейбітшілік вахтасына тұруда. Еңбек өнімділігін арттыруға және өндірістік жоспарларды асыра орындауға міндеттемелер алуда. Социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері көктемгі егіс жұмыстарын үлгілі өткізу үшін, барлық егіс көлемінде мол өнім алу үшін, сөйтіп Совет мемлекетінің шаруашылық және қорғаныс қуатын нығайтуға үлес қосу үшін жарысқа түсуде.

Біздің республикамызда Үндеуге қол қою күшті бірауыздылықпен өткізілуде. Коммунизм құрылысының ерлік істерімен жігерленген Совет Одағының барлық еңбекшілері, оның ішінде Қазақстанның еңбекшілері соғысты тілемейді, олар баянды және ұзақ бейбітшілік үшін күресуде.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом қаруына тыйым салу туралы үндеуін бірауыздан қуаттай отырып, Қазақстанның еңбекшілері Совет мемлекетінің бейбітшілік сыртқы саясатын толық қолдауда және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті жақтаушылардың бәрімен бір ынтымақтастығын білдіруде. Үндеуге қол қоя отырып, Қазақстанның жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының еңбекшілері, ғылым және мәдениет қайраткерлері өздерінің мұнап да күшті жігермен еңбек етуге, Совет Одағының қуатын күннен күнге нығайтып күшейте беруге бел байлағандықтарын мәлімдейді, өйткені: біздің еліміз неғұрлым күшті болса, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік солғұрлым қамтамасыз етілетінін олар жақсы біледі.

«Колхозшылар, — деді Алматы ауданының Ленин атындағы ауыл шаруашылық артелінің колхозшы әйелі А. Шахова Үндеуге қол қоярда, — бәрі бір адамдай болып, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің үндеуін бірауыздан қолдап мақұлдайды. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы біздің алдымызға — ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына мал шаруашылығы өнімін өндіруді мықтап ұлғайту, дәнді, овощ және басқа дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін қойды. Біздің колхоз жүгері егісінің көлемін 300 гектарға жеткізіп ұлғайтуға, әрбір гектардан 55 центнер жүгері дәнін алуға міндеттенді. Сол сыяқты біз әрбір сыйырдан алынатын сүтті 3000 килограмға, әрбір қойдан алынатын жүнді үш жарым килограмға жеткізуге міндеттендік. Бұл міндеттемелерді орындау біздің бейбітшілікті нығайту ісіне қосқан үлссіміз болады».

Совет Одағы — ұлы бейбітшіл держава. Сондықтан бейбітшілікке ұмтылу — ССРО-ның сыртқы саясатының негізі. Жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік үшін дәйекті күрес жүргізу, біздің мем-

текетіміздің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап оның сыртқы саясатының сара жолы болып келеді. Совет мемлекетінің сыртқы саясаттағы алғашқы ісі оның бейбітшілік туралы тарихи декреті болғаны мәлім.

Бейбітшілік және халықаралық ынтымақты нығайту үшін қажырлылықпен күрес жүргізу Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қандайда болсын бір өткінші кезеңі немесе тактикалық әдісі емес. Совет Одағының бейбітшілікке ұмтылуы совет адамдарының өмірлік керектерінен, қоғамымыздың түбірлі және күнбе-күнгі мүдделерінен, оның өзінің материалдық әл-ауқатын неғұрлым тез арттыруға ұмтылған ниетінен туады.

Жаңа соғысты бастауға қарсы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін күресе отырып, Совет Одағы өктемдік, атомдық бопса саясатына өзінің әртүрлі мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруін көздейтін Лениндік саясатын, халықтар арасындағы достық және өзара ұғынысу саясатын қарсы қояды. Оның бұл саясаты ССРО Жоғарғы Советінің 1955 жылғы 9 февральдағы, барлық елдердің халықтары мен парламенттеріне арнаған Декларациясында айқын көрінді. ССРО Жоғарғы Советі басқа елдер парламенттерінің халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтуға бағытталған қандайда болсын қадамдарын шын ниетімен құттықтайтынын білдіріп, парламенттер арасында тікелей байланыс орнатуға, мұнымен бірге бір-біріне парламенттік делегациялар жіберуге шақырды.

Совет мемлекетінің сыртқы саясаты үлкенді-кішілі мемлекеттер арасындағы қатнастың бейбітшілік және жалпы қауіпсіздік мүдделеріне, халықтар арасындағы достық ынтымақты күшейту мүдделеріне сай келетін халықаралық принциптер негізіне құрылуын көздейді.

Совет Одағының бейбітшілікке ұмтылуы, әсіресе, оның қару-жаракты жалпы азайту, атом қаруына тыйым салу жолындағы дәйекті күресінде айқын көрінді. 1946 жылдан бастап Совет үкіметі қару-жаракты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы сан рет нақтылы ұсыныстар жасады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1954 жылғы IX сессиясында Совет Одағы қару-жаракты азайту туралы, жаппай қырғын қаруына тыйым салу туралы халықаралық конвенцияның жобасын әзірлеуді ұсынып, тағы да бейбітшілік инициатива көрсетті.

Оның үстіне Совет үкіметі тағы да мынадай ұсыныс жасады: мемлекеттер өздеріндегі атом және сутегі қаруының запастарын толық жоюға және атом материалдарын тек бейбітшілік мақсаттарға пайдалануға, өздерінің қарулы күштері мен қару-жарактарының санын 1955 жылғы 1 январьдағы мөлшерінен көбейтпеуге, өздерінің соғыс мақсаттарына бюджеттен беретін қаржыларын 1955 жылға арналған бюджет қаржысынан асырмауға, сол сыяқты тиісті қарарлардың орындалуына тыңғылықты халықаралық бақылау қоюға міндеттенетін болсын, деп ұсынды.

Бейбітшілікті және халықтардың қауіпсіздігін қорғау ісінен айнамайтын Совет үкіметі 1955 жылы, қару-жаракты жалпы азайту және атом қаруына тыйым салу мәселелерін қарайтын, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін бүкіл дүниежүзілік конференция шақыруды ұсынды.

Атом және сутегі қаруының барлық түрлері өзінде бола тұрсада, Совет Одағы оған сөзсіз тыйым салуды, ядролық заттың кәзіргі запастарын тек бейбітшілік мақсаттарға пайдалануды үнемі және табандылықпен жақтап келеді. ССРО-дағы атом қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдалану ісіндегі жыйналған тиісті ғылыми-техникалық тәжірибені басқа елдердің пайдалануына беруге, оларға тәжірибе жұмысында, жобалау ісінде, олардың жабдықтар алуына және әрқайсысы бес мың киловатқа дейін жылылық қуаты болатын тәжірибелік атом котелдерін жасауына жан-жақты көмек көрсетуге әзірлік білдірген Совет үкіметінің бұл мәлімдемесі Совет Одағының атом қуатын бейбітшілікпен пайдалану ісінде басқа елдермен ынтымақ жасауға шын ниетімен ұмтылып отырғанын дәлелдейді.

Совет Одағы АҚШ-қа, атом қаруын жасауда емес, атом қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдалану ісінде жарысқа түсуді ұсынады. Алайда Совет Одағының атом және басқа жаппай қырғын қаруларына тыйым салу туралы ұсыныстарының бәрі үнемі АҚШ-тың билеп-төстеуші топтарының қарсылығына кездесе береді. Ал, Совет үкіметінің қару-жарақты жалпы азайтуды және атом қуатын бейбітшілікпен пайдалану саласында халықаралық ынтымақты күшейтуге көмектесуді көздейтін ұсыныстары мен шараларын бүкіл прогресшіл адамзат аса қапағаттанғандықпен қарсы алды. Совет Одағының қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу жолындағы күресін жер жүзінің барлық түкпірлерінде халық ынтымағымен қолдауда.

Біздің ұлы социалистік державамыз соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік жолындағы күресте құрметті орын алып отыр. Совет Одағы — халықтар арасында бейбітшілікті және достықты нығайтудың басты тірегі. Өзінің бейбітшілік жолындағы ардақты күресінде Совет Одағы жалғыз емес. Демократиялық лагерьдің халықтары Совет Одағымен бірге бейбітшілікті сақтау және халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін қажырлылықпен және дәйектілікпен күресуде. Егер екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Совет Одағы бірден-бір социалистік мемлекет болса, кәзір демократиялық лагерьдегі елдердің территориясы жер жүзінің құрғақ территориясының төрттен бір бөлегінен асады, ал халқы жер жүзіндегі халықтың 36 проценті.

Совет Одағының бейбітшілік саясаты оның әлсіздігінің белгісі емес, Совет халқы өзінің күшіне сенеді және «күш көрсету» саясатын жақтаушылардың атомдық бопсасынан қорықпайды. Агрессорларға қыйрата соққы беріп, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу үшін не керек болса, совет халқында соның бәрі бар. «Егер, — деді В. М. Молотов жолдас, — Совет Одағын оның барлық адам күштерімен, орасан зор материалдық ресурстарымен, оның барлық сыртқы достарымен қосып, сонымен қатар бейбітшілік саясатын басқа елдердің халық бұқарасы моральдық және саяси жағынан қолдайтынын ескере отырып, демек, Совет Одағын кәзіргі бар қалпында қандай болса, сол күйінде Америка Құрама Штаттарымен салыстыратын болсақ және, егер бұл елді де жоғарыда айтылған мәліметтердің бәрімен қоса алып қарайтын болсақ, онда Совет Одағы Америка Құрама Штаттарынан әлсіз емес екені айқын болады».

Капиталистік лагерьдегі агрессияшыл күштердің саясаты біздің халықтарымызды абыржыта алмайды. Совет Одағы келешекте де бейбітшіліктің күзетінде болып, өзінің қорғанымпаздығын арттыра береді. Совет халқы Владимир Ильич Лениннің: әрдайым сақ тұрындар, еліміздің қарулы күштерін және қорғанымпаздығын көздің қарашығындай сақтаңдар деген өсиетін бұлжытпай жүзеге асырып отырады.

Совет халқы, демократиялық лагерьдің барлық халықтары өздерінің күштеріне қатты сенеді, өздерін қорғай біледі. Капитал елдеріндегі миллиондаған адамдар олармен күш біріктіріп, қылмыстық агрессияға қарсы күреседі. Ал бұл күш, Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс авантюрасын бастауға батылы барған қандайда болсын жауды талқандап қыйратады. Соғыс шыға қалған күнде дүниежүзілік цивилизация құрымайды, соғыстарды туғызатын және бүкіл адамзатқа қатер туғызатын, күні озып, іріп-шіріген капиталистік система құрылды.

Барлық совет адамдары, жер жүзінің барлық елдеріндегі жүздеген миллион бейбітшілікті жақтаушылар соғыс өртін тұтандырушыларды ауыздықтауға, бейбітшілік ісін қорғап қалуға берік бел байлаған. Олар бейбітшілік жолындағы, халықтардың өмірі және бостандығы жолындағы ұлы шайқаста өздерінің жеңіп шығатынына қатты сенеді, өйткені бұл күресті бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сенімді тірегі — Совет Одағы бастап отыр.

# Коммунизмнің жыршысы

(В. В. Маяковскийдің өлгеніне 25 жыл толуына)

К. КУРОВА,

*филилогия ғылымдарының кандидаты*

Өз шығармаларында туысқан Коммунистік партияны, қуатты совет халқын мадақтаған, заманымыздың аса талантты ақыны Владимир Маяковскийдің есімі мәңгілік есім. Данышпан ақынның шығармалары игі советтік патриотизм идеяларымен және социалистік Отанның жауларына қатал өшпендікпен арқауланған. Ақынның алғашқы жазған өлеңдерінің өзінде-ақ езілген адамға шын жүректен аяныш сезім, қанаушылық құрылысты айыптау, жоғары патриоттық сезім айқын көрінді.

Футуристер тобымен уақтынша жақындасқанына және олардың кейбір қате көзқарастарын қабылдағанына қарамастан, төніп келе жатқан революцияны көрегендікпен болжау, «тозағында» қарапайым адамға тұрмыс кешіру өте қиын болған капиталистік қаланы аяусыз әшкерелеу, буржуазиялық искусствону, моральді, ғылымды батыл айыптау В. В. Маяковскийдің алғашқы шығармаларының мазмұны болды. Ақын шығармаларының идеялық бағыттылығы футуризмнің саяси және эстетикалық негізіне қарама-қарсы болды. Оның әрбір жаңа шығармасында сол кездегі тәртіпті айыптау, буржуазияны қатал сынау, капитализмнің кешікпей құрылатынына сенім үні барған сайын айқынырақ және қаталырақ шырып отырды. Өмірден қол үзген буржуазиялық сотты, ғалымдарды, патшаның заңдары мен полицияны әшкерелеген сатиралық гимн-памфлеттері кең таралды. А. М. Горький жоғары бағалаған «Шалбарлы бұлт» деген поэмасында ол революцияның таяу екендігін берік сеніммен айтты. Автордың айтқанындай, поэманың төрт бөлімінде: «жойылсын сендердің сүйіспеншіліктерің», «жойылсын сендердің искусстволарың», «жойылсын сендердің қоғам құрлыстарың», «жойылсын сендердің діндерің» деген төрт ұран тасталды. Өзінің мазмұны самодержавиемен күреске тікелей шақырған бұл поэмасы В. В. Маяковскийдің сол кез үшін программалық шығармасы болды. Бірінші дүниежүзілік соғысты тұтатқан империалистердің «өгіз тұмсықты тобырлары» туралы ақын ерекше кекті ашуден жазды. Империалистік соғыстың тонаушылық сыйпатын әшкерелейтін «Соғыс және бейбітшілік» деген поэмасын А. М. Горький қатты ұнатты. А. М. Горький жас ақынға үлкен әсер етті.

В. В. Маяковский Ұлы Октябрь социалистік революциясын шаттықпен қарсы алды. В. В. Маяковскийдің революциядан кейінгі алғашқы жылдары жазған шығармаларының мазмұны жеңген пролетариаттың қол жеткен табыстарын мадақтау және мақұлдау болды. Автордың революцияға көзқарасы «менің революциям», «даңқың еселен арта берсін, революция» деген сыяқты сөздермен беріліп отырылады. Бұл сөздерде революцияны сөзсіз мақұлдағандық және бүкіл совет халқымен бірлесіп еңбек етуге даяр екендік атап көрсетіледі. Азамат соғысы мен интервенцияның қатал жылдарында жазылған шығармалары «коммуна еш қашан бағынышты болмайды», «Россияны еш қашан Антанта таптай алмайды» деген берік сеніммен арқауланған.

Ақын ішкі және сыртқы контрреволюцияның халыққа қарсы жоспарларын табандылықпен әшкерелеп отырады. Азамат соғысы кезіндегі ең



бір күрделі шығармасы — «150 миллиондар» поэмасы американ империализмін әшкерелеуге арналған. В. В. Маяковский бір жүз елу миллион совет адамдарының атынан сөйлеп, «тап күресі чемпионатының» мейлінше шиеленісуін суреттейді.

Бүкіл орыс халқын бейнелейтін батыр Иван, империализм лагерінің символы ретінде алынған, сықақты-сатиралық тұрғыдан суреттелген, американдық президенті Вудро Вильсонмен шайқасады. Отанды, Октябрьдің жеңістерін қорғаушы Иванның дүниежүзілік реакцияның атынан шыққан американдық агрессорымен жекпе-жек шайқасы бостандық сүйгіш совет халқының жеңісімен аяқталады. Қаруланған Вильсон «динамит түкіріп, от шашады», күрестің барып тұрған жан түршігерлік формаларын, адамдарды жаппай қырып-жоюдың бактериологиялық қаруды қолдануға дейінгі жауыздық әдістерін қолданады. Жоқ етілуге жақын, орыс батырының сокқысына төтеп бере алмаған Америка президенті өзінің соңғы резервінен — «идеяның улы әскерінен» босқа үміттенеді. Осылайша ақын оқушыны идеологиялық күрестің зор саяси маңызы бар екенін түсінуге алып келеді.

Поэмада суреттелген уақиғалардың хронологиялық тәртібін анықтамай-ақ, автор шығармада «жылдың болған және болмаған шайқастарын жыйнақтаған». Басқаша айтқанда, ақын бүгінгіні талдай отырып, келешекке көз жіберген, американдық империалистеріне тән агрессияшылық бағытты ашып көрсеткен.

«150 миллиондар» поэмасын В. В. Маяковский «РОСТА окноларында» істеп жүрген кезінде жазды. Мұнда ол Коммунистік партия саясатының жалынды үгітшісі және қажымас насихатшысы болды. Ақынның сол кезде жазған өлеңдерінде революцияның жауларына өшпенділік, Қызыл Армияның, бүкіл совет халқының жеңетіндігіне сенім айқын көрінді. Плакаттарға өлеңмен жазылған түсінікшелер интервенттерге қарсы табандылықпен күреске, қажырлы еңбекке шақырды.

Азамат соғысы аяқталып, интервенттер қуылғаннан кейін В. В. Маяковский бүліншілікті жоюға, жас Совет мемлекетінің алғашқы табыстарына көңіл бөледі. Бұл жылдары жазылған өлеңдерінде Курскінің жұмысшылары, алғашқы руданы шығарған шахтерлер, мұнайшылар, ақындар — Совет елін нығайтуға жағдай жасағандардың бәрі мадақталады. Ақын Октябрьдің жеңістерін қорғауға және нығайтуға бағытталған партияның шешімдерін орындауға шақырады. «Жолдастар! Партия мен біріге отырып жұмыс істеңіздер, ешқандай күш сіздерді жеңе алмайды», деп жазды ол.

Социалистік реализм поэзиясының аса ұлы табыстарының бірі, В. В. Маяковский творчасының шыңы — партия және оның көсемі туралы поэма 1924 жылы жазылды. Ақын поэманың бірінші бетіне «Россия Коммунист партиясына арнаймын» деп жазды. Совет әдебиетінің алтын қазнасы болып есептелетін «Владимир Ильич Ленин» поэмасында «жер басқан адамдардың ішінен» ең қарапайымының, орыс революциясы кемеңгерінің образы жасалды. Автор көсемнің халықпен, «миллион басты табымен» біте қайнасқан бірлігін атап көрсетеді. Халықтың революциялық күшіне, оның жеңетіндігіне лениндік сенім айқын көрсетіледі. Поэмада жеке адамның және халықтың тарихтағы ролі проблемасы дұрыс шешілген:

«Ленинге

Қараңғы тап

Сүйеп иегін,

Алды—

Тек

Сонан ғана

Сәуле нұрын:

Халықтың  
Ой, күшімен  
Бөлеп өзін  
Құрыштай  
Таппен бірге  
Өсті Ленин».

В. В. Маяковский революцияның жеңісіндегі еңбекшілер бұқарасының ролін, көсем қызметінің дұрыстығын және даналығын көрсетеді. Көсем және халық тақрыбы партия тақрыбымен тығыз байланысты. Поэмада Коммунистік партияның гимні жасалған, халықтардың азаттық күресіндегі оның шешуші маңызы көрсетілген.


«Партия  
Миллион жандар  
Қол ұстасқан,  
Құрыштай  
Ұжымдасқан  
Күшті өздері  
Партия  
Жұмысшы тап  
Арқауы.  
Партия—  
Біздің істің  
Өшпес нұры.  
Партия—  
Ең бірінші  
Сенімді күш  
Алдамайды,  
Ешуақта  
Сатпайды мені.  
Таптың мыйы,  
Тап ісі,  
Таптың күші,  
Таптың даңқы—  
мәні осы партияның.

Ақын социалистік Отанды жырлауды өзінің негізгі міндетім деп санады. Оның өлеңдерінде социализм құрылысшылары табыстарының дүниежүзілік-тарихи маңызы атап көрсетілді. Совет халқының қол жеткен табыстары капиталистік елдердің билеушілерінде бізге қарсы удай өшпенділік туғызатынын көрсете келіп, В. В. Маяковский өз Отанымыздың қорғанысын нығайтуға, мемлекеттік шекараларды қорғауда қырағылыққа шақырды. Империалистік мемлекеттердегі «құтырынып-аласұрған соғыс даярлығы», бұл совет адамдарын «сергек және қату қарауылға» тұруға міндеттейді деп жазды ақын.

Ақын бейбітшілік үшін күресті, совет үкіметінің бейбітшілік саясатын қорғады және сонымен бірге жауға соққы беруге даяр отыру керектігін еске салып отырды. «Батыста бәрі тыныш» деген өлеңі әлі бүгінгі күнге дей естіледі. Бұл өлеңде Совет Одағының ұстаған бағыты: біз бейбітшілікті талап етеміз, бірақ егер тиіссеніздер біз роталарға топтасуға даярмыз, сонда соғысты бастаушылар өзіне қарсы шыққан біртұтас жұмысшылар майданын көреді деп тұжырымдады.

Коммунистік партияның, Совет үкіметінің бейбітшілік үшін күресі — еш қашанда біздің мемлекетіміздің нашарлығы емес. «Біздің бейбітшілік туралы ұранымыз — әлсіздердің өтініші емес». Егер бізге қарсы соғыс ашса, бүкіл халық «шешуші майданға» аттанады.

3. «Қазақстан Коммунисті» № 4



В. В. Маяковский империалистік лагерге қарсы, ұлттық және колониялық езгіге қарсы өршіп келе жатқан күрестің барысын мұқият бақылап отырды, революцияшыл Қытайдың жеңістері туралы қабарды зор қуанышпен қарсы алды.

«Тарт қолыңды, Қытайдан», «Көңілсіз юмор», «Жақсы өлең» деген өлеңдері қытай халқының ерлік күресіне арналған. Ақын Қытайдан «интервенттер эскадраларының өз елдеріне кетуін» талап етеді, азаттық сүйгіш қытай халқына совет адамдарының достық қатнасын және тілектестігін атап көрсетеді. В. В. Маяковский өз өлеңдерінің бірінде «Біз сіздермен біргеміз, қытайлықтар!» дейді.

Ақын бірнеше рет шетелдерді аралады, бұл саяқаттарының әр қайсысы оған капиталистік мемлекеттердің билеуші топтарын әшкерелеу үшін қызықты материалдар берді. Гуманист-суретші Францияның астанасы — Париждағы әлеуметтік теңсіздікті көріп, оны өз өлеңдерінде суреттеді. Дүниежүзілік реакцияның, адамға қарсы нәсілдік философияның орталығы — империалистік Америка туралы жазған өлеңдері әсіресе наразылық пен ашуға толы. В. В. Маяковский еңбекшілер тұрмысының қайыршылық дәрежеде болуына, колониялық езгіге және барған сайын жаңа территорияларды басып алуға ұмтылуға ашумен қарсылық көрсетеді, АҚШ-тың күйреп бара жатқан, торығушылық мәдениетін сынады. Негрлерді қудалаушылық совет адамын және суретшіні қатты ызаландырады. «Менің Американы ашуым» деген прозалық очеркінде: «Тарихтың таразысы шайқалған кезде 12 миллион негрлер өздерінің 24 миллион салмақты жұдырықтарын таразының қай басына салады, көп нәрсе соған байланысты» деп жазды.

В. В. Маяковскийдің дұрыс көрсеткеніндей, «американдықтар әртүрлі, олардың пролетариатқа жататындары, буржуазияға жататындары болады». АҚШ-тың қарапайым адамдары — еңбекшілер, олар жұмыссыздықтан, қайыршылық пен кедейліктен өзін-өзі өлтіруге дейін барады, ақынның бұларға тебрене жаны ашыды. Сонымен бірге финанс шонжарлары, бизнесмендер, еңбекшілерді қанаушылар туралы өлеңдерді ақын қаһарлы ашумен жазды. Ақын Европа елдерін тонап жатқан «ұсқынсыз» капиталдың образын жасады. В. В. Маяковский АҚШ-тың экономикалық және саяси экспансиясын, американ империализмінің Европа елдерін бағынышты етуге тырысатынын әшкереледі. В. В. Маяковский өзінің жолдан жазған очерктерінде пароходтың бортынан лақтырған бақырға таласып төбелесіп жатқан қайыршы балаларды суреттей келіп, көрегендікпен былай деп жазды: «Егер Европа американдық ақшаның және кез келген басқа ақшаның алдында күрдай жорғалауын қоймаса, бұл қайыршылар менің көз алдымда болашақ Европаның символы болады».

Американ империализмін әшкерелей отырып, ақын А. М. Горькийдің саяси дәстүрін жоғары көтерді. Жалған бостандық туралы көпірме сөздер мен істің шын мәніндегі жағдайға үйлеспейтіндігі кезінде ұлы жазушының көзіне түскен болатын. Міне сондықтан да А. М. Горький: «Сары шайтанның қаласында» тұрғызылған Бостандық статуясы «жасыл тотықпен» қапталған деп сықақ етіп жазған еді. В. В. Маяковский де ол туралы: «Көз жасы аралының түрмелерін артымен жапқан америка қатын-бостандығы факел ұстаған жұдырығымен сермеді» деп мазақ етіп жазды.

Көп миллиондаған совет халқының өкілі шын мәніндегі бостандықтың, бақыттың және еңбектің елі — өз елін есіне алып, ақын Америкадан көргендерінен мынадай қортынды шығарады: «Мен 7000 шақырым алға талпынып келіп едім, ал келген жерім 7 жыл артта болып шықты».

В. В. Маяковский Отанымыздың әртүрлі жерлерінде болды, барлық уақытта да бұл саяқаттар ақынның творчестволық күшін тасытты. Ол барлық жерден де ұлы өзгерістерді байқады, Совет адамдарының қолы

жеткен табыстарына шаттанды. Ақын «Ұлы жұмыстардың қарқынына» қуануға шақырды. Алғашқы коммунистік сембіліктер, осовиахимның жұмысы, заемға жазылу, Днепрогэстің, Кузнецкі металлургия комбинатының құрылысы, көмір мен руда шығару — міне осының бәрі В. В. Маяковскийді толғандырды және оның өлеңдерінде тиісінше бейнеленді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының он жылдығына арналған «Жақсы» деген поэмасында Совет мемлекетінің табыстары ерекше мәнерлі, айқын және шебер көркемдікпен жырланған. Поэманың негізгі идеялық мазмұны совет елін мадақтау, оған жалынды сүйіспеншілік.

Поэмада 1917 жылғы октябрь күндері, қарулы көтеріліс пен онан кейінгі оқиғалардың көріністері есте қаларлықтай етіп баяндалады. Шығарма нәзік лиризммен, Отанымыздың келешектегі табыстарына терең сеніммен арқауланған. Өмір орнықтырушы шабыт, шындық өмірді қуанышпен қабылдау «Жақсы» поэмасында бейнеленген біздің өміріміздің жалпы үнінен, сыйпатынан тұраң. Ақынның: «мен бүкіл жер жүзін дерлік аралап шықтым, өмір де жақсы, өмір сүру де жақсы. Ал біздің жауынгерлік қайнаған өміріміз онан да жақсы» деген қуанышты сөзі мәңгілік есте сақталып, жалпыға бірдей мәлім болды.

Поэмада бүкіл халықты біріктіріп отырған партияның аса ұлы образы ашып көрсетілген. Партия біздің елдің еңбекшілерінің «қатарын құрды, бағыт берді», оған басшылық етті. Шығарманың соңғы тарауларын еліміздің жеңістері туралы, социализм құрылысшыларының жасампаз қызметі мен алғашқы табыстары туралы повесть деп айтуға болады.

Отанға сүйіспеншілік «Советтік паспорт туралы өлеңде» ерекше айқын көрінген. Балға, орақты совет паспортын жоғары көтеріп тұрып, автор ұлы мақтанышпен:

«Көріңдер  
Күндесендер, күйіңдер  
Мен —  
Совет Одағының  
Азаматы» —

лейді.

Ақынның көптеген өлеңдерінің мазмұны халықтың әл-ауқатын көтере беруге, алға қойылған мақсатқа жету үшін табандылықпен еңбек етуге шақыру болып келеді. Село еңбекшілеріне арналған «Егін маршы» деген өлеңінде автор егіннен мол өнім алу үшін күреске шақырады, «Американдықтар таң қалады» деген өлеңі бесжылдықты төрт жылда орындауға арналған. «Кузнецк құрылысы мен Кузнецк адамдары туралы әңгіме» деген өлеңінде В. В. Маяковский еңбек ерлері туралы айта отырып, социализм құрылысының табыстарына сенім білдіреді.

Еліміздің өміріне көңіл қоя үңіле отырып, ақын тек барлық жаңаны, елеуліні ғана жырлап қоймады, сонымен бірге ескіліктің ұсқынсыз қалдықтарын байқап, оны мінеп отыруға, жұмыстары және совет органдарының жұмыстарындағы кемшіліктерді ашып отыруға тырысады. В. В. Маяковскийдің өлеңдерінде моральдық азғандық қылықтар, жастар арасындағы меңдандықтың элементтері, кейбір совет мекемелерінің қызметіндегі бюрократизм қатаң сыналған.

1922 жылы «Известия» газетінде ақынның «Мәжілісқорлар» деген өлеңі басылды. Шындан жұмыс істеудің орнына мәжілісқұмарлыққа салынушыларды әшкерелеген бұл сатиралық шығарманың саяси маңызын В. И. Ленин әбден мақұлдады.

В. В. Маяковский әлде неше рет бюрократизмге қарсы шықты. «Протекция», «Қеңселік әдет», «Қатаң тыйым салынады», «Бюрократида», «Цик зночогі бар жолдастардың көзін кейбіреулер қалай бояйды» және басқа өлеңдерінде кейбір жеке адамдар мен мекемелердің аса зиянды тенденцияларын әшкерелейді. Ақын өзінің бір өлеңінде бізге сын мен өз-

ара сынның керектігін атап көрсетті. «Адамға оттегі, бөлмедегі таза ауа қандай керек болса, бізге сын да сондай керек» деп жазды В. В. Маяковский.

Совет мекемелерінің кейбір басшыларының жұмыс стилін, мекемеден жіберіліп жатқан, келіп түсіп жатқан қағаз тасқындарын сықақтай келіп, автор «жұмысшы табының атты әскерін «қағаз тасқынына» шабуыл жасауға» шақырды, «сынның қоқсықты тазартуына» шақырды. Кейбір өлеңдерінің аттарының өзі В. В. Маяковский-сатириктің көздеген мақсатын байқатады. Мысалы: «Өсекші», «Жарамсақ», «Қорқақ», «Мәймөк», «Бюрократтардың фабрикасы», «Жаңа бастап келе жатқан жарамсақтар үшін жалпы басшылық» және басқалар.

«Комсомольская правда» газетінде істеп жүрген кезінде ақын жаңа, жарастықты тұрмыс орнықтыруға көп күш және творчестволық шабыт жұмсайды. В. В. Маяковский «Молчановтың тастап кеткен сүйіктісіне» деген өлеңінде тұрмыста азғындаудың элементтеріне, жайбарақаттыққа және капиталистік қоршау жағдайында совет адамдарының алдында тұрған міндеттерді ескермеушілікке батыл қарсы шығады. «Әсем өмір бересін», «Маруса уланды» және басқа өлеңдерінде жеке адамдардың нашар қылықтары және моральдық азғындауы сыналады.

«Қандала», «Монша» деген пьесалары мещандықты, бюрократизмді, тоғышарлықты мазақтауға арналған. Бұлардың негізіне өмірде болатын өткір тартыстар алынған. «Қандаланы» бір рет талқылау кезінде автор: «Өмірде әзірге қандалалар бар, мен оларға кешірім жасамаймын» деді. Бұл сөздерде драматургтің негізгі міндеті — социалистік қоғам құрылысына кедергі келтіретіннің бәрін жоюға көмектесу міндеті — атап көрсетілген.

«Монша» пьесасында барлық келістірулер басқармасының бас бастығы, азғындаған бюрократ Победоносковтың кескіні жасалған. Автор Победоносковтың бейнесіндегі екіжүзділік, надандық, бұқараның ролін түсінбеушілік, саяси соқырлық сыяқты қасиеттерді өткірлеп көрсетіп, бұл мәңсәпқорды қатал айыптайды.

\* \* \*

В. В. Маяковскийдің қайтыс болғанына ширек ғасыр өтті, бірақ оның өлеңдері бүгін де «бар дауыспен» естіледі, ол өлеңдермен жасампаз, жеңімпаз совет халқы қаруланған. Тарихи күнді атап өте отырып, өз творчествосына баға берген және совет искусствосының жоғары идеялылығын атап көрсеткен, ақынның ұлы көрегендігін еске түсірмеуге болмайды.

«Мен, —  
алдағы жылдарда  
сәуле төккен —  
Це-ка-ка-ға  
келем де  
тура беттей, —  
Сұғанақ  
сумаңдаған  
сілімтіктер, —  
Бандысын ақынсынған, баса көктей,  
Бар  
Күллі партиялық жүз томымды  
Көгерем —  
Большевиктік парт билеттей!»

Коммунизмнің ұлы жыршысы, заманымыздың тамаша, аса талантты ақыны В. В. Маяковскийдің өткір, шабытты өлеңдері кәзір дүние жүзінің барлық халықтарының тілінде жырлануда.

# Партия тұрмысы

## Колхоз партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын

Е. АНДРЕЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің нұсқаушысы*

Күнбе-күн ұйымдастыру жұмысын жүргізіп отыру — бастауыш партия ұйымдарының қызметіндегі басты міндет. Әсіресе кәзір, партия мен үкімет социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін алға қойып отырғанда, колхоз партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысының ерекше маңызы бар. Ауылшаруашылық өндірісінің дәрежесін арттыру үшін, партияның шешімдеріне атүсті қарауды батыл жойып, колхоз өндірісінің барлық учасоктерінде ұйымдастыру және партиялық-саясат жұмысын мейлінше күшейту керек.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы селолық партия ұйымдарының ұйымдастыру және партиялық-саясат қызметінің мәселелеріне көп көңіл бөлді. Пленумның қаулысында: «Партиялық-саясат жұмысы мақсатты, Партия мен Үкіметтің тапсырмаларын орындауға бағытталған, нақтылы және пәрменді, колхоздың, МТС-тің, совхоздың, бригаданың, ауыл шаруашылығындағы әрбір еңбекшінің міндеттерімен тығыз байланысты болуға тиіс» деп көрсетілді. Бұл нұсқау селолық партия ұйымдарына бұқарамен байланысты нығайтуды, ұйымдастыру жұмысын күнбе-күн жүргізе отырып, колхоздардағы істің жәйіне белсенділікпен әсер етуді міндеттейді.

Колхоз өндірісін өркендетуге үнемі қамқорлық жасап отыратын партия ұйымдарында негізгі күштер өндірістің шешуші учасоктеріне жыйнақталады, ондай ұйымдарда іскерлік инициатива мейлінше қуатталып, дамытылып отырады, оларда коммунистер елеулі күш болады, шаруашылық әрдайым табыстан табысқа жетіп отырады. Мұны дәлелдеу үшін көптеген мысалдар келтіруге болады.

Ақмола облысы, Атбасар ауданының Ленин атындағы колхозы — ірі шаруашылық. Мемлекеттік акт бойынша колхозға мәңгі пайдалануға 42 мың гектар жер, оның ішінде 18,5 мың гектар егістік жер бекітіп берілді. Алайда колхоздың құнарлы жерлерінің жартысынан көбі ұзақ уақыт бойына тек шөбін шабуға немесе мал жаюға пайдаланылып келді. Солтүстік Қазақстанның жағдайында далалық шабындықтардан орта есеппен гектарына 4 — 5 центнерден пішен алынып келді, яғни астыққа шаққанда, 1,6 — 2 центнер.

Партия ұйымы барлық колхозшылар алдына — барлық егістік жерлерді егін егуге пайдаланып, астықтың жалпы түсімін арттыру, қоғамдық мал шаруашылығы үшін тұрақты жем-шөп базасын жасау, сөйтіп, мұның негізінде бүкіл қоғамдық шаруашылықтың табысын көбейту міндетін қойды.

Ауылшаруашылық артелі тың және тыңайған жерлерді игеруге кірісті. Спасс МТС-ның қуатты техникасының көмегімен колхоз егіс көлемін едәуір ұлғайтты. 1954 жылдың өзінде 7 600 гектар жаңа жер жыртылды. Оның ішінде 3 000 гектардай жерге жаздық дақылдар егілді. Егіс көлемінің ұлғайтылуы, егінің шығымдылығының артуы арқасында колхоз 1954 жылы астықтың жалпы түсімін 100 мың центнерге жеткізді. Астықты, көбінесе бидайды, оwoщты, мал шаруашылығының өнімдерін өткізуден колхоз 5 миллион 204 мың сом табыс алды, яғни алдыңғы жылғыдан 3,5 миллион сом көп.

Ленин атындағы колхоздың мұндай табыстарға жетуіне бастауыш партия ұйымы көп көмектесті. Құрамының аз болуына қарамастан, партия ұйымы колхоз тұрмысының барлық жақтарына едәуір әсер етіп отырады. Коммунистер қоғамдық шаруашылықты онан әрі нығайтудың негізгі мәселелерін артель мүшелері алдына мезгілінде қояды. Партия жыйналыстарында егіс көлемін ұлғайту, егіннің шығымдылығын арттыру, қоғамдық табысты бөлу және басқа сондай мәселелер талқыланады. Коммунистер бригадалармен, алдыңғы қатарлы колхозшылармен тығыз байланыс жасап, олармен жиі-жиі кеңеседі, олардың инициативасын қолдап отырады. Мұның бәрі коммунистердің ролін, колхоздағы істің жәйіне әсерін күшейтеді.

Алматы облысының Мичурин атындағы колхозының даңқы міне бірнеше жыл бойына республикаға жайылуда. Ол дәнді, овощ және жеміс-жидек дақылдарынан тұрақты мол өнім, ақшадай көп табыс алуға, колхоздың мал шаруашылығының өнімділігі үздіксіз артуда. Мұнда өткен жылы ауылшаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарынан 357 центнер дәнді және бұрнақ тұқымдас астық, 1079 центнер картоп, 929 центнер овощ, 28,3 центнер ет және 6 центнер жүн алынды. Колхоздың ақшалай табысы жылдан-жылға көбеюде. Мысалы, колхоз 1947 жылы 2,6 миллион сом табыс алса, 1954 жылы оның табысы 6,8 миллион сомға жетті.

Қоғамдық өндірісті ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымы жетекшілік роль атқарады. Шаруашылық және партиялық-саясат жұмысын дұрыс ұштастыра отырып, іскерлік инициативаны мезгілінде қолдап, мейлінше күшейтіп, партия ұйымы колхозшылардың шын мәнісіндегі ұйымдастырушысы және саяси жетекшісі болып отырады. Партия ұйымы ауылшаруашылық артелінің істеріне, СОКП Уставы бойынша өзіне берілген партиялық бақылау правосы негізінде әсер етеді. Партия ұйымы мен колхоз басқармасы арасындағы қалыптасқан қатнас бойынша, партия ұйымы басқарманың тікелей өз жұмысына араласпайды, ал басқарма коммунистерден бойын аулақ салмайды, қайта оларды өзінің сенімді көмекшілері деп біледі.

Партия ұйымы бүкіл коллективтің күш-жігерін, артельдің бүкіл байлығының негізі болып табылатын қоғамдық меншікті нығайтып модайтта беруге бағыттауды — өзінің басты міндеті деп таныйды.

Колхоз өндірісін жаңаша жоспарлауды ұйымдастыру қоғамдық шаруашылықтың тез өсуіне көп көмектесті. Колхозда ұзақ уақыт бойына жоспарлау мәселелерімен ешкім шұғылданбай келді. Жоспарлау жұмысын іс жүзінде тек жалғыз есепші жүргізетін. Ауылшаруашылық органдарынан мемлекеттік тапсырманы алғаннан кейін ол бақылау цифрлары негізінде, өткен жылдың нәтижелеріне сын көзімен талдау жасамайынша, өндірістік тапсырманы асығыс жасай салатын. Бұл тапсырманың жобасы кейіннен колхоздың басқармасында бекітіліп, жалпы жыйналыста жарияланатын. Бұл жоспар шын өмірден әлде қайда қашық болатын. Сондықтан оған колхозшылар көңіл бөлмейтін, ал колхоздың басшылары жоспарды — практикалық басшылықтан гөрі, есеп беруге керекті ресми іс деп таныйтын.

Партия ұйымы мұндай «жоспарлау» практикасын біржолата жоюға ұйғарды. Жылдық жоспар барлық пайдаланылмаған мүмкіндіктерді есепке ала отырып, барлық колхозшылардың қатысуымен егжей-тегжейлеп жасала бастады. Жаңа жоспарды енгізудің алғашқы жылында көп қыйыншылықтар кездесті. Кейбір колхозшылар өздерінің ойлап белгілеген істерінің жүзеге асуына оншама сенбеді. Оның себебі — колхоздың жоспары іске асарлық бола тұрсада, оны орындауға көп күш жұмсауды керек қылды. Жеке колхозшыларды мезгілінде дұрыс жолға салу үшін коммунистердің большевиктік қажырдылық көрсетуі керек болды. Брига-

далар мен фермаларда коммунистер колхоз жоспары туралы үнемі әңгімелер өткізіп тұруды, социалистік міндеттемелердің орындалуын тексеруді ұйымдастырды, ал әзірліктің және егіс жұмыстарын жүргізудің қортындылары бойынша колхоздың жалпы жыйналысы өткізілді.

Жоспарды жүзеге асыру мұнымен бірге оның кемшіліктерін де ашты. Колхоздың жаңа жоспары сөзсіз ілгері басқандық бола тұрса да, оның мінсіз болып жасалудан әлі де қашық жатқаны көрінді. Өнім шығарудың жоспарлы тапсырмаларын бригадалар мен фермаларға тек заттай көрсеткіш бойынша жеткізу тәртібінің ойластырылып белгіленбегені анықталды. Колхоздың ақшалай табысын көбейтуге мұндай практика жеткіліксіз болып шықты. Егіннен мол өнім алу арқылы колхоздың ақшалай көп табысты болуын қамтамасыз ету үшін алынған өнімді ұқыптылықпен сақтап, тиімді өткізу қажет.

Коммунистердің ұсынысы бойынша, өндірістік бригадаларға берілетін, өнім алудың жоспар-тапсырмасына екінші ақшалай көрсеткіш енгізілді. Ал материалдық ынталандыру ретінде, жалпы жыйналыстың қаулысы бойынша, егіннің шығымдылығының және ақшалай табыстың жоспарлы тапсырмаларын асыра орындаған бригадаларға, заттай қосымша ақшадан тыс, белгіленген жоспардан тыс алынған ақшалай табыстың жалпы сомасынан 15—20 процент үлес берілетін болды. Кейінгі жылдардың тәжірибесінде көрінгеніндей, жоспарға мұндай түзету енгізу өте орынды болды. Мұның өзі колхозшыларды егіннен мол өнім алып қана қоймай, оны ұқыптылықпен сақтауға, артельдің ақшасын қатаң есепке алып отыруға ұмтылдырды.

Быйылғы жылдың февраль-март айларында колхоздың басқармасы мен партия ұйымы мамандармен, ғылыми қызметкерлермен және колхоз активімен бірге, колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетудің 1955—1960 жылдарға арналған жоспарын жасады. Бұл жылдардың ішінде астық өндіруді екі еседен аса, жүгері өндіруді 15 есе арттыру көзделеді. Колхозға бекітіп берілген жерлердің әрбір 100 гектарынан артель 1960 жылы өткен жылғы 28,3 центнер орнына, кемінде, 72,4 центнер ет алуға тиіс. Әрбір 100 гектар жерден алынатын сүт 128 центнерден 406 центнерге, жүн 6 центнерден 29,6 центнерге жеткізілуге, шошқа етін өндіру 5 есе көбейтілуге тиіс. Әрбір сыйырдан орта есеппен 4 500 литр сүт алынуға тиіс.

Қоғамдық шаруашылықты жоспарлау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыра отырып, партия ұйымы колхозшылардың творчестволық инициативасын жұмылдырып отыру СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерін бұлжытпай жүзеге асыруға және бүкілхалықтық міндеттердің толық орындалуына жағдай жасайтындығын негізге алды. Бұл жағдай СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы» қаулысында атап көрсетілген. Мичурин атындағы колхоздың белгілеген шаралары бір мақсатты — жер байлықтарын жақсы пайдалануды, өнімдерді өндіруді және мемлекетке өткізуді арттыру үшін ішкі резервтерді жұмылдыруды көздейді.

Колхоздың қоғамдық шаруашылығының өсуі арқасында колхоз еңбеккүнінің бағасы едәуір артады. 1960 жылы колхозшылар әрбір еңбеккүнге, шамамен айтқанда, 19 сом ақша, 1 килограмм астық, 3 килограмм картоп, 1 килограмм овощ және 4,5 килограмм пішен алатын болады.

Коммунистердің бастауымен колхозда еңбекті көп керек ететін жұмыстар кеңінен механикаландырылды. 1947 жылдың өзінде салынған колхоз су электр станциясы бұған техникалық негіз болды. Алғашқы кезде станцияның электр қуаты көбінесе, өндірістік мақсаттарға емес, колхозшылардың тұрмыс қажетін өтеуге пайдаланылды. Коммунистер мұны түзетуге ұйғарды. Мұнан кейін станцияның электр қуатын көбінесе товар-



лы сүт фермасы пайдалана бастады. Мұнда аспалы жол жасалды, сы-  
йырларды электр агрегатпен сауу енгізілді, қаймақ айыру, жем-шөпті  
турау, кең тасу жұмыстары механикаландырылды.

Коммунистер ұқыпсыздыққа, ысырапқа қарсы батыл күрес жүргіз-  
ді, еңбеккүндерін, материалдарды және ақшаны үнемдеп жұмсау-  
дың қатаң тәртібін орнатты. Мұның үшін басқарма аппараты қысқарты-  
лды. Еңбеккүндердің есептеп жазылуына, жұмыс уақытының пайдала-  
нылуына қоғамдық бақылау қойылды.

Қолхоз шаруашылығының негізгі салаларының бірі — қоғамдық мал  
шаруашылығы. Өткен жылы онан біржарым миллион сомнан астам та-  
быс алынды, мұның жартысына жуығын товарлы сүт фермасы берді.

Қолхоз өзінің мал шаруашылығын өркендетудегі табыстарына бас-  
тауыш партия ұйымының малшылар арасында ұйымдастыру және партия-  
лық-саясат жұмысын кеңінен жүргізуі арқасында жетті. Партия ұйымы  
товарлы сүт фермасын іскер, өз ісін жақсы білетін және сүйсініп істей-  
тін қызметкерлермен нығайтты, олардың өсуіне және тұрмысына қам-  
қорлық жасап отырады. Фермада 5 коммунистен партия тобы құрылды.  
Олардың бәрі де өндірістің шешуші участкаларында істеп, үлгілі жұмыс-  
тың өнегесін көрсетіп отырады.

Қолхоздың қоғамдық шаруашылығында овощ және картоп шаруа-  
шылығы зор орын алады. Ауа райының қандай болуына қарамаст-  
тан, колхоз жылсайын егіннен мол өнім алуда. Соңғы жылдарда  
колхозда картоптың өнімі гектарына 180—190 центнерден, овощы-  
тың өнімі 230—260 центнерден келді. Қолхоз кең көлемді егістен  
мұндай мол өнімді овощ өсіруші тәжірибелі кадрлардың өсіп же-  
тілуі арқасында алды. Олардың ішінде коммунистер жетекшілік роль  
атқарып келеді. Мысалы, коммунистер Сыпченко және Дмитриенко жол-  
дастар міне бірнеше жылдан бері алдыңғы қатарлы овощ бригадалары-  
ның бригадирлері болып жұмыс істейді. Олар — овощ шаруашылығының  
шын мәнісіндегі шеберлері. Бұл жолдастар еліміздің овощ өсірушілері-  
нің озат тәжірибесін көңіл қойып байқап отырады, егіннің шығымдылы-  
ғын арттырудың жаңа жолдарын үнемі іздеуде. Олардың бастауымен  
колхозда картоп, овощ сорттарын сынау жолға қойылды, тұқым себудің  
жергілікті жағдайға сәйкес жаңа нормалары белгіленді, мұның өзі егін-  
нің шығымдылығын едәуір арттырады.

Коммунист Плеханов жолдас кезінде бағалы инициатива көрсетті.  
Өзінің звеносымен бірге ол ерте пісетін овощ дақылдарын өсіруге кіріс-  
ті. Алғашқы жылы бір гектар жерге ерте пісетін капуста отырғызылды.  
Өсімдіктерді шынықтыру, түйіршіктелген тыңайтқыштар енгізу және аг-  
ротехникалық шараларды толық ұштастыра қолдану жолымен звено  
капустадан мол өнім — гектарына 320 центнер капуста алды. Бұл өнімді  
өткізу колхозға 80 мың сомдай табыс келтірді. Қолхоздың басқа звено-  
лары жаңашыл-коммунистің тәжірибесін кең көлемде қолданды.

Мицурин атындағы колхоздың коммунистері осылайша әрбір істе  
жұмыстың әрбір участогінде озат бастамаларға жетекші болып, ұйым-  
дастыру жұмысын еңбек процесіне тікелей қатысумен шебер ұштастырып  
отырады, колхозшыларды көп салалы колхоз шаруашылығын онан әрі  
өркендетуге жұмылдырады.

Алайда кейбір партия ұйымдары өздерінің колхоз өндірісін өркен-  
детудегі ұйымдастырушылық ролін іс жүзінде жүзеге асырып отырмай-  
ды. Бұл жерде Алматы облысы, Шелек ауданының Ворошилов атындағы  
колхозын мысалға алуға болады. Бұл колхоздың құнарлы көп жері бар,  
жұмысшы күшімен қамтамасыз етілген, солай бола тұрса да ол міне бір-  
неше жылдар бойына артта қалып келеді, табысы аз, жоспарлы тапсыр-  
маларды орындамайды.

Мұндай артта қалудың негізгі себебі — еңбек тәртібінің нашарлығында. Жұмыстың қызу кезінде де еңбек етуге жарайтын колхозшылардың небәрі 10 — 12 проценті жұмысқа шығады. Партия ұйымы артельдің мүшелерін қоғамдық еңбекке түгел қатыстыру шараларын қолданбады деуге болмайды. Өткен жылы егін жыйнауға әзірлене отырып, партия ұйымы колхоздағы еңбек тәртібінің жайы туралы мәселені қарап, қаулы алды. Бірақ белгіленген шараларды мезгілінде коммунистердің ұйымдастыру жұмысымен тыянақтауға ешкім қамқорлық жасамады, сөйтіп істің жайы бұрынғы қалпында қала берді.

Еңбекке материалдық ынталылықты күшейту мақсатымен колхозшыларға айналысқан аванс беріп тұруға ұйғарылды. Алайда бұл шара да жүзеге асырылмады. Егін жыйнау аяқталғанға дейін колхозшылар уәде етілген аванстың бірде-біреуін ала алмады. Партия ұйымы мұндай қолайсыз жағдайға ешқандай әсер етпеді.

Колхозшылардың белсенділігін күшейту, оларды еңбекке, өздерінің міндеттеріне саналы қарайтын етіп тәрбиелеу үшін үгітшілер коллективі көп жұмыс істей алатын еді. Бірақ Ворошилов атындағы колхозда егін жұмыстарының қызу кезінде үгітшілердің үні естілмеді. Үгітшілер коллективінде жұмыс жоспары болмады және ол шынында түк жұмыс істемеді. Партия бюросы бұл фактілердің бәрін ескермеді. Ол коммунистердің жұмысқа орналастырылуына, олардың колхозшылар арасындағы жұмысына көңіл бөлмеді. Сондықтан коммунистердің бірсыпырасы бұл ең жауапты маусымда егіннің тағдыры шешілетін жерлерде болмай, әкімшілік жұмыстарда жүрді.

Ворошилов атындағы колхоздың партия ұйымы колхоздың өндіріс жұмыстарына әсер етуден бойын аулақ салды, көпшілік арасындағы ұйымдастыру және партиялық-саясат жұмысын бетімен жіберді.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы коммунистердің, комсомолецтердің және партияда жоқ үгітшілердің бұқара арасындағы ұйымдастырушылық жұмысы адамдарды жұмысты неғұрлым жақсы істеуге ұмтылдыруға, олардың творчестволық инициативасы мен белсенділігін күшейтуге, еңбек тәртібінің онан әрі күшеюіне, белгіленген жоспарларды орындау жолындағы социалистік жарыстың кең өрістеуіне көмектесуге тиіс екенін атап көрсетті. Пленумының бұл нұсқауын күнбе-күн орындап отыру, деревняның еңбекшілерін ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың программасын ойдағыдай жүзеге асыру күресіне бастап, ауыл шаруашылығының еңбекшілері арасындағы ұйымдастыру және партиялық-саясат жұмысын мейлінше күшейту — колхоздардың бастауыш партия ұйымдарының басты міндеті.

# Жергілікті баспасөзге шолу

## Облыстық газеттегі әдебиет сыны және библиография

Коммунистік партияның еңбекшілер бұқарасына идеологиялық тәрбие беруді көздейтін аралуан қызметінде әдебиет сыны мен библиография үлкен орын алады. Әдебиет сыны мен библиография марксизм-ленинизмді насихаттайды, жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның коммунистік саналылығының өсуіне көмектеседі. Сын-библиографиялық мақалалар мен шолуларды жариялай отырып, біздің газеттеріміз оқушыларына әдебиет жаңалықтарын хабарлайды, олардың өздеріне керекті кітапты таңдап алып, оны жақсы түсініп оқуына көмектеседі. Екінші жағынан, кітаптар мен кітапшаларға рецензия жазу, олардағы бағалыға, жаңалыққа терең, принциптік және әділетті талдау жасау, кемшіліктерін сынау баспаларға әдебиеттің сапасын жақсарту жұмысында нақтылы көмек көрсетеді.

В. И. Ленин, Коммунистік партия жоғары идеялы әдебиет сыны мен библиографияға ордайым көп көңіл бөліп келді. Өзінің «Правданың» редакциясына жазған хатында (1913 ж.) В. И. Ленин былай деп көрсетті: «...сіздерде жалпы ақсап отырған әдебиет сыны бөлімін еске алыңдар, ал онысыз «үлкен» газет шығару мүмкін емес» («Лениндік жыйнақ», XXV, 337-бет). Партияның Орталық Комитеті өзінің бірсыпыра шешімдерінде баспасөз және баспа қызметкерлеріне әдебиет сынын мейлінше күшейту керек екенін көрсетіп келді. Партияның Орталық Комитетінің 1940 жылы қабылдаған «Әдебиет сыны және библиография туралы» арнаулы қаулысында әдебиет сыны мен библиография — насихаттын және коммунистік тәрбиенің елеулі құралы деп танылды.

Партияның Орталық Комитеті біздің газеттеріміз бен журналдарымыздың сын және библиография бөлімдерін жақсартудың нақтылы жолдарын көрсетті. Мәселен, республикалық, өлкелік және облыстық газеттердің редакцияларына неғұрлым маңызды әдебиет шығармалары туралы мақалаларды және оқуға ұсынылатын кітаптардың тізімдерін үнемі жариялап отыру, сол сыяқты жергілікті баспалар шығаратын әдебиетке рецензия жазуды ұйымдастыру ұсынылды.

Қазақстанның облыстық газеттері партияның Орталық Комитетінің бұл шешімін қалай орындап келеді, бұл газеттерде сын және библиография бөлімдері қалай беріліп тұрады, редакциялар рецензия жазылатын кітаптар мен кітапшаларды қаншалықты дұрыс іріктеп белгілейді, оларға берілетін бағаның сапасы қандай?

«Актюбинская правда» және «Социалистік жол», «Социалистическая Караганда» және «Советтік Қарағанды», «Прииртышская правда» және «Екпінді» газеттеріндегі әдебиет сыны және библиографиялық материалдармен тапысудың нәтижесінде: сын және библиография бөлімдері бұл газеттердің бәрінде, бола тұрса да, дегенмен бұл бөлімдер идеялық төмен дәрежеде беріледі, кітаптар мен кітапшаларды насихаттауда көп кемшіліктер мен олқылықтар бар деген қортынды шығаруға тура келеді.

«Актюбинская правда» газеті сын библиография материалдарын неғұрлым тұрақты жариялап отырады. Редакция шетелдердің тұрмысына арналған кітаптар туралы «Правданың Пресс-бюросы» мен СОТА жіберетін мақалаларды тоқтаусыз басып отырады. Өткен жыл-

дың соңғы айларында осындай төрт мақала басылды. Бұлардан тыс жергілікті авторлардың — Д. Олдридждің «Дипломат» романы туралы Г. Манерновтың және Ақтөбедегі № 11 мектептің оқытушысы Е. Қоганның «Индия және Пакстан әңгімелері» деген жыйнақ туралы мақалалары жарияланды. Әсіресе екінші мақала қызықты. Онда автор Азияның екі елінің прогресшіл жазушылары суреттеген және өзіне күшті әсер еткен, өмірдегі қарама-қарсылықтар туралы айта білген. Ол жыйнақтағы таңдаулы әңгімелердің көркемдік қасиеттерін де қысқаша, бірақ айқын көрсеткен.

Шетелдердегі прогрестік әдебиетке оқушыларының назарын аударып, редакция маңызды іс істейді. Егер газет Қазақстанда шығарылатын кітаптар мен кітапшаларға да сондай ынтамен рецензия беріп отырса, онда сын және библиография бөлімі жоғары дәрежеде болар еді. Ама не, республикалық баспалар шығарған кітаптарға баға беретін материалдарды «Актюбинская правда» газеті аз басады. Төрт айдың ішінде жергілікті кітаптарға небәрі екі рецензия берілді.

Горький атындағы әдебиет институтының студенті М. Дузенов Қазақ мемлекеттік баспасы шығарған К. Фединнің «Алғашқы қуаныш» деген романының қазақша аудармасының нашар болып шыққанын көп мысалдармен дәлелдеп көрсетті. И. Тананайскийдің «Ақтөбе ферросплав заводындағы көпшілік-саясат жұмысы» деген кітапшасына (Қазақ мемлекеттік баспасы шығарған) Н. Дроньның берген рецензиясы сын көзімен қарамай үстірт жазылған. Автор келтірген фактілерді барынша қайталап, рецензияшы И. Тананайскийдің бұл заводтағы партия ұйымының көпшілік-саясат жұмысының әдістерін ашып көрсетпегенін байқамаған. Ал кітапта көпшілік арасындағы жұмыстың формалары мен әдістерінің егжей-тегжейлеп, нақтылы мысалдар бойынша көрсетілмеуі оның практикалық бағалылығын кемітеді. Н. Дронь тек рецензияның аяғында ғана автордың бір олқылығын көрсетеді.

«Социалистік жол» газетінде әдебиет сыны мен библиография мәселелері тек оқта-текте жазылып тұрады. Өткен жылғы октябрьден быйылғы февральға дейін редакция небәрі екі рецензия: «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерудің тәжірибесі» деп аталған мақалалар жыйнағына және Г. Мүсреповтың «Оянған өлке» романына рецензиялар жариялады.

Рецензияшы Қ. Шаңғытбаев Г. Мүсреповтың еңбегін — Қазақстанда өнеркәсіптің және өнеркәсіп пролетариатының тууы туралы күрделі шығарманы қазақ жазушылары қатарында бірінші болып жазғанын дұрыс көрсетті. Жазушы революцияға дейінгі Қазақстанда патриархтық-феодалдық қатнастардың дағдарысқа ұшырауын, қазақ ауылында тап жігінің айрылуын, қазақ қоғамының нешеме ғасырлық мешеуліктен бірте-бірте арылуын, әсіресе революциялық дауылдардың жақындауын суреттейді. Рецензияшы мұның бәрін дұрыс көрсеткен.

Алайда Қ. Шаңғытбаев банкрот болған капиталист Ушаковтың бейнесіне күманданып, ол кім деп таңданғанда, оның мұнысын қостауға болмайды. Ушаковтың кейде жұмысшылардың жеке талаптарын орындауы рецензияның авторын таңдандырады. «Бірде ол — капиталдың құлы, бұқараның қас жауы, енді бірде ол жұмысшыға жаны ашығыш. Сонымен Ушаков кім болды? Капиталист пе? Демократ па? Романда бұл сұраққа жауап жоқ», — деп жазады рецензияшы.

Бұлай деу дұрыс емес. «Оянған өлке» романынан: Ушаков «жұмысшылардың қорғаушысы» немесе демократ деген қортынды тіпті де тумайды. Ушаковтың іс жүзінде қандай болғанын — жұмысшылардың «қамқоршысы» болғансыйтын құлқыншыл жыртқыш болғанын Г. Мүсрепов тарихи дұрыс көрсетеді.

«Социалистическая Караганда» газетінде әдебиет сыны және библиография тақырыптарындағы мақалалар Совет жазушыларының Бүкіл-

одақтық екінші съезі күндерінде және онан соң жиі шыға бастады. Бұған дейін редакция жаңа кітаптар мен кітапшаларға рецензия беруге өте аз көңіл бөлді.

1954 жылғы декабрьде және 1955 жылғы январьда газетте қазақстандық ақындар — С. Анисимовтың «Ертіс бойы» және В. Гордиенконың «Жолда» деген өлеңдер жыйнақтары туралы мақалалар жарияланды. Рецензияшылар А. Брагин және цемент заводының комсомол комитетінің секретары В. Юрков авторларға тілектестікпен қарайды, мұнымен бірге олардың өлеңдерін талап қойғыштықпен тексереді, жақсы жақтарын ашады, әлсіз жақтарын көрсетеді.

Оқушыларды Галина Николаеваның жаңа шығармасы — «МТС-тің директоры және бас агрономы туралы повестьпен» таныстыра келіп, Г. Исаченко шығарманың саяси маңыздылығын, көркемдік қасиеттерін атап көрсетеді. Бірақ, өзін повестің әлсіз жақтарын да көрсетуге міндетті деп есептегендіктен болса керек, рецензияшы авторды кейде орынсыз кінәлайды. МТС директорының: бас агроном Настя Кобшованың сипаты — көздегеніне жеткіш, шыншыл және табанды болып қалай қалыптасты деген байымдауын келтіріп, В. Исаченко оған повесть берілген жауапты көрсетеді: «Ол аса жақсы семьяда өсті. Оның әкесі — Уралдың атакты болат балқытушысы... ол Уралдың таңдаулы мектептерінің бірінде оқыды және таңдаулы колхоздардың бірінде институттық практика алды. Мінсіз адамдар арасында өсті».

Повестегі баскейіпкердің сипатының қалай қалыптасқанына мұндай анықтама беруді рецензияшы схемашылдық деп атайды. Жақсы семьяда қажырлы, шыншыл сипат қалыптасса, мұнда қандай схемашылдық және шындыққа үйлеспегендік бар?! Бұл орынсыз кінә. Мұндай кінәлау кейбір рецензияшылардың қалайда сын ескертпелер жасау ниетінен туады. Шығарманың шын мәнісіндегі нашар жақтарын көре білмегендіктен, олар кемшіліктерді ойлап шығаруға тырысады.

Сараншахтострой тресінің мәдениет қызметкері М. Зуевтың газетте жарияланған «Сауатсыздықтың уысында» деген хаты көңіл бөлелік. Л. Макеевтің «Советский Қазақстан» журналында (1954 жылғы № 8) өзінің аяқталмаған «Жалындаған шағылдар» деген романынан өңделіп жетілдірілмеген, шала тарауларды бергені хатта қатаң, бірақ көп мысалдар бойынша, әділетті көрсетілген. Романның бұл үзіндісінде, М. Зуевтің дұрыс көрсеткеніндей, сауатсыз, икемсіз тілмен жазылған, орыс тіліне қайшы келетін сорақылықтар мен қателер толып жатыр. Үзіндінің «Басқаның уысында» деген аты да сауатсыздықпен берілген.

«Советтік Қарағанды» газеті жаңа шығармаларға рецензияларды, толық аннотацияларды, ұсынылатын жаңа кітаптардың тізімдерін жиі жариялайды. Алайда әдебиет сыны тақырыптарындағы бұл мақалалардың сапасы төмен. Газетте жарияланған көп рецензиялардың бас кемшілігі — олардың белгілі бір кітаптың немесе кітапшаның мазмұнын ғана беріп, оларға терең талдау жасамайтынында.

Газет өзінің бір номерінде В. Овечкиннің «Колхоз өмірі туралы очерктеріне» рецензия жариялады. Бұл очерктердің өздерінің шындығымен, шындық өмірді нанымды суреттеуімен, жоғары көркемдік шеберлігімен қалың оқушылар жұртшылығына танылғаны мәлім. Ал «Советтік Қарағандының» рецензияшысы, В. Овечкиннің очерктерінің қасиеті тек — «олардың бірсарынды болмауында» деп біледі. Газеттің мұндай ұсынысының оқушыға кітаптың маңызын түсінуге көмектеспейтіні айқын.

«Советтік Қарағандының» редакциясы тағы бір қатеге жол береді — большевиктік баспасөздің бұлжымайтын ережесін өрескел бұзады, — қалың авторлар тобын газет жұмысына тартпайды. Газет сын және библиография бөлімін түгелінен өзінің қызметкері Ш. Шамашевтің міндетіне беріп қойған. Октябрьден февральға дейін жарияланған 6 рецензияның

төртеуін Ш. Шамашев жазған. Бұл дұрыс емес. Редакция тысқарғы актив қатарынан рецензияшыларды жұмысқа кеңінен тартуға тиіс.

«Прииртышская правда» газеті оқушыларын советтік әдебиеттің неғұрлым маңызды жаңалықтарымен үнемі таныстырып отырады. Редакцияның бұл істегі жеделдігі сүйсінерлік. Ленинградтың жас жазушысы Д. Граниннің «Іздеушілер» деген романы «Звезда» журналында жарияланғаннан кейін Іле-Шала газетте М. Шаталиннің рецензиясы шықты. Автор бұл шығарманың жақсы қасиеттерін әділеттілікпен ашып көрсеткен. Амал не, рецензияшы партия комитетінің секретары Борисовтың кеме-ліне келген срекше тұлғасын тек жол жөнекей көрсетіп өтеді. Ал жігерлі ұйымдастырушы партия қызметкерінің образын бергені — Д. Граниннің зор табысы.

Орыс тілінде басылып шыққан авар ақыны Р. Гамзатовтың «Өлеңдер мен поэмалар» деген және Чукотканың алғашқы прозашысы Ю. Рыхтэудің «Біздің жағалаудың адамдары» деген жыйнақтарына арналып, «Кітаптар туралы заметкалар» деген рубрикамен шағын, бірақ қызықты етін жазылған мақалалар берілген.

Редакцияның көпұлттық совет әдебиетінің таңдаулы шығармаларын насихаттап отыруы өте жақсы, бірақ оның Қазақстанда шығарылатын кітаптарға не себепті ешқандай көңіл бөлмейтіні түсініксіз. Бұл — республикамыздың әрбір облыстық газетінің міндеті ғой.

«Прииртышская правда» газетінде кейде үгітшілерге материалдар ретінде ұсынылатын кітаптар туралы мақалалар шығады. Бірақ бұл кейде біржақты беріледі. Республиканың Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік күндерінде Д. Краминовтың «Америкадағы кездесулер» деген очерктері туралы мақаласын бастырғанда рецензияшы И. Теплов, онымен бірге редакция да, бұл очерктерде Америка Құрама Штаттарындағы «сайлаудың» сұрқыялық механикасы, әдіс-айлалары документтер бойынша, айқын және толық көрсетілгендігін ескертуді қажет деп таппаған.

«Екпінді» газеті кітаптарды насихаттауға мүлде көңіл бөлмейді. Жарты жылдың ішінде редакция жергілікті ақындардың өлеңдер жыйнақтары туралы не бәрі екі мақала жариялады. С. Машақовтың «Жылдар» деген жыйнағына рецензия орынсыз мақтап жазылған. С. Машақовтың өлеңдерінде әсерлі күш те, сонылық та жоқ. Көп уақытта онда қарапайым үйлесім де болмайды, ал ырғақ, үйлесімсіз өлең болмайды. Бұл, рецензияның өзінде келтірілген үзінділерден де көрініп отыр.

Рецензияның авторы Ө. Есназаров беталды былай дейді: «Ал ақынның бүгінгі шығармаларының геройлары өмірді жан-жақты түсінетін, максаты мен міндетін де батыл сенім — коммунистік рухта сезінетін жаңа сипатты, терең характерлі өршіл идеяның өкілдері».

Ө. Есназаров өзінің бұл дәріптеуін, ақынның бұрынғы шығармалары, оның ішінде «Баянист» поэмасы оған да нашар еді деп дәлелдеуге тырысады. Рецензияшы поэманың сарыуайымшылдық сарында жазылғанын байқатады. Бір шығармаларының әлсіз жақтарын, басқа шығармаларының оған да төмен сапасымен ақтаудан гөрі, С. Машақовтың ескі және жаңа өлеңдерінің кемшіліктерін турасынан көрсету газеттің оқушылары үшін де, ақынның өзі үшін де анағұрлым жақсы және пайдалырақ болған болар еді.

Газеттің басқа бөлімдеріндегі сыяқты, сын және библиография бөліміндегі материал әралуан формада берілуге тиіс және беруге болады да. Егжей-тегжейлі толық рецензия жазу, жетік оқушының қысқаша бағасын, оқушылар конференцияларындағы айтылған пікірлерді, бір топ оқушылардың коллективтік бағасын беру, шолу мақалалар, ұсынылатын әдебиеттің тізімдерін, оның қысқаша мазмұнын беру — сын-библиография материалдарының негізгі формалары осындай. Тек осы формаларды жан-жақты ұштастырып отырғанда ғана оқушылардың тілегін қанағат-

тандыруға болады. Мұнда сөз болып отырған газеттер бұл формалардың небәрі скеу-үшеуін ғана пайдаланады, сөйтіп өздерінің мүмкіндіктерін, әдебиет сыны және библиографиялық материалдардың тақырыптарын тарылтады.

Саяси және көркем әдебиетке рецензия жазудың зор маңызы бар. Бірақ әдебиеттің тек бұл түрлерімен қанағаттануға болмайды. Коммунистік партия, Совет үкіметі аса маңызды саяси және экономикалық проблемаларды алға қояды, бұл проблемаларды еңбекшілер қалың бұқарасымен бірге практикада шешуде. Партиялық газеттер біздің баспаларымыз шығаратын әралуан түрлі экономикалық әдебиет және көпшілікке арналған басқа әдебиет туралы үндемей қала алама? Әрине қала алмайды және қалмауға тиіс.

Ауыр өнеркәсіп СССР-ның қуатының негізі болып табылатыны мәлім. Ауыр өнеркәсіпті мейлінше өркендету, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін тұтыну заттары өндірісінің өсуінен оздыра өркендету — ұлғаймалы социалистік ұдайы өдірістің экономикалық заңы, біздің партиямыздың сара жолы. Солай бола тұрса да, облыстық газеттер ауыр өнеркәсіп туралы кітаптарға рецензия бермейді деуге болады. Өткен жылы Қазақ мемлекеттік баспасы А. Хавиннің «Қарағанды — СССР-ның үшінші көмір базасы» деген кітабын екінші рет, өңделіп толықтырылған түрінде бастырып шығарды. Бірақ «Социалистическая Қараганда» газетінің бұл кітапқа рецензия беруді қажет деп таппағаны таңданарлық. Бұл газеттер кел жұмысы, өндірістің экономикасы туралы жаңа кітаптарды да насихаттамайды.

Қолхоз ғалымы-практик Т. С. Мальцев жасаған топырақты өңдеудің жаңа системасының ауыл шаруашылығы үшін зор маңызы бар. Бұл жерде сөз болып отырған облыстық газеттер Т. С. Мальцевтің «Ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуға көмектесетін топырақты өңдеу және тұқым себу әдістері туралы» кітапшасының шығуы туралы небәрі он жолдық хабар берді. Ал бұл пайдалы кітапшара егжей-тегжейлі баға берген мақаланы бірде-бір газет басқан жоқ.

Республикалық баспалар егін шаруашылығын, мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне арналған, ауылшаруашылық озаттарының тәжірибесі туралы кітаптар мен кітапшаларды шығарып тұрады. Газеттер бұл әдебиетке рецензиялар беруге міндетті екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Солай бола тұрса да, біз сөз қылған алты газеттен тек «Советтік Қарағанды» ғана Б. Шағыров пен П. Эренбургтың «Қартоп пен оwoщты, бақша дақылдарын шаршы-ұялап және шаршылап егу әдістері» деген кітапшасы туралы мақала және «Социалистік жол» газеті «Қазақстанда тың және тынайған жерлерді игеру тәжірибесі», деген жыйнақ туралы мақала берді.

Көптеген облыстық газеттердің сын және библиография бөлімдері көзiр белгiлi системасыз берiледi, оларда баға берiлуге тиiстi әдебиет белгiлi бiр мақсатпен, ойластырылып белгiленбейдi, қалай болса солай алына салады. Редакциялардың кiтапханалармен, оқушылар активiмен, өнеркәсiп пен ауыл шаруашылығының әртүрлi салаларындағы мамандармен байланысы нашар. Дұрысында олар, бiздiң елiмiзде шығарылатын, ең алдымен республикалық баспалар шығаратын неғұрлым маңызды кiтаптарға әралуан түрде баға беретiн тұрақты авторлар болуға тиiс.

Облыстық газеттердегi сын және библиография бөлімдерін белгiлi жоспармен, үнемі жақсартта беру керек. Газеттегi сын және библиография бөлімі өзiнiң мазмұны жағынан, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттайтын партиялық жауынгер бөлім, қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми, көркем әдебиет шығармаларына принциптік терең талдау жасаудың құралы болуға тиіс.

Ж. ИСМАҒҰЛОВ,  
В. ЧЕРКЕСОВ.

## Жер бетінде тіршілік қалай пайда болды

Журналымыздың бірнеше оқушысы редакциядан Жер бетінде тіршіліктің пайда болуына осы күнгі ғылымның қалай қарайтынын айтып беруді өгінді.

Бұл сұрауға жауап береміз.

Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы туралы, жануарлар мен өсімдіктердің саналуан түрлі болуының себептері туралы мәселеге адамзат ежелден бері назар аударып келеді. Сонау арғы заманда, өндіргіш күштердің дамуы төмен дәрежеде болған, адамдар жануар организмдерінің сапалық ерекшеліктерін әлі білмеген кезде, тіршіліктің табиғаттан тыс пайда болуы туралы түсініктер туды. Ерте заманда көптеген халықтар арасында барлық жануарлар мен өсімдіктердің табиғаттан тыс қарғы күштердің, құдайдың әмірімен жаралуы туралы аңыздар кеңінен таралулы болды. Ерте замандағы ассириялықтардың, вавилондардың, парсылардың және басқа халықтардың ертегілері осындай түсініктерге негізделді. Барлық замандардың діни аңыздарында рухтың бастапқылығы, материяның соңғылығы, материяның бейне бір рухтан туғандығы туралы пікір айқын көрсетіліп отырады.

Өндіргіш күштердің оған әрі өсуі табиғат ғылымдарының дамуына, табиғат туралы білімнің молаюына көмектесті. Микроскопты ойлап шығару адамдарға табиғаттың сырларына терең бойлауға мүмкіндік берді.

XVIII ғасырдан бастап ғалымдар арасында: микроорганизмдер жансыз материядан туа ма немесе олар тек өздеріне ұқсас жанды организмдерден туа ма? деген мәселе даулы болып келді.

Бұл дауды француз ғалымы Л. Пастер шешті. Ол мықтап қайнатылған және тығыздап жабылған қоректік заттар (мәселен, ет сорпасы) бұзылмайтынын, өйткені күшті ыстық ондағы бактериялардың бәрін өлтіретінін дәлелдеді. Өзінің бұл тәжірибесімен Пастер микроорганизмдердің қысқа мерзімде жансыз заттардан тікелей пайда болу мүмкіндігі туралы, ғылымға жат түсініктерді бекерге шығарды.

Алайда микробтардың бірден даяр күйінде өздігінен жаралуы мүмкін емес екенін дәлелдеуімен Пастер, Жер бетінде тіршіліктің пайда болу проблемасын шеше алмағаны былай тұрсын, қайта өзінің беделімен ол ғалымдардың бұл салада тыңғылықты зерттеу жүргізуін ұзақ уақытқа тоқтатты. Пастердің еңбектерінен кейін XIX ғасырдың екінші жартысында «барлық жанды заттар жандыдан пайда болады» дейтін қағида мықтап орнықты. Алайда бұл қағида қабылданғаннан кейін, Жер бетінде тіршіліктің пайда болуын, құдай идеясына қолартпайынша, түсіндіруге мүмкіндік қалмады.

Пастердің және басқа ғалымдардың тәжірибелерінен идеалистер: тіршіліктің биорганикалық табиғаттан пайда болуына мүмкіндік жоқ дейтін тоқтамға келіп, мұның нәтижесінде тіршіліктің мәңгілігі туралы қортынды шығарды. Егер бұл көзқарастарды алатын болсақ, онда тіршілік біздің планетамызға аспан әлемінен ұрық түрінде әкелінген, оларды басқа планеталардан метеориттер әкелген немесе сәуле толқынының қысымы әсерімен әкелінген, бірақ тіршілік Жер бетінің өзінде тұмаған болып шығады.

Алайда мұндай қыялдан туған теорияларды бекерге шығару қиын болған жоқ. Біріншіден, Жер бетіне түсетін метеориттерде өте қызу тем-



пература болады, сондықтан олар тіршіліктің ұрықтарын әкеле алмайды. Екіншіден аспан әлемі арқылы ультра-күлгін және әлемдік сәулелер өтіп тұрады, олар жандының бәрін өлтіреді.

Осы күнгі буржуазиялық ғылым Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы және дамуы туралы сұрауға азды-көпті нанымды жауап беруге әрекеттенбейді де. Ол түгіл, өздерінің пікірінше, биорганикалық табиғатқа мүлде жанаспайтын «тіршіліктің мәңгілігі» теориясын жақтайтын көптеген идеалист-ғалымдар бұл мәселені шешу мүмкін емес деп есептейді.

Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы және дамуы проблемасын шешудің негізі дамудың маркстік-лениндік теориясы болды. Тіршіліктің пайда болуының ғылыми теориясының негізін қалаушы — Ф. Энгельс. Ғылымның тарихында алғаш рет ол тіршіліктің пайда болуы проблемасын диалектикалық материализм тұрғысынан қарап, негізінде идеалистік «тіршіліктің мәңгілігі» теорияларын және күрделі жанды организмдердің биорганикалық табиғаттағы заттардың кездейсоқ ұштасуы арқылы пайда болуы теориясын өлтіре сынады.

Алғашқы организмдердің қалай пайда болуы туралы мәселенің төңірегінде дәрменсіздікпен шырқайнала берген метафизиктікпен ойлайтын жаратылыс зерттеушілерге қарама-қарсы Ф. Энгельс Жер бетіндегі тіршілікті алғаш туғызушы құрылыссыз белокты денелердің қалай пайда болғаны туралы басты мәселені алға қойды. Сөйтіп ол ғылымды жануарлар мен өсімдіктердің денелерін құрастыратын материялық негіз — өзінің төңірегіндегі сыртқы ортамен үнемі заттар алмасып отыратын белоктың — пайда болуының тарихы және жолы туралы проблеманы шешуге бағыттады. Ф. Энгельс тіршілік белокты денелермен тығыз байланысты екенін, жанды материяның төңірегіндегі табиғатпен үнемі заттар алмасып отыруы бұл материяның өзіне тән сапалық ерекшелігі болып табылатынын алғаш рет көрсетті. Бұл ісімен ол организмнің және ортаның бөлінбейтін бірлігін ашты.

Ф. Энгельстің бұл данышпандық пікірлерді айтуынан бері оншама көп уақыт өткен жоқ. Бұл уақыттың ішінде ғылым белокты және оның синтезін зерттеу саласында зор табыстарға жетті. Белокты денелердің молекулалық салмағы, олардың құрылысы, белоктың ерекшелік сипаты және басқа қасиеттері зерттелді. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы проблемасын зерттеуге орыс ғалымдары, әсіресе совет ғалымдары зор үлес қосты.

Тіршіліктің қалай пайда болғанын түсіну үшін, Жер бетінде ешқандай тіршілік болмағаны былай тұрсын, біздің планетамыздың өзі де болмаған кезден бастап, материяның дамуының барысын зерттеу қажет.

Жанды заттардың бәрі органикалық заттар дейтіннен құралған. Органикалық заттардың биорганикалық заттардан өзгешелігі — олардың негізінде көміртегі элементі бар. Егер өсімдік және жануарлық материалдарды ауа жоқ жағдайда қатты қыздырсақ, мұны көру қиын емес. Органикалық заттар көмірге айналып, олардың негізінде көміртегі бар екенін айқын көрсетеді.

Органикалық заттардың құрамында басқа да элементтер — сутегі, оттегі, азот, күкірт, фосфор және басқалары болады. Бірақ бұл заттарда ол элементтердің бәрі көміртегінің төңірегіне топталады, өйткені ол мұндағы өзекті, негізгі элемент болып табылады. Сондықтан, тіршіліктің пайда болуына әкеп соқтырған материяның дамуы туралы мәселені анықтағанда, ең алдымен ғылымдағы көміртегі туралы мәліметтерді алып, оның қандай өзгерістерден өткенін және біздің планетамыздың пайда болуынан көп бұрын қандай қоспаларға біріккенін қарастыру керек.

Көміртегі — аспан әлеміндегі мейлінше көп таралған элемент. Ол барлық жұлдыздардың құрамында бар. Бірақ жұлдыздар өздерінің да-

муының әртүрлі сатыларында болып отырғандықтан, көміртегі де олардың бәрінде бірдей бір формада болмайды. Мәселен, басқаларына қарағанда жас, температурасы 25 — 27 мың градусқа жететін неғұрлым ыстық жұлдыздарда ешқандай химиялық қоспалар жоқ. Көміртегі және басқа элементтердің бәрі онда беталды зырғып жүрген өте кішкене бөлшектер — атомдар түрінде болады. Температурасы 12 мың градус шамасындағы неғұрлым «салқын» жұлдыздарда көміртегінің сутегімен біріккен ең қарапайым химиялық қоспалары (метиндер) бар екені анықталды.

Басқа жұлдыздарға қарағанда Күннің температурасы төмен—6 мың градус шамасы. Күннің атмосферасында көмірсутегі сыяқты химиялық қоспалар ғана емес, көміртегінің азотпен біріккен қоспалары да (циан), сол сыяқты көміртегінің екі атомының қоспалары (дикарбондар) табылды. Ал суынған планеталарда (мәселен, мәңгілік суық болып тұратын Юпитерде) көміртегінің басқа элементтермен қоспалары онан да көп.

Совет ғалымдары — О. Ю. Шмидтің, В. Г. Фесенковтың және басқаларының еңбектері жұлдыздар мен планеталар системаларының пайда болуының заңдылықтарын ашты. Олар жүргізген астрономиялық және космогониялық байқаулар жер бетінде органикалық заттардың алғашқы пайда болу процесін неғұрлым айқын түсінуге мүмкіндік береді.

Академик Шмидтің ғылыми болжауы бойынша, біздің планетамыз салқын әлемдік бөлшектерден — газ-тозандық материядан құралған. Күн тозандар мен газдар арқылы өткенде, көптеген әлемдік бөлшектерді өзінің шеңберіне тартты. Бұл заттардан қоюланған жеке түйіндер, ал бұлардан кейіннен Жер және басқа планеталар пайда болды. Газ-тозандық материяның химиялық құрамын зерттеу онда метан, аммиак және су бар екенін көрсетеді. Жердің пайда болуының бұл теориясы, біздің планетамыз газ-тозандық материядан пайда болған кездің өзінде, онда ең қарапайым органикалық заттардың құралуына жеткілікті химиялық қоспалар болғанын айқын дәлелдейді. Мұндай химиялық қоспалар, планеталар арасындағы кеңістіктерден Жерге түсетін «аспан тастары» — метеориттерде де кездеседі.

Ғалымдар, өздерінің құрамындағы элементтердің сипаты және өздерінің құрылысы жағынан метеориттер жердің қабығының ең терең қабаттарында болатын породааларға ұқсайтынын анықтады. Жердің орталық ядросында көміртекті темір болады, ол кейде Жер бетіне де шығады. Кәзіргі уақытта бұл өте сирек кездеседі, өйткені көміртегінің қоспалары Жерде кен породааларының қалың қабаты астында жатады. Бірақ Жер жаңа ғана қалыптасқан, оның қабығы әлі жұқа және әлсіз болған кезде, ол оңай жарылып, орталық ядроның көміртегі қоспалары жер бетіне атып шығып, жердің ол кездегі атмосферасына араласты. Мұнда көміртегі қоспалары атмосфераның элементтерімен бірігіп, онан неғұрлым күрделі химиялық қоспалар — көмірсутегі құралды.

Материяның дамып, күрделіленуінің бұл процесі шамамен айтқанда мұнан 2 — 3 миллиард жыл бұрын болды. Аса көрнекті совет биологы академик А. И. Опариннің теориясы бойынша, бұл процесс бірқатар сапалық кезеңдерге бөлінеді. Бірінші кезеңде алғашқы органикалық заттар — көмірсутектері және олардың ең қарапайым туындылары пайда болды, екінші кезеңде органикалық қоспалардың неғұрлым жоғары формасы — көп молекулалы белоктар пайда болды, ақырында, үшінші кезеңде — заттардың алмасу қасиеті бар, яғни, шын мәнісінде жанды материяның белгілері бар белокты денелер шықты. Материяның дамуының онан арғы жолы клетканың, көп клеткалы жануарлар мен өсімдіктердің, сол сыяқты, материяның биологиялық дамуының жоғарғы сатысы — адамның пайда болуымен байланысты.

Дамудың бірінші кезеңі, жоғарыда айтылғанындай, мұнан 2 — 3 миллиард жыл бұрын, көміртегінің темірмен, кобальтпен және никельмен біріккен балқыған-сұйық қоспалары (карбидтер деп аталатын) жер қабығының жарылуы нәтижесінде бетке шыққан кезде басталды. Ол кезде Жер жалаң жартасты шар сыяқты болды, оны су буы қоршап тұрды, онда газ түрінде әралуан заттар болды. Балқыған көміртегі судың буымен араласқанда, көміртегі сутегімен қосылып, көмірсутегі пайда бола бастады, ал бұлар Жер бетіндегі тіршіліктің негізі болды. Тіршіліктің дамуының алғашқы кезеңі осындай.

Көмірсутектері және олардан құралған заттар алғашқы кезде Жердің атмосферасында газ түрінде болды. Алайда уақыт өте келе Жердің температурасы мықтап салқындады. Температураның салқындауы атмосферадағы су буларының қоюлануына, сөйтіп олардың ыстық жаңбыр түрінде жерге түсуіне көмектесті. Бұл жаңбырдан алғашқы мұқит теңізі пайда болды. Көмірсутектері мен олардың қоспалары осы мұқиттың суында ереді.

Суда еріген көмірсутектері онан кейін қандай күйге ұшырады? Орыс және совет ғалымдарының тәжірибелері бізге бұл сұрауға жауап береді. Мысалы, орыс химигі А. М. Бутлеров 1861 жылы формалиннің ертіндісін жасап, известі суда қалдырды. Біраз уақыттан кейін ертіндіде тәтті дәм пайда болды. Оның себебі — формалин молекулаларының бірігіп, онан қанттың молекуласы пайда болғаны анықталды. Совет биохимигі А. Н. Бах формалиннің пианды калиімен қоспасын сақтағанда, онан тіпті белокқа ұқсайтын заттар алды. Мұндай фактілер ғылымда көп болды.

Бұл тәжірибеден көмірсутектерінің көптеген басқа заттармен бірігіп, онан күрделі заттар: қант, аминқышқылдарын және тіпті белокқа ұқсайтын қоспалар шығарылатынын көрсетеді.

Мұнан миллиондаған жылдар бұрын алғашқы мұқитта да, шамамен айтқанда, осындай процесс болды. Мұның нәтижесінде, кәзір тәжірибе арқылы химиктердің шығаратынындай, күрделі органикалық заттар пайда болды. Жайымен, бірақ заңдылықпен көмірсутектері химиялық қоспаларға бірігіп, барған сайын күрделілене берді, сөйтіп оларда жаңа қасиеттер пайда болды.

Барлық жанды заттардың құрамына кірген материал — белокты және басқа органикалық заттар осылайша пайда болды. Мұның өзі материяның дамуының екінші кезеңі болды. Бұл кезеңде, рас жанды белоктың қасиеті — заттардың алмасуы — әлі болмады.

Мұнан әрі бірсыпыра химиялық өзгерістердің болуы нәтижесінде мұқит суында неғұрлым күрделі органикалық заттар шықты. Көлемінің өткішкене болуына карамастан, бұл заттардың тамшы формасы, белгілі бір ішкі құрылысы болды және ол суда ерімеді. Органикалық заттардың мұндай қоспалары — коацерваттар деп аталады.

Коацерваттық тамшылар өздерінің төңірегіндегі ертіндіден әртүрлі заттарды ұстап, олардың осебінен өсе алады. Мұнымен бірге оларда ыдырау процестерінің де болуы мүмкін. Мұқит суынан бөлінген коацерваттар, осылайша, белгілі-бір даралық сипат алды. Олардың тұрақтылығы, жасалу реакцияларының ыдырау процестерінен басымдылығына байланысты болды. Коацерваттардың ішкі құрылысы бірте-бірте, жанды заттардың бәріне тән белгілі бір функцияларды атқаруға бейімделе берді. Әлі клеткалық құрылысы жоқ, бірақ материяның қозғалысының жаңа формасы — тіршіліктің барлық ерекшеліктері бар алғашқы жанды зат осылайша пайда болды. Коацерваттардың пайда болуы — органикалық материяның дамуының келесі аса маңызды сапалық кезеңі.

Алғашқы мұқитта болған коацерваттар кәзір тәжірибе жолымен алынды. Мысалы, желатиннің, жұмыртқалық альбуминнің және басқа

солар сыяқты белоктардың ертінділерін белгілі бір жағдайда араластырса, онда бұрын тұнық болған ертінділер лайланады, мұнан кейін микроскоппен ол ертінділерде жүзіп жүрген кішкене, өте айқын тамшыларды байқауға болады. Бұлар — сол коацерваттар, бұрын ертіндіде болған барлық белокты заттар осы коацерваттарға біріккен.

Органикалық материя онан әрі қалай дамыды? Клеткалар емес, жанды белоктың қарапайым түйіршіктері болып табылатын, өте кішкене жанды заттар — вирустарды зерттеу бізге бұл туралы түсінік береді. Вирустар адамда, жануарда және өсімдіктерде болатын ондаған әртүрлі ауруларды туғызады, олар табиғатта өте көп таралған. Орыс ғалымдары Д. И. Ивановский мен Н. Ф. Гамалея вирустардың белгілі жағдайда кристалдық формаға көшетінін және бұл түрінде өздеріне қолайсыз жағдайды өткізгенде заттардың алмасуын іс жүзінде тоқтататынын анықтады. Мұның бәрі вирустар жанды және жансыз материяның аралығындағы өте кішкене белокты денелер екенін дәлелдейді.

Орыс ғалымдары микроорганизмдермен тәжірибе жасағанда мұнанда қызық фактілерді анықтады. Микроскоппен қарағанда көрінетін микробтар, мәселен, туберкулез микробы, белгілі бір заттардың немесе өте кішкене жәндіктердің әсерінен көріне ыдырайды. Микробиологияда бұл құбылысты лизис деп атайды. Микробтардың мұндай ыдырауына жанды заттың клеткасыз формасы болып табылатын бактериофактың себеп болатынын анықталды. Егер, әртүрлі әдіспен бұзылған бактериялық клеткаларды алып, бұл клеткаларды тоқтатып қалатын сүзгіден өткізсе, бактериялық клеткалардың бұл қалдықтары өлмейтінін, қайта біраз уақыттан кейін жаңа клетка болып қалыптасатынын совет ғалымдары тәжірибе бойынша дәлелдеді. Сөйтіп, микробтардың клеткалық формаларының клеткасыз формаларға және мұның керісінше клеткасыз формалардың клеткалы формаларға көшетінін көрсетіп отырған, орасан зор принциптік маңызы бар факті анықталды.

Жаңа сапалық құрылыстың — клетканың пайда болуының биологиялық жолдарын біз, клеткалардың клеткасыз жанды заттан пайда болу мүмкіндігін дәлелдеген О. Б. Лепешинскаяның тәжірибелерінен де көре аламыз.

Сан ғасырлар, сан мың жылдар өтті, жанды заттардың құрылысы да барған сайын жетіле берді. Олар барған сайын қалыптаса берді. Алғашқы кезде бұлар тек органикалық заттармен қоректенді. Бірақ уақыт өте келе, атмосферада дара оттегі пайда болып, тіршіліктің жаңа жағдайларына алдын ала шарттар туған кезде, кейбір жанды заттар қоректенудің басқа әдісіне — биорганикалық заттар (көмірқышқылы және су) есебінен қоректенуге көшті. Барған сайын дамып беру процесінде олар өздерінде күн сәулесінің энергиясын тарту, бұл энергияның есебінен көмір қышқылын ыдырату және оның көміртегінен өздерінің денесінде органикалық заттарды жасау қабілетін туғызды. Сөйтіп ең қарапайым өсімдіктер — көк-жасыл балдыр шөптер пайда болды.

Басқа жанды заттар қоректенудің бұрынғы әдісін сақтады, бірақ олар енді қоректенуге бактериялар мен балдыр шөптерді алып, олардың органикалық заттарын пайдалана бастады. Жануарлар дүниесі өзінің бастапқы түрінде осылайша туды.

Өткен дәуірлерде органикалық дүниенің қалай дамығанын, жануарлар мен өсімдіктердің қандай жағдайларда өмір сүргенін ғалымдар шөкпе кен породоларын және радиоактивтік элементтердің, олардың ыдырау қалдықтарының жер қабаттарына бөлінуін зерттеу арқылы білді.

Ерте замандарда болған әртүрлі организмдердің қалдықтары, тасқа айналған жұрнақтары және іздері бойынша, оларды бір-бірімен және осыкүнгі жануарлармен және өсімдіктермен салыстыру бойынша, өткен геологиялық замандарда органикалық дүниенің дамуының тамаша көрі-

нісін жалпы түрде көрсетуге болады. Жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтарын сақтайтын жердің қабаттарының қалыңдығы 30 километрден асады, олардың пайда болғанына кәзір жүздеген миллион жылдар өтті, бұл уақыт замандарға және дәуірлерге бөлінеді.

Қатты қанқасы болмаған бір клеткалы және тіпті ең қарапайым көп клеткалы организмдер өздерінен кейін елеулі із қалдырған жоқ. Тіршіліктің айқын іздерін ғалымдар протерозой (бастапқы) деп аталатын заманның жер қабаттарынан тапты. Бұлар — мұнан 500 миллион жылдай бұрын жылы теңіздерде өмір сүрген ең қарапайым, омыртқасыз су жәндіктері мен балдыр шөптер.

Жануарлар мен өсімдіктер организмдері онан әрі ілгерілеп дамығанда, өздерінің тіршілігі жағдайларына тығыз байланысты дамыды.

Палеозой (ерте) заманның бас кезінде таулардың пайда болу процесінің басталуы органикалық дүниенің тарихи дамуындағы маңызды кезең болды. Таулардың пайда болуы жердің едәуір бөлегінің судан шығуына көмектесті. Құрғақ жер шыққаннан кейін жер бетіндегі, неғұрлым жоғары дәрежеде қалыптасқан жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік етіп дамуына жағдай туды.

Ауа райы жағдайлары өзгерді. Жылы және ылғалды ауа райы салқын, ылғалы аз, континенттік ауа райына айналды. Жануарлар мен өсімдіктер әртүрлі жағдайдағы тіршілікке бейімделе берді, мұның нәтижесінде олардың әралуан түрлері пайда болды.

Жер бетінде қоректі ресурстардың көбеюіне және басқа тарихи жағдайлардың өзгеруіне байланысты ең жоғары дәрежеде дамыған сүтқоректі жануарлар шықты. Сүтқоректі жануарлардың күрделіленіп дамуы және жануарлардың ішінде ең үздік шыққан адамның пайда болу дәуірі соңғы 50 миллион жылды қамтып, жаңа (кайнозой) заманына жатады.

Жер бетінде тіршіліктің пайда болып даму процесі жалпы алғанда осындай болды. Бұл процесс тұтасынан алғанда 2 миллиард жылдай уақытты қамтыйды. Ғылымның бұл деректері тұрғысынан қарағанда құдай дүниені 5 — 6 күннің ішінде жаратты дейтін діни догмалар мүлде қыйсынсыз болып шығады. Органикалық дүниенің пайда болып дамуы — материяның өз төңірегіндегі жағдайлармен бірге ілгерілеп дамуының объективтік заңы.

Кәзір, жанды заттардың ішкі құрылысы толық зерттелген кезде, біз бұл құрылысты қолдан қайта жасап, тіршілік материяның өмір сүруінің ерекше формасы екенін тікелей көрсете аламыз деуге толық дәлел бар. Ғылымның табыстары бізге, ең қарапайым жанды заттарды мұндай қолдан жасау тек мүмкін ғана емес, бұл таяу жуық уақыттың ішінде жүзеге асырылады деп сенуімізге мүмкіндік береді.

**В. ФУРСОВ,**

биология ғылымдарының кандидаты

# Сын және библиография

## Ильичтің мәңгі жасайтын бейнесі

Совет Одағының Коммунистік партиясының ұйымдастырушысы, жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің орнатушысы, бүкіл еңбекшілердің көсемі және ұстазы—ұлы Лениннің есімі бүкіл прогресшіл адамзатқа ардақты. Оның мәңгі жасайтын есімімен аталған ілім дүниені қайта құрушы ұлы жеңістерге жетті және жетуде. Ленинизм — орыстық және дүниежүзілік мәдениеттің ең жоғарғы табысы, коммунизм құрылысының жолын нұрландырып отырған, өмір орнықтырушы ілім.

Сондықтан да Ильичтің ардақты есімімен байланысты нәрсенің бәрі еңбекшілердің ерекше назарын аударып отырады. Адамдар оның еңбектерін, данышпан ойшылдың өмірі мен қызметі туралы материалдарды оқып үйренуде, ол болған және еңбек еткен орындарды сүйіспеншілікпен қадірлеп сақтауда. Бізге В. И. Лениннің бейнесін көзалдымызға келтіруге көмектесетін жазылған, сақталған еңбектердің жалпы қазнасы ішінде оның замандастарының естеліктері ерекше орын алады. Сондықтан да, жақын арада бастырып шығарылған кітап—«В. И. Ленин туралы естеліктер»\* жұртшылықтың ерекше назарын аударды.

Бұл кітапта В. И. Лениннің басшылығымен қызмет ету бағытына ие болған қарт большевиктердің естеліктері бар. Бұлар: Ленин ұйымдастырған «Жұмысшы табын азат ету күресінің одағы» қатарында болған, революциялық қозғалыстың қарт қайраткері — Г. М. Кржижановский, лениндік «Искраның» агенттерінің бірі — Ц. С. Зеликсон-Бобровская, партиялық әдебиетші—насихатшы, Харьковтың «Жұмысшы табын азат ету күресі одағының» ұйымдастырушыларының және басшыларының бірі—В. А. Карпичский, талантты насихатшы, Лениннің семьясының жақын досы—С. И. Гопнер, профессионал-революционер—Е. Д. Стасова, Екстаринославтың байырғы жұмысшы-металлисті, РСДЖИ Николаев комитетінің ұйымдастырушысы, Ленинмен Краковтағы кенесте танысқан Г. И. Петровский. Сол сыяқты кітапта Трехгорка мануфактурасының қарт жұмысшыларының өздерінің көсеммен кездесулері туралы естеліктері де жарияланған. В. И. Ленин кезінде Трехгорканың тоқымашыларының революциялық дәстүрлеріне жоғары баға берген болатын.

\* «В. И. Ленин туралы естеліктер». Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954.

Ленин сыяқты адамның бейнесін толық және түгел көрсету мүмкін емес. «Суреттеліп жетпеген портретті енді ғасырлар жеткізе суреттейтін болар». Сондықтан естеліктердің авторлары адам және қайраткер тұлғасындағы Лениннің кейбір ерекшеліктерін ғана көрсететін бірқатар фактілер келтіреді, көсемнің сыртқы бейнесінің, сипатының, моральдық күшінің жеке белгілерін, кейбір егжей-тегжейлерін ғана көрсетеді. Айқын мысалдар бойынша олар бізге тірі Ленинді сәл көзалдымызда келтіріп көруге көмектеседі.

«Өздерін және өздерінің негізгі мақсаттарын ерте жасында білген адамдар,—деп жазады Г. М. Кржижановский,—зор бақытқа ие болады... Мұндай бақыт Владимир Ильичтің сыбағасына толық тиді. Ол маған гимназияның бесінші класында-ақ өзінің қандайда болсын діни мәселелерден біржолата безгенін: мойнындағы кресін алып, сыпырындыға лақтырып тастағанын айтқан еді. Ал мен оны жас кезінде, 23 жасында кездестіргенімде, ол әлі толық шыңдалып жетпеген, бірақ соның өзінде айқындалған, кейіннен өзінің ішкі тұтастығының ерекше күшін бүкіл дүние жүзі алдында көрсетуге тиісті кесек адамның тәлі еді».

Лениннің сипатындағы бұл ішкі тұтастықты, көздеген мақсатқа шексіз шын берілгендікті естеліктердің барлық авторлары ерекше атап көрсетеді. Ол өзінің өмірінде түрме мен айдауды, шетелдерге кетуді және жаудың ұлаған оғының зәрін, жеңілістердің күйінішін, жеңістердің қуанышын бастан өткізді, бірақ ешуақытта қобалжыған жоқ, қалай түскен жолдан бірде-бір ауытқыған жоқ. Ол жалынды принциптік күресті сүйді, жалпы пролетарлық іс үшін өзіндегінің бәрін құрбан етті.

Бірінші орыс революциясы жылдарында, реакцияның ауыр заманында, Октябрьдің даңқты күндерінде, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Лениннің дәл осындай болғанын білеміз. Дәл осындай, Г. М. Кржижановскийдің жазғанындай, «дүние жүзіндегі ең ұлы революцияның қызметінде ол өзінің барлық күшін отқа салды, ол өзінің данышпандық мыйын қадалған ойларымен жалындатты».

Өзінің алғашқы саналы адымдарынан бастап ақырғы тынысына дейін Лениннің өмірі халықпен тығыз байланысты болды. Тіпті 24 жасында-ақ «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай кү-

ресседі?» деген кітабында ол халықшылдардың «калаулы герой және соқыр тобыр» теориясын әшкереледі. Халық бұқарасының тарихтағы ролін танымаған субъективистерге қарсы Ленин тарихтың жасаушысы нақ халықтың өзі екенін, жеке адамдардың қыймылы таптардың қыймылынан туатынын, бұл таптардың күресі қоғамның дамуың белгілейтінін көрсетті. Ленин халықшылдардың іс жүзінде халыққа қарсы шығушы жалған «халық достары» екенін әшкерелеп, олардың шын кескінін көрсетті.

Қарт большевиктердің еске түсіргеніндей, Ильичтің сыртқы бейнесінің өзінде жұмысшының және шаруаның кейбір сипаттары болды, «осы халықтың төменгі топтарынан тікелей ауысқан сыяқты, онымен туыстас және қандас сыяқты бір сипат» болды.

Трехгорка мануфактурасының бұрынғы тоқымашысы С. Малинкин өзінің естеліктерінде былай дейді: «Ленин еңбекшілер қалың бұқарасымен күн сайын және сағат сайын байланысты болып отырды. Ол бұлардың өміріне қатысы бар нәрселердің бәрін білуге күштарланды, олардың мұң-мұқтажына сүйсінерлік қамқорлық жасап отырды».

Ленин халықаралық және ішкі тұрмыстың күрделі мәселелерін кәсіпорындардағы жұмысшылардың күнбе-күнгі практикалық міндеттерімен байланыстырды. Бір күні, — деп еске түсіреді трехгоркалықтар В. Горшков пен Ф. Румянцев, — жұмысшылардың азық-түлік тапшылығын көріп отырған ауыр халіне көмектесу ниетімен Ленин трехгоркалықтарға: «Вагондарды жөндеңдер, паровоздарды жөндеңдер, сөйтіп өздеріңізге астық әкеліңдер» деп кеңес берді. Трехгоркалықтар Лениннің бұл кеңесін қабылдап, осылайша істеді.

Ол халықпен тұрасынан және шын бейілімен сөйлесетін. Черняк жолдас өзінің 1921 жылы Трехгоркада Ленинмен кездесуі туралы былай дейді: «Сүйікті көсем тәтті сөздер айтқан жоқ, онай жеңістерді уәде еткен жоқ. Ол күрестің қыйыншылықтары туралы, құрбандықтар беру керек болатыны туралы, жұмысшы өкіметін жек көретін халықаралық буржуазияның зымыяндығы және күші туралы қатал шындықты айтты. Бірақ мұнымен бірге оның сөздерінде күреске шақырған сергек үндеу, жұмысшы табының шаруалармен одактасып, түпкілікті жеңіске жететіндігіне сенгендік болды». Сондықтан да, қарт жұмысшы әйел А. Жарованың еске түсіргеніндей, «бұрын уайымдап, рухы түскен адамдар да қайта туғандай болып, Ильичтің келуінен кейін біздің сеніміміз күшейетін, жігерлірек жұмыс істейтінбіз».

Халыққа деген бұл жақынддық, оның күшіне шексіз сенгендік Лениннің өз өмірін арнаған ісінің жетуін қамтамасыз етті.

Қарт коммунистер өздерінің естеліктерінде Ильичтің күрестес достарына, жолдастарына сүйіспеншілігін және қамқорлығын ерекше атап көрсетеді. Лени-

мен бірге тұтқынға алынып, айдалған адамдарға оның достығы құтқарушы және қолдаушы күш болды.

Г. М. Кржижановский Лениннің түрмеде және айдауда болған уақыттарын еске түсіреді. 1895 жылғы 8 декабрьде, түн ортасында, Владимир Ильич және оның Петербургтың «Жұмысшы табын азат ету күресінің одағында» бірге істеген серіктері тұтқынға алынды. Түрменің қатал тәртібіне және жауап алудың рақымсыз системасына бәрі бірдей төзе алмады. «Бұл түрмелік тұтқын, — деп жазады Г. М. Кржижановский, — біздердің ішімізде екі адамның түбіне жетті: А. Валеев ауыр туберкулез болып ауырып, көп ұзамай қайтыс болды, ал П. Запорожен кудалау елесінің жазылмайтын ауыр түрімен ауырды. Менің үшін және басқа жолдастардың көпшілігі үшін Владимир Ильичпен достық баға жетпес құтқарушы және қуат беруші күш болды». Түрме хаталысы, түрме әдісімен белгі беру арқылы, сол сыяқты тұтқын жағдайында әдеби еңбекпен шұғылданудың үлгісін көрсету арқылы Ленин өзінің жолдастарына қуат, келешектегі жеңіске сенім беріп отырды.

«Жолдастарға сергек және қамқор Ленин мұнымен бірге өзіне өзі өте қатаң талап қойғыш болды, — дейді С. И. Гоннер. — Лениннің өз басының үлгісі, оның қатаң талапқойғыштығы және орасан зор ықпалы шетелдердегі большевиктік кадрларды эмигранттық тұрмыстың аздырушы әсерінен сақтады».

Мемлекеттің басшысы болып отырғанда, соғыс интервенциясының ең ауыр жылдарында, Ленин белгілі бір жолдасының денсаулығының нашарлығын байқап, оған көмектесетін, қамқорлық жасайтын. «Владимир Ильич А. Д. Цюрупара, өзінің денсаулығына немқұрайды қарағаны үшін оқтын-оқтын ұрсын қоятын, — деп еске түсіреді ол кезде партияның Орталық Комитетінің секретары болып істеген Е. Д. Стасова. — Ильич, коммунист — қазыналық мүлік, сондықтан бұл қазыналық мүлікті ысырап ету жарамайды дейтін. В. И. Ленин Ф. Э. Дзержинскийдің ауыр жұмыстың зардабынан қаптүкіретін халге жеткенін және тыныққысы келмейтінін білгеннен кейін маған телефон соғып, Орталық Комитетте Дзержинскийге екі аптаға Нарофоминскіге демалысқа баруға бұйыратын қарар қабылдауды ұсынды. Ол кезде Нарофоминскіде Москва түбіндегі ең жақсы совхоз болатын, Дзержинскийдің онда жақсы тамақтанып тынығуына мүмкіндік болды. Мұны егжей-тегжейіне дейін ойластырған Владимир Ильич совхозда телефонның болмауын да есепке алды, демек Дзержинский Москваға телефон соғып мазасызданбай, жақсы тыныға алатын еді. В. И. Ленин пәлендей жолдасқа аяқ киім немесе берік берілуіне, Халық Комиссарлары Советінің барлық бөлмелеріне, келушілер үшін су құйған графиндер және стакандар қойылуына қамқорлық жасап отыратын».

Бірақ революцияға опасыздық еткен сатқындарға келгенде Ленин «темірден қатты» болатын. Ол әрдайым және барлық жерде өсек-аяқтың, тоғышарлықтың, ымырашылдықтың қандай түріне болса да бітіспейтін жау болды. Астыртын күрес жүргізген қарт большевиктердің естеліктері Лениннің ескі «Искра» программасын қандай жалынды жігермен қорғағанын және шегіншектеген «сасық» әрекеттердің қандайына болса да қарсы шыққанын дәлелдейді. Ц. С. Зеликсон-Бобровская былай дейді:

«— Міне, — деп келекелейтін Владимир Ильич, — біздің Елизавета Васильевна (Н. К. Крупскаяның анасы, В. Л.) партия ішінде туған алауыздықты оңай жоюға болады, Юлий Осиповичті (Мартовты) Владимир Ильичпен қалайда татуластыру керек, мұны Вера Ивановна (Засулич) істей алады деп есептейді, өзі, Елизавета Васильевна, бұл жайында сөйлесу үшін оған (Засуличке) барып қайтпақ болады».

Елизавета Васильевнаға қалжыңдап Ленин былай деді:

«— Біз Юлимен (Мартовпен) екеуіміз көзір Женеваның әртүрлі тротуарларымен жүреміз. Бір бірімізді алыстан көргеннен кейін әрқайсымыз қарсы жақтары тротуарға шығамыз, ал Плехановты алатын болсақ, мен онымен қат жазысып тұрамын. Хатқа Сізге шын берілген Ленин демей, Сіз опасыздық еткен Ленин деп қол қоямын».

Сыртқы, жылтырақ көріністің жоқтығы Владимир Ильичтің ерекшелік сипаты болатын. Ол өте кішіпейілді, сыпайы адам еді. В. А. Карпинский мұны айқын сипаттайды. «Беднота» газетінің редакторы болған кезінде ол Ильичтен газеттің төрт жылдығына мақала жазуды өтінді. Ленин бұл мақаланы жазып, онымен қоса мынадай кішкене хатты жолдады: «Науқастылық «Беднотаның» төрт жылдығына азды-көпті жарамды бірнәрсені жазуыма бөгет болды: ...Егер хатқа қоса жібергенім ұнаса, басарсыздар, ұнамаса — корзинаға тастаңыз, тәуірі сол болар. Сіздің Ленин».

«Бұл хатты оқығаннан кейін, — деп еске түсіреді В. А. Карпинский, — біз, редакциядағы адамдардың бәрі, таңқалдық. Әдетте, авторлардың арқайсысы дерлік өзінің мақаласын сөзсіз «кезекті номерде» және қалайда «көрнекті орынға» басуға лайықты үздік шығарма деп есептеуге бейім келеді. Ал өзінің шығармасын басудан гөрі корзинаға тастауға кеңес берген мұндай кішіпейілді авторды, мойындамасқа болмайды, өзінің редакторлық жұмысымда ешқашан кездестірген емеспін».

Ленин баспасөзді ерекше құрметтейтін және басқалардан да оны осындай құрметтеуді талап ететін. Ол автордан ең алдымен өзі баяндайтын мәселемен марксистік тұрғыдан мұқият танысуды талап ететін, мақаладан, хабардан жанды соны пікірді, жанды, жарқын сөзді,

таланттың ұшқынын, қызықты фактілерді іздейтін.

Г. И. Петровский Лениннің қандай дапа көсем болғанын, амалсыздан шетелдерде жүргенде партияға, Думаның большевиктік фракциясына, II Интернационалдың Брюссельдегі кеңесінде большевиктердің сөз сөйлеуіне қандай тамаша шеберлікпен басшылық еткенін айтады, Ильичтің мақтауды және лепірме сөздерді сүймейтін адам болғанын суреттейді.

«Міне, — деп еске түсіреді Г. И. Петровский, — В. И. Лениннің бейнесін суреттейтін айқын мысал. 1920 жылғы 5 апрельде партияның IX съезінің делегаттары В. И. Лениннің туғанына елу жыл толуына байланысты оған қошемет жасады. Екі шешеннің сөзінен кейін Владимир Ильич осының өзі әбден жеткілікті екенін айтып, партия мен совет құрылысының шұғыл мәселелері туралы сөйлесуді ұсынды. Алайда съездің делегаттары бұған көнбеді: олар В. И. Ленинге өздерінің сезімін, жалынды сүйіспеншілігін білдіргісі келді. Мұнан кейін Владимир Ильич кетіп қалды. Бұл оның ерекшелік сипаты болатын: ол өзіп мақтап сөз айтқанға төзбейтін. Мәжілісте менің председательлік етуіме кезек келді. Маған Владимир Ильичтің мені телефонға шақырып тұрғанын айтты. Ол менен съезде не болып жатқанын сұрады. Мен: «Владимир Ильич Лениннің 50 жылдығы туралы жұрт сөз сөйлеп жатыр» деп жауап қайтардым. Мұнан кейін Владимир Ильич, мәжілістің председатели ретінде менен, мұндай сөздерді тоқтатуды қатты талап етті. Бірақ менің мұны істеуіме мүмкіндік болмады».

Естеліктердің авторлары В. И. Лениннің өзін өзі қатты тәртіпті ұстайтынын, оның жұмыс қабілетінің орасан зор болғанын айтады. Оның әрбір минут уақыты есепте болатын. Ленин түрмеде отырған кезде оның камерасына күнсайын күшәк-құшәк әдебиет әкелініп тұрды, мұнда ол данышпандық кітаптар, кітапшалар, листовкалар жазды. Сонау қыйыр Сибирь айдауында болған кезде оған Россияның тұс-тұсының бәрінен хаттар келіп тұрды.

Халық Комиссарлары Советінің председатели болған кезінде В. И. Ильич бір минут уақытты босқа өткізуге жол бермеді, шешендердің сөйлейтін уақытын қатаң белгілеп, әдетте сөз сөйлеуге небәрі 2 минут уақыт беретін. Ленин сөйлеушілердің уақытын хронометрмен бақылап отыратын. Мәжіліс кезінде бос әңгімеге төзбейтін, шылым тартуға, әсіресе мәжілістен кетіп қалуға қатты тыйым салатын. Владимир Ильич болған жерде, — деп еске түсіреді замандастары, — оның өзі бұған ешқандай әрекеттенбесе де, әрдайым шын пейілділік және көңілді жағдай туатын, ол болған жерде еріккендік әңгіме де, мағынасыз, әсіресе тұрпайы бос сөздер де орынсыз болатынын өзінен өзі түсінілетін.

В. И. Лениннің замандастарының естеліктерін асқан ынтымамен, күшті сезім-



мен оқисын. «Өткендегіге көз жіберіп, ол кезде 23 жастағы Владимир Ильичтің тұлғасын еске түсіргенде, — дейді Г. М. Кржижановский, — мен кәзір онда тамаша жантазалылығының, ақырына дейін ерлік, жанқыярлық көрсетуге үнемі әзірлікпен бара-бар тоқтаусыз жалынды жігердің ерекше сипаттарын ай-

қын көремін». Коммунизмнің жеңуі үшін осындай ақырына дейін ерлік, жанқыярлық көрсетуге әзірлікті совет адамдары В. И. Лениннен үйренуде.

Біздің ұстазымыз және көсеміміз — Ильичтің бейнесі мәңгі жасайды.

В. ЛАРИН.

## Кәсіпорындағы көпшілік-саясат жұмысы

Қазақ мемлекеттік баспасы партия ұйымдарының көпшілік-саясат жұмысының тәжірибесі туралы әдебиетті өте аз шығарады. Ал мұндай әдебиет аса қажет. Жақсы тәжірибені үйреніп, көпшілік арасындағы саясат жұмысының дәрежесін арттыру, оның формалары мен әдістерін жақсарту үшін біздің партия кадрларымыз, қатардағы коммунистер, үгітшілер бұл әдебиетке өте ділгер болып отырады. Ал партия ұйымдары бұл жұмыста мол тәжірибе алды. Бұл тәжірибені насихаттау — баспаның аса маңызды міндеттерінің бірі.

Өткен жылдың аяғында қазақ мемлекеттік баспасы Ақтөбе ферросплав заводының партия комитетінің секретары И. Тананайскийдің «Ақтөбе ферросплав заводындағы көпшілік-саясат жұмысы» және Қарағанды-сортировочная станциясы партия ұйымының секретары В. Хохловтың «Қарағанды-сортировочная станциясындағы көпшілік-саясат жұмысы»\* деген кітапшаларын бастырып шығарды.

Авторлардың екеуінің де айтатыны аз емес. Ферросплав заводының партия ұйымы да, Қарағанды темір жолындағы ең үлкен станцияның партия ұйымы да көпшілік-саясат жұмысында көп тәжірибе алды. Олай болса, бұл кітапшаларда ең алдымен, осы тәжірибенің түсінікті тілмен, толық суреттелуін күтесін. Бұл тәжірибе егжей-тегжейіне дейін ашылып, нақтылы мысалдар бойынша көрсетілуге тиіс, басқа партия ұйымдары оны үйреніп, пайдалана алатындай болуға тиіс. Ал бұл кітапшалар осы талапқа қаншалықты сай келеді?

И. Тананайскийдің кітапшасында металлургиягердің жарысын ұйымдастыру ісінде, өндірістік табыстарға жету күресінде саяси үгіттің аса маңызды роль атқарғаны айтылған. Кітапша заводтағы көпшілік-саясат жұмысының аралуан формаларын көрсетеді. Оның даусыз қасиеті де осында. Автор үгітшілердің әңгімелер өткізетінін, дауыстап газет оқитынын, жұмысшыларға арнап лекциялар және баяндамалар өткізілетінін, «нажағайлар», «жауынгерлік листоктар», плакаттар шығарылатынын, көп тиражды газет және қабырға газеттері шыға-

рылып тұратынын, міндеттемелердің орындалуын өзара тексеру және қоғамдық байқаулар өткізілетінін, заводтың клубы мен цехтардың қызыл мүйістері жұмыс жүргізетінін айтады. Кітапшада назар аударарлық жекке мысалдар келтіріледі. Үгітшілер Харитонов және Яблуновский жолдастардың металбалқытушылармен өткізген мазмұнды әңгімелері кітапшада толық баяндалады. Автор мағналы плакаттарды, көрсеткіштер тактасындағы жазуларды, «нажағайларды» мысалға келтіреді. Бұлар заводтағы көрнекі үгіттің тәжірибесін азды-көпті үйренуге мүмкіндік береді.

Бірақ мұндай мысалдар кітапшада өте аз. Автор көпшілік-саясат жұмысының жолға қойылуын егжей-тегжейлемей, жалпы сөздермен айтып беруді артық көреді. Ол көбінесе, жұмыстың қалай ұйымдастырылғанын айтпай, не істелгенін айтады. Үгіт-көпшілік жұмысының аралуан түрлі формаларын көрсете келіп, автор оның әдістері туралы көбінесе ешнәрсе айтпайды, яғни оқушыға оң керектісін айтпайды. Көп уақытта партия ұйымының жақсы тәжірибесін суреттеу орнына жалпылама байымдаулар келтіріледі.

Саяси үгіттің дәрежесі ең алдымен үгітшілердің құрамына байланысты екені мәлім. Үгітшілерді дұрыс іріктеп белгілеу — зор және қиын іс. Ал кітапшада үгітшілер коллективінің құрамы туралы мәселе бірсарындылықпен баяндалады:

«...Партия ұйымы үгітшілер коллективін өндірістің таңдаулы, алдыңғы қатарлы адамдары есебінен толықтырды. Кәзір заводтың үгітшілер коллективінде 200-ден астам үгітші бар. Олардың бәрі де заводта зор және орынды беделге ие болып отыр. Жұмысшылар олардың сөзіне құлақ қойып отырады, оларға кеңес және көмек сұрап келеді.

Үгітшілерді қалай орналастыру мұқият ойластырылды. Үгітшілер, қандайда болсын учасокте заводтың күшті қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей болып орналастырылды. Таңдаулы үгітшілер цехтың, бүкіл заводтың жұмысының табысты болуын шешетін негізгі өндіріс учасоктеріне жіберілді».

Бірақ мұның бәрі — кітапшаның бұл бетінде де, кейінгі беттерінде де бірде-бір нақтылы мысалмен нығытылмаған жалпылама сөздер-ғой. Дегенмен партия ұйымы үгітшілерді қалай іріктеп белгіледі? Оларды іріктегенде қандай мәселелер

\* И. Тананайский. «Ақтөбе ферросплав заводындағы көпшілік-саясат жұмысы». В. А. Хохлов. «Қарағанды-сортировочная станциясындағы көпшілік-саясат жұмысы». Қазақ мемлекеттік баспасы. Алматы, 1954 ж.

туды және олар қалай шешілді? Үгітшілер коллективіне енгізілетін жолдастардың даярлық дәрежесі, олардың көпшілік жұмысын қаншалықты жүргізе білетіндігі есепке алынды ма? «Үгітшілердің мұқият ойластырылып орналастырылуы» туралы сөздерді қалай түсіну керек? Амал не, кітапша бұл сұрауларға жауап бермейді. Үгітшілерді іріктеп белгілеу жұмысының тәжірибесі онда көрсетілмеген. Демек, заводтың партия ұйымының бұл істегі тәжірибесін басқа партия ұйымдары пайдалана алмайды.

Автор үгітшілерге басшылық ету, оларды тәрбиелеу туралы өте аз айтады. Шынында ол бұл туралы тіпті айтпайды, тек әрбір партия ұйымы істеуге тиісті жұмыстарды атап өтеді. Кітапшада жалпы заводтық және цехтың үгітшілер коллективтерінің семинарлары мезгілінде өткізіліп тұратыны, партиялық оқу жүйесінде үгітшілердің оқуына бақылау қойылғаны, заводтың партия комитеті мен цехтардың партия бюролары үгіткөпшілік жұмысының мәселелерін талқылап отыратыны айтылады. Тұрмыстан, практикадан алынған өнегелі мысалдармен тыянақталмаған бұл жалпылама сөздер партия ұйымының нақтылы тәжірибесі туралы түсінік бермейді. Үгітшілердің оқуына басшылық ету керек екені жақсы мәлім. Ал оған іс жүзінде қалай басшылық ету керек, үгітшілерді біліммен қалай қаруландыру керек? Автор бұл туралы ешнәрсе жазбайды, тек бірсарындылықпен: «Заводтың барлық үгітшілері оқуға тартылды... Партия комитеті мен цех партия бюролары үгітшілердің оқуы, олардың идеялық-саяси өсуін бақылап отырады» және т. б. сондай сөздермен өте шығады.

Маңызды тақырыпқа үстірт қарағандық әсіресе көпшілік-саясат жұмысының практикасы баяндалған жерлерде айқын көрінеді. «Партия комитеті, — деп жазылған кітапшада, — жұмысшыларға арналған баяндамалар мен лекцияларды ұйымдастыруға көп көңіл бөледі». Мұны дәлелдегенде тек лекторлар мен баяндамашылардың фамилиялары, олардың лекциялары мен баяндамаларының тақырыптары ғана келтіріледі. Әрине бұл тіпті жеткіліксіз. Мұндай мәліметтер баяндамалар мен лекциялардың қалай ұйымдастырылатынын, үгіт-насихат жұмысының бұл маңызды участогінің жөйін көрсете алмайды.

Автор партия ұйымының насихат жұмысымен және озаттардың тәжірибесін өндіріске енгізу ісімен қалай шұғылданытыны туралы мәселеге келгенде, онан көпті күтесін. Амал не, мұнда да сол жалпылама сөздер: «Коллективті энбек өнімділігін мейлінше арттыру күресіне жұмылдыра отырып, партия ұйымы жұмысшыларды жұмыс уақытын толық және тиімді пайдалануға шақырды. Подколзин жолдастың сменасындағы металлургия (2-ші балқыту цехы) уақыттың әрбір минутын есепке алып отырады. Бұл сменаның жұмыс тәжірибесін насихаттай отырып, партия ұйымы жұмыс

уақытын тиімді пайдаланудың маңыздылығын жұмысшыларға кеңінен түсіндірді, Подколзин жолдастың сменасының мысалы бойынша барлық сменалардың жұмысты осылай атқаруы заводқа қандай пайда келтіретінін көрсетті».

Партия ұйымының таңдаулы сменаның тәжірибесін таратуға кіріскені жақсы болған. Бірақ кітапшаны оқушы мұның қалай істелгенін, озат тәжірибені насихаттаудың әдістері қандай екенін білгісі келеді. Ал автор оқушыны өзінің сөзіне сендірмек болады: партия ұйымы «шақырды», партия ұйымы «түсіндірді» және т. б. дейді.

Ақтөбе заводының балқыту пештерінде жанашылдардың бастауымен ұштасқан бригадалар құрыла бастаған кезде үгітшілер бұл бағалы бастаманы таратуда зор роль атқарды. Кітапшада ұштасқан бригадалардың жұмысын баяндауға не бәрі біржарым бет орын берілген. Ал жанашылдардың бұл бастамасының қалай насихатталғаны туралы небәрі екі ауыз сөз айтылған. Көпшілік-саясат жұмысының тәжірибесіне арналған кітапша үшін бұл тіпті аз.

Әр жерде кездесе беретін көтеріңкі, лепірме сөздер кітапшаның өңін бұзып тұрады. Мәселен, автор социалистік жарысқа басшылық мәселелерін былайша баяндайды: «Партия ұйымы барлық шаруашылық қызметкерлеріне (мастерлерге, цех және смена бастықтарына, инженерлерге, техниктерге) жарысқа басшылық етуді өздерінің төл ісі деп санауды міндеттеді. Олар жарыстың қортындыларын мезгілінде жасап отыруға, озат энбек әдістерін таратуға көмектесті, рационализаторлар мен өнертапқыштарды белсенділікпен қолдап отырды».

Істің бәрі он-оңай істеле қоятын сияқты: партия ұйымы «міндеттегеннен» кейін өндіріс командирлерінің социалистік жарысқа басшылық етудегі ролін арттыру мәселесі де түгел шешіле қойды. Кітапшаны оқушылар — партия қызметкерлері — мұнан қандай пайда ала алады? Ал жоғарыда келтірілген үзінді бүкіл кітапшаның сипатын көрсетеді. Жарысқа басшылық ету туралы, оның жариялылығы туралы өте жалпылама сөздер айтылады, сөйтіп тәжірибе бұрқаулі қалады.

И. Тапанайскийдің кітапшасын оқығанда, партия ұйымына белгілі-бір қыйыншылықтарды жеңуге, көпшілік-саясат жұмысындағы кемшіліктер мен олқылықтарды жоюға тура келгенін сезбейсің. Рас, автор кемшіліктерге де бірнеше жол арнаған. Бірақ бұл форма үшін, өзарасынға құрмет үшін айтылған. Кемшіліктер «жалпы түрде» бірсарындылықпен айтылады: «Үгітшілердің бір бөлегі үгіт жұмысын бригаданың, сменаның нақтылы міндеттеріне байланысты жүргізеді... Цех партия ұйымдары үгітшілерді іріктегенде қателескен, олардың идеялық өсуіне аз қамқорлық жасаған кездер болды». Осының ізінше-ақ үзілді-кесілді ескерту жасалады: «Заводтың партия ұйымы цех партия бюроларының қателерін мезгілінде түзетіп, үгіт жұмы-

сына басшылықтың дәрежесін арттырды». Тағы да автордың сөзіне ғана сенуге тура келеді. Дұрысында, кітапшада кемшіліктерді қалай жою, көпшілік-саясат жұмысын ұйымдастырудың барысында туған қыйыншылықтарды қалай жеңу туралы мысалдар келтірілген болса, мұнай кітапшаның маңызы арта түсер еді.

Автор жыйналған тәжірибені талдап көрсетудің, оны баяндаудың орнына, істелген жұмыс туралы қысқаша есеп беріп өте шығуды мақсат еткен. Ол партия ұйымы жүргізген жұмыстарды неғұрлым көп көрсетуге тырысады, кітапшаның тақырыбына тікелей қатысы жоқ мәселелерге көп орын береді, ондаған адамдардың фамилияларын атайды. Ал көпшілік-саясат жұмысының әдістері туралы, оған басшылық ету туралы мәселеге келгенде, автор көбінесе жалпы баға берумен, жалпылама сөздермен өте шығады.

Ал Қазақ мемлекеттік баспасы қайда қалды? Ол авторға көмектесуге, кітапшаны баспаға мұқият әзірлеуге, онда көпшілік-саясат жұмысын ұйымдастыру мәселелерінің терең және толық баяндалуын қадағалауға міндетті-ғой. Баспа мұны істемеген. Мұның нәтижесінде жете өңделмеген кітапша басылып шықты. Ақтөбе ферросплав заводы партия ұйымының тәжірибесі терең баяндауға сөзсіз тұрарлық болғандықтан да, мұның өзі өкінішті.

В. Хохловтың «Қарағанды-сортировочная станциясындағы көпшілік-саясат жұмысы» деген кітапшасында нақтылы тәжірибені баяндау негізге алынғандықтан, ол мұны алдында айтылған кітапшадан едәуір жақсы болып шыққан. Партия ұйымдарының секретарьлары, партия бюроларының мүшелері, үгітшілер онан өнегелі мысалдар, пайдалы мәліметтер табады. Кітапшаның авторы жұмыс практикасын көрсетуге тырысады, қандайда болсын тәжірибені баяндауға көмектесетін егжей-тегжейлі мәліметтерді келтіреді.

В. Хохлов жолдас партия ұйымының үгітшілерге күнбе-күн басшылық етіп отыратынын жәй айтумен қанағаттанбай, мұны нақтылы мысалдар бойында көрсетеді. Кітапшада жеке үгітшілерге қандай тапсырмалар берілгені, олардың жәй әңгімелерден неғұрлым күрделі әңгімелерге қалай көшкені, партиялық оқу жүйесінде оқу олардың өсуіне қалай көмектескені айтылады. Үгітшілер коллективінің семинарларын өткізу практикасы толық баяндалады. Семинарларда үгітшілер кезекті тақырыптардағы әңгімелерді қалай өткізу туралы методикалық нұсқаулар алады. Күнделікті іріктеп алынған және тәртіпке салынған цифрлы мәліметтер, жергілікті тұрмыстан алынған фактілер мен мысалдар олардың әңгімелерді неғұрлым мазмұнды етіп өткізуіне көмектеседі. «Еңбек өнімділігін арттыруда озат әдістердің ролі» деген тақырыптағы әңгімеге арналған семинарда үгітшілер, мысалы Галась жолдастың сменасы поездарды құрастырудың шашпа әдістерін қалай қолданатынымен таныс-

ты. Семинарлардың бірінде жергілікті мектептің мұғалімі саяси үгітте көркем әдебиетті қалай пайдалану туралы баяндама жасады. Бірақ іс методикалық нұсқаулар берумен, жөн сілтеумен аяқталмайды. Кітапша семинарларда үгіт жұмысының тәжірибесін ортаға салудың қалай ұйымдастырылатынын көрсеткен.

Партия ұйымы барлық үгітшілердің өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттыруына тырысады, олардың оқуын бақылаудың әртүрлі формаларын түгел пайдаланады. «Бір күні,—деп жазды автор,— мұқият әзірлік жасап, жеке-жеке әңгімелескеннен кейін (әрине, ешқандай емтихансыз) біз партия бюросында үгітшілер Плеханов, Меркулов, Бобров жолдастардың өздерінің саяси білімін қалай арттыратыны туралы есептерін тыңдадық. Тыңдағанда, Плеханов және Меркулов жолдастардың партиялық оқу жүйесінде оқумен қатар «Коммунист», «Коммунист Казахстана» журналдарындағы, «Правда», «Казахстанская правда», «Социалистическая Караганда» және «Гудок» газеттеріндегі насихаттық мақалаларды үнемі оқып тұратыны анықталды. Біз мұны бұрын да білетінбіз, бұл үгітшілердің өсіп келе жатқанын көретінбіз. Бірақ бұл жолдастардың саяси оқуы туралы мәселені қарағанда, біз Бобров жолдасқа қатардағы коммунист-жұмысшылардың өздерінің білімін үнемі арттырып отыратынын, ал онда дандайсудың белгілері көріне бастағанын, ол өзінің білімін арттыруды тоқтатып, тек институтта алған білімімен ғана қанағаттанатынын көрсеткіміз келді. Бюроның қаулысында осылай деп жазылды да. Партия ұйымынан ескерту алғаннан кейін Бобров жолдас өзінің саяси білім алуға көзқарасын өзгертті. Партия бюросында бұл мәселені талқылау, сөз жоқ, басқа үгітшілердің де оқуын жақсартуға көмектесті».

Кітапшада үгітшілердің өткізген бірнеше әңгімесі баяндалады. Қарағанды-сортировочная станциясындағы үгітшілердің жұмысының бағалылығы — олардың үгітінің напымды, жауынгерлік сипатында. Олар кемшіліктерге төзбейді, жаңалықты, озаттықты белсеніп қолдайды. «Вагондардың жүк көтеру қуаты толық пайдаланылсын» деген тақырыптағы әңгімеде үгітші Луценко жолдас жүкті тездетіп тисудің прогрестік әдістерін айтып қана қоймай, мұнымен бірге станцияға берілетін вагондарға жүк әлі толық тиелмейтінін көрсетті. Ол вагондардың жартысына жуығы бос кететінін ызаландықпен айтты. Үгітшінің көңілге қонымды әңгімесі товар конторының қызметкерлеріне әрбір вагонның жүк көтеру қуатын толық пайдаланудың қаншалықты маңыздылығын түсінуге көмектесті.

Кітапшаның тарауларының бірі лекциялар мен баяндамаларға арналған. Автор лекциялар мен баяндамалардың көптеген тақырыптарын көрсетеді, белгілі бір тақырыптың жоспарға не себепті енгізілгенін түсіндіреді. Кітапшада кел-

тірілген баяндамалар мен лекцияларды әзірлеудің әдістері үйреніп қолдануға тұрарлық. Оларға керекті материалдар, әдетте, станцияның өз тұрмысынан алынады. Лекциялар мен баяндамалардың тексттері алдын ала талқыланады, жаңа мәліметтер енгізіліп толықтырылады. Баяндамалар мен лекцияларды коллектив болып әзірлеу оларды мазмұнды және қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Кітапшада өте аз суреттеле тұрса да, сұраулар мен жауаптар кештерін өткізу тәжірибесі де көңіл бөлерлік.

Көрнекі үгіт туралы тарауда қызықты мәліметтер келтіріледі. Онда көрсетілген диаграммалар, транспаранттар, плакаттар нақтылы келеді және белгілі бір мақсатты көздейді.

Перронға, таяудағы жылдарда қаншама тың және тыңайған жерлердің игерілетінін, тың игеретін аудандарға қаншама тракторлар мен комбайндар жіберілетінін көрсеткен транспаранттар қойылды. Автор, тың жерлерді игеруге баратын жастарды әкелген поезд перронның алдына келіп тоқтаған кездегі сүйсінерлік көріністі суреттейді:

«Жігіттер мен қыздар вагоннан шыққаннан кейін біздің жаңа транспаранттарымыз бірден-ақ олардың назарын аударды.

Бұл кезде станцияда жаңа дизельді тракторларды тиеген поезд тұр еді. Біздің транспарантымызда да дәл сондай трактордың суреті салынған еді.

— Міне, Орталық Комитет пленумының қаулысының іске асырылуы, — дейді бір жігіт. — Біздер де келеміз, тракторлар да келеді. Біз сөз жоқ 13 миллион гектар тың көтереміз. Партия не айтса, сол болады.

Кітапшадағының бәрі бірдей толық құнды бола бермегенін айту қажет. Автор кейде партия ұйымының тәжірибесін әбден толық ашпайды. Мәселен, кітапша газеттер мен көркем әдебиетті дауыстап оқудың ұйымдастырылуы туралы, жұмысшы жыйналыстарының өткізілуі туралы, теміржолшылар семьяларының мүшелері арасындағы саяси үгіт туралы айқын түсінік бермейді. Кітапшада бұл мәселелер ойдағыдай баяндалмаған.

Көпшілік-саясат жұмысын жоспарлау жөніндегі кейбір ұсыныстарды қостауға болмайды. Кітапшада 1953 жылғы декабрь айына арналған жоспар үлгі етіп көрсетіледі. Ол жоспардың бөлімдерінің біреуін — «Әңгімелерді» мысалға келтірейік: 4 декабрьде — «ССРО Конституциясы — дүние жүзіндегі ең демократиялық конституция». 12 декабрьде — «Ақмола — Павлодар теміржолы магистралы». 18 декабрьде — «Әрбір теміржолшы өзіне сеніп тапсырылған социалистік меншікке ұқыпты қарауға тиіс»... 29 декабрьде — «Социализм тұсында адамның жеке өз меншігі».

Жоспарға қарағанда, әрбір әңгімені барлық үгітшілер бір күні өткізуге тиіс. Біздіңше, мұндай тәртіп тек үгітшілердің

инициативасын бөгейді. Сөз жоқ, партия ұйымдарының практикасы негізгі әңгімелердің тақырыптарын жоспарлау керек екенін көрсетеді. Бірақ арнаулы «үгітшілер әңгімелерінің күндерін» белгілеудің ешқандай қажеті жоқ.

Үгітшілердің: «социализм тұсында адамның жеке өз меншігі» тақырыбындағы әңгімесін жоспарға енгізуді қостауға болмайды. Бұл тақырыпта әңгіме емес, толық лекция өткізу, әрине, дұрыс болар еді.

Кітапшаның материалды баяндауында елеулі кемшіліктер бар. Автордың қандай пікірді айтқысы келгені кейде оқушыға айқын емес. Мәселен, ол былай деп жазады:

«...Партия ұйымы кадрлардың техникалық білімін арттыру үшін қажырлылықпен күреседі. Мұнан, әрине, біз бұл істе әкімшіліктің жұмысына араласамыз, мәселен, стрелкалы переводтың немесе жартылай автоматтық тежегіштің құрылысын зерттемек боламыз деген мағна тұмайды. Бұл мәселелермен станцияның басшылары техникалық оқу үйірмелері арқылы шұғылданады.

Партия ұйымының міндеті басқа. Біз техникалық прогрестің, ғылым табыстарының жалпы және неғұрлым маңызды мәселелері бойынша баяндамалар, лекциялар оқуды ұйымдастырамыз».

Мұндағы көп сөздер түсініксіз. Техникалық оқуды жолға қоюдың партия ұйымына ешқандай қатысы жоқ сияқты. Бірақ оның ролін тек «жалпы» мәселелер бойынша лекциялар және баяндамалар ұйымдастырумен тұжыру тіпті дұрыс болмас еді.

Бір рационализаторлық ұсыныстың қалай енгізілгенін айта келіп, автор былай деп жазады: «Үгітшілер коллективінің талап етуі бойынша (?) станцияның техникалық советі П. И. Медведевтің ұсынысын қарады, сөйтіп жаңа башмақ-қойғыш өмір сүруге право алды». Үгітшілер коллективінің бұл істегі ролі қандай болғанын, оның бұл міндетті не себепті жауапкерлігіне алғанын түсіну қиын.

Мұның бәріне баспаның авторға толық көмектеспегені де себеп болған. Тұтасынан алғанда пайдалы болып шыққан кітапшада мәселелердің бәрі бірдей жеткілікті терең және дәйектілікпен баяндалмаған, материал жеткілікті айқын берілмеген. Бұл — кітапшаның кемшілігі. Кітапша неғұрлым мұқият редакцияланды, неғұрлым әдеби өңдеуді керек қылған.

Қазіргі уақытта Қазақ мемлекеттік баспасы партия жұмысының тәжірибесіне арналған бірсыпыра кітапшалар әзірлеуде. Партия ұйымдарының тәжірибесі бұл кітапшаларда неғұрлым толық баяндалатын болу керек. Ал мұның үшін баспа авторларға іс жүзінде көмектесіп, әрбір кітапшаны мұқият әзірлеуге тиіс.

В. КОТЕЛЬНИКОВ.

# ССРО-да ауыр индустрияны дамыту мәселесі жөніндегі әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші

## I. ССРО-НЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ В. И. ЛЕНИН МЕН И. В. СТАЛИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

**В. И. Ленин.** Совет өкіметінің кезектегі міндеттері. Еңбек өнімділігін арттыру. Шығ., 27 т., 249 — 250-б.

**В. И. Ленин.** Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының желісі. Шығ., 27 т., 317 — 318-б.

**В. И. Ленин.** Жастар Одағының міндеттері. (Россиялық Коммунистік Жастар Одағының Бүкілроссиялық III съезінде сөйлеген сөз) 2 октябрь 1920 ж. Шығ., 31 т., 284 — 301-б.

**В. И. Ленин.** Біздің сыртқы, ішкі жағдайымыз және партияның міндеттері. (РК(б)П Москва губерниялық конференциясында 1920 ж. 21 ноябрьде сөйлеген сөз). Шығ., 31 т., 413 — 438-б.

**В. И. Ленин.** Халық Комиссарлары Советінің ісі туралы. 22 декабрьде жасалған баяндама. (Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезі, 1920 ж.). Шығ., 31 т., 502 — 536-б.

**В. И. Ленин.** Салғыртты заттай салықпен ауыстыру туралы баяндама бойынша 15 мартта сөйлеген қорытынды сөз. (РК(б)П-ның X съезі, 1920 ж.) Шығ., 32 т., 234 — 246-б.

**В. И. Ленин.** Москва қаласы мен Москва губерниясының РК(б)П ұялары секретарьларының және жауапты өкілдерінің жыйналысында азық-түлік салығы туралы 1921 ж. 9 апрельде жасаған баяндама. Шығ., 32 т., 300 — 331-б.

**В. И. Ленин.** Азық-түлік салығы туралы 26 майда жасалған баяндама. (РК(б)П-ның Бүкілроссиялық X конференциясы 1921 ж.) Шығ., 32 т., 428 — 444-б.

**В. И. Ленин.** Азық-түлік жөніндегі III Бүкілроссиялық кеңесте 1921 ж. 16 июньде сөйлеген сөз. Шығ., 32 т., 470 — 479-б.

**В. И. Ленин.** Коммунистік интернационалдың III конгресінде РК(б)П-ның тактикасы туралы баяндаманың тезистері. Шығ., 32 т., 483 — 491-б.

**В. И. Ленин.** Бүкілроссиялық VIII электротехникалық съездің президиумына. Шығ., 33 т., 31 — 32-б.

**В. И. Ленин.** Алтынның кәзіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы. Шығ., 33 т., 95 — 104-б.

**В. И. Ленин.** Республиканың ішкі және сыртқы саясаты туралы. Шығ., 33 т., 133 — 171-б.

**В. И. Ленин.** Жаңа экономикалық саясат жағдайларында кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы. (РК(б)П

Орталық Комитетінің 1922 ж. 12 январьдағы қаулысы). Шығ., 33 т., 178 — 190-б.

**В. И. Ленин.** РК(б)П Орталық Комитетінің 27 мартта жасаған саяси есебі. (РК(б)П-ның XI съезі, 1922 ж.). Шығ., 33 т., 261 — 306-б.

**В. И. Ленин.** Кәсіподақтардың Бүкілроссиялық V съезіне хат. Шығ., 33 т., 366 — 367-б.

**В. И. Ленин.** «Манчестер гардианының тілшісі А. Рансонмен әңгіме. Шығ., 33 т., 399 — 408-б.

**В. И. Ленин.** Россиялық революцияның бес жылдығы және дүниежүзілік революцияның перспективалары. Комитеттің IV конгресінде 1922 ж. 13 ноябрьде жасалған баяндама. Шығ., 33 т., 417 — 432-б.

**В. И. Ленин.** Бүкілукраиналық советтер съезіне. 10/XII-1922 ж. Шығ., 33 т., 455-б.

**В. И. Ленин.** Кооперация туралы. Шығ., 33 т., 468 — 476-б.

**В. И. Ленин.** Аз болса да, жақсы болсын. Шығ., 33 т., 489 — 505-б.

**И. В. Сталин.** РК(б)П XIII съезінің қортындылары туралы. Уком секторларының РК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы курсында жасалған баяндама 17 июнь, 1924 ж. Шығ., 6 т., 264 — 294-б.

**И. В. Сталин.** РК(б)П XIV Конференциясы жұмыстарының қортындылары жөнінде. РК(б)П Москва ұйымының активінде жасалған баяндама. 9 май, 1925 ж. Шығ., 7 т., 95 — 141-б.

**И. В. Сталин.** Сұрақтар мен жауаптар. Свердлов Университетінде сөйленген сөз. 9 июнь, 1925 ж. Шығ., 7 т., 166 — 225-б.

**И. В. Сталин.** Октябрь, Ленин және біздің дамуымыздың перспективалары. Шығ., 7 т., 269 — 273-б.

**И. В. Сталин.** Орталық Комитеттің саяси есебі. 18 декабрь. (БК(б)П XIV съезінде, 1925 ж.) Шығ., 7 т., 279 — 367-б.

**И. В. Сталин.** Орталық Комитеттің есебі бойынша қортынды сөз 23 декабрь. Шығ., 7 т., 378 — 422-б.

**И. В. Сталин.** Ленинизм мәселелеріне. Шығ., 8 т., 14 — 99-б.

**И. В. Сталин.** Совет Одағының шаруашылық жағдайы және партияның саясаты туралы. Шығ., 8 т., 129 — 164-б.

**И. В. Сталин.** Біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы. БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясында жасалған баяндама 1 ноябрь, 1926 ж. Шығ., 8 т., 261 — 330-б.

**И. В. Сталин.** Біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы баяндама бойынша қортынды сөз 3 ноябрь, 1926 ж. Шығ., 8 т., 331 — 395-б.

**И. В. Сталин.** Тағы да біздің партиямыздағы социал-демократиялық уклон туралы. Қортынды сөз 13 декабрь. (Коммунистік интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумы, 1926 ж.). Шығ., 9 т., 128 — 168-б.

**И. В. Сталин.** БЛКЖО-ның Бүкілодақтық V конференциясында сөйлеген сөз 29 март, 1927 ж. Шығ., 9 т., 214 — 223-б.

**И. В. Сталин.** Америка жұмысшыларының тұңғыш делегациясымен әңгіме. 9 сентябрь. 1927 ж. Шығ., 10 т., 105 — 165-б.

**И. В. Сталин.** Октябрь жолының Сталин атындағы теміржол мастерскойлары жұмысшыларының жыйналысында сөйленген сөз 1 март, 1927 ж. (Қысқаша баяндау). Шығ., 9 т., 188 — 194-б.

**И. В. Сталин.** Троцкистік оппозиция бұрын қандай еді, кәзір қандай 23 октябрь, 1927 ж. Шығ., 10 т., 192 — 230-б.

**И. В. Сталин.** Шетел жұмысшы делегацияларымен әңгіме. 5 ноябрь, 1927 ж. Шығ., 10 т., 231 — 265-б.

**И. В. Сталин.** Орталық Комитеттің саяси есебі 3 декабрь. (БК(б)П XV съезі 1927 ж.). Шығ., 10 т., 301 — 324-б.

**И. В. Сталин.** Астық майданында. Қызыл профессорлар институтының, коммунистік академияның және Свердлов Университетінің студенттерімен өткізген әңгімеден 28 май, 1928 ж. Шығ., 11 т., 91 — 108-б.

**И. В. Сталин.** Индустрияландыру және астық проблемасы туралы. 1928 ж. 9 июльде сөйлеген сөз. (БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы). Шығ., 11 т., 173 — 207-б.

**И. В. Сталин.** БК(б)П ішіндегі оңшылдық қауіп туралы. БК(б)П Москва комитеті мен Москва Бақылау Комиссиясының пленумында сөйлеген сөз 19 октябрь, 1928 ж. Шығ., 11 т., 247 — 265-б.

**И. В. Сталин.** Елімізді индустрияландыру туралы және БК(б)П-дағы оңшыл уклон туралы. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында сөйлеген сөз 19 ноябрь, 1928 ж. Шығ., 11 т., 273 — 326-б.

**И. В. Сталин.** БК(б)П ішіндегі оңшыл уклон туралы. БК(б)П Орталық Комитеті

мен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында 1929 ж. апрельде сөйлеген сөз (стенограмма). Шығ., 12 т., 62 — 75-б.

**И. В. Сталин.** Ұлы өзгеріс жылы. Октябрьдің XII жылдығына. Шығ., 12 т., 131 — 149-б.

**И. В. Сталин.** ССРО-дағы Аграрлық саясат мәселелері жөнінде. Марксист аграршылар конференциясында 1929 ж. 27 декабрьде сөйленген сөз. Шығ., 12 т., 156 — 189-б.

**И. В. Сталин.** Орталық Комитеттің БК(б)П XVI съезіне берген саяси есебі. Июнь, 1930 ж. Шығ., 12 т., 284 — 297-б; 352 — 366-б.

**И. В. Сталин.** Шаруашылық қызметкерлерінің міндеттері туралы. Социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық бірінші конференциясында сөйленген сөз 4 февраль, 1931 ж. Шығ., 13 т., 34 — 49-б.

**И. В. Сталин.** Жаңа жағдай — шаруашылық құрылысының жаңа міндеттері. Шаруашылық қызметкерлерінің кеңесінде сөйленген сөз 23 июнь, 1931 ж. Шығ., 13 т., 57 — 87-б.

**И. В. Сталин.** Бірінші бесжылдықтың қортындылары. 1933 ж. 7 ноябрьда жасалған баяндама. Шығ., 13 т., 175 — 232-б.

**И. В. Сталин.** Полковник Робинспен әңгіме 13 май, 1933 ж. (қысқаша жазба). Шығ., 13 т., 281 — 295-б.

**И. В. Сталин.** БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның XVII съезіне есепті баяндама 26 январь, 1934 ж. Шығ., 13 т., 330 — 341-б.

**И. В. Сталин.** ССРО конституциясының жобасы туралы. Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде жасалған баяндама 1936 жыл, 25 ноябрь. (Ленинизм мәселелері, II басылуының қазақшасы, 480 — 484-б.

**И. В. Сталин.** Партияның XVIII съезінде БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама (1939 жыл, 10 март). Ленинизм мәселелері, II басылуының қазақшасы, 542 — 558-б.

**И. В. Сталин.** Москва қаласы Сталин сайлау округі сайлаушыларының сайлау алдындағы жыйналысында 1946 ж. 9 февральда сөйленген сөз. Қазақ мемлекет баспасы. 1946 ж.

**И. В. Сталин.** ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары. Қазақ мемлекет баспасы, 1952 ж.

## II. ПАРТИЯ МЕН ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ССРО-НЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ СӨЗДЕРІ

**Н. А. Булганин.** Москва қалалық сайлау округі сайлаушыларының жыйналысында 1952 ж. 10 мартта сөйлеген сөз. Қазақ мемлекет баспасы, 1952.

**Н. А. Булганин.** Төртінші сайланған ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясында 1955 жылғы 9 февральда сөйленген сөз. Қазақ мемлекет баспасы, 1955.

**К. Е. Ворошилов.** Социализмнің жеңіс жолымен. Мемлекеттік саяси баспа, 1955.

**Ф. Э. Дзержинский.** Металл өнеркәсібі туралы. РК(б)П XIV конференциясында

жасалған баяндама, 1925 ж. 29 апрель. Ф. Э. Дзержинский. Мақалалары мен сөздерінің жыйнағы. 1908 — 1926. деген кітапта, 196 — 250-б.

**Ф. Э. Дзержинский.** ССРО өнеркәсібі — социалистік құрылыстың негізі. РК(б)П Москва губерналық XIV конференциясында жасалған баяндама. 1924/25 жылдардағы табыстар және келешек өсудің перспективалары. Ф. Э. Дзержинский. Мақалалары мен сөздерінің жыйнағы.

1908 — 1926. деген кітапта 1947, 306 — 308-б.

**Ф. Э. Дзержинский.** ССРО-дағы өнеркәсіптік құрылыс және шаруашылық қызығшылықтар. ВЦСПС пленумында 1926 ж. 9 февральда жасалған баяндама. Ф. Э. Дзержинский. Мақалалары мен сөздерінің жыйнағы. 1908 — 1926. деген кітапта. 316 — 318-б. 1947 ж.

**Л. М. Каганович.** БК(б)П XVIII съезінде сөйленген сөз. Мемлекеттік саяси баспа, 1939.

**М. И. Калинин.** Совет мемлекетінің күш-қуаты. Мемлекеттік саяси баспа, 1944.

**С. М. Киров.** Комсомол — елімізді социалистік жолмен индустрияландыруға белсенді қатысушы. БК(б)П Орталық Комитетінің апрель Пленумының қортындылары туралы БЛКЖО Ленинград губкомының кеңейтілген пленумында 1926 ж. 12 майда жасалған баяндама. С. М. Киров. Мақалалары мен сөздерінің жыйнағы. 1912 — 1934. деген кітапта, 249 — 272-б. 1939.

**В. В. Куйбышев.** Халық шаруашылығын техникалық реконструкциялау жөніндегі күрестің қортындылары. БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында 1933 ж. 8 январьда жасалған баяндама. В. В. Куйбышев. Мақалалар және сөздер. 1930 — 1935. деген кітаптың 195 — 252-б. 1937.

**В. В. Куйбышев.** Екінші бесжылдық жоспар. БК(б)П XVII съезінде 1934 ж. 3 февральда жасалған баяндама.

**В. В. Куйбышев.** Екінші бесжылдық туралы. БК(б)П XVII конференциясында 1932 ж. 2 февральда жасалған баяндама. В. В. Куйбышев. Мақалалар және сөздер. 1930 — 1935. деген кітаптың 195 — 252-б. 1937.

**В. В. Куйбышев.** Екінші бесжылдық жоспар. БК(б)П XVII съезінде 1934 ж. 3 февральда жасалған баяндама. В. В. Куйбышев. Мақалалар және сөздер. 1930 — 1935. деген кітаптың 479 — 572-б. 1937.

**В. М. Молотов.** Бесжылдық және 1933 ж. жоспарлардың қортындылары. В. М. Молотов. БК(б)П-ның XVI съезі-

нен XVII съезіне дейінгі сөздері мен мақалалары. 1934, 387 — 401-б.

**В. М. Молотов.** Техникалық интеллигенцияға. В. М. Молотов. Социализм үшін күресте. БК(б)П-ның XVI съезінен XVII съезіне дейінгі сөздері мен мақалалары. деген кітапта 353 — 360-б. 1934.

**В. М. Молотов.** ССРО халық шаруашылығын дамытудың үшінші бесжылдық жоспары. БК(б)П XVIII съезінде жасалған баяндама және қортынды сөз, 14 — 17 март 1939 ж. Мемлекеттік саяси баспа, 1939.

**В. М. Молотов.** Москва қаласы Молотов сайлау округі сайлаушыларының жыйналысында 1954 жылы 11 мартта сөйленген сөз. Қазақ мемлекет баспасы, 1954 ж.

**Г. К. Орджоникидзе.** Ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариатының Советтердің VII съезіне есепті баяндамасы, 31 январь 1935 ж. Г. К. Орджоникидзе. Мақалалары мен сөздерінің жыйнағы. 1918—1937. деген кітаптың 325 — 369-б. 1945.

**Н. С. Хрущев.** ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі дамыту шаралары туралы. СОКП Орталық Комитетінің пленумында 1953 ж. 3 сентябрьде жасалған баяндама. Қазақ мемлекет баспасы, 1953, 3 — 4-б.

**Н. С. Хрущев.** Құрылысқа индустриялық әдісті кеңінен енгізу, оның сапасын жақсарту және құнын төмендету туралы. Құрылысшылардың, архитекторлардың, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс және жол машиналарын жасау өнеркәсібі, жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдары қызметкерлерінің Бүкілодақтық мәслихатында 1954 ж. 7 декабрьде сөйленген сөз. Мемлекеттік саяси баспа, 1955, 3 — 6-б.

**Н. С. Хрущев.** Мал шаруашылығы өнімдері өндірісін арттыру туралы. СОКП Орталық Комитетінің пленумында 1955 ж. 25 январьда жасалған баяндама. Қазақ мемлекет баспасы, 1955.

**Н. С. Хрущев.** Американ журналистері В. Р. Херспен, Кигсбери Смитпен және Ф. Коннифпен 1955 жылғы 5 февральда жасаған әңгімесі. Қазақ мемлекет баспасы, 1955.

### III. ПАРТИЯ МЕН ҮКІМЕТТІҢ ССРО-НЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫЛАРЫ\*

Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы. (РК(б)П IX съезі, 1920 ж. 29 март — 5 апрель) 1 бөлім, 477 — 484-б.

Шаруашылықты қалпына келтіруге байланысты партияның кезектегі міндеттері. (РК(б)П Бүкілодақтық XI конференциясы, 1921 ж. 19 — 22 декабрь). 1 бөлім, 588 — 594-б.

Өнеркәсіп туралы. (РК(б)П XII съезі, 1923 ж. 17 — 25 декабрь). 1 бөлім, 587 — 636-б.

Экономикалық саясаттың кезектегі міндеттері туралы. (РК(б)П XIII конференциясы, 1924 ж. 16 — 18 апрель). 1 бөлім, 786 — 791-б.

Кооперация туралы. (РК(б)П XIII съезі, 1924 ж. 23—31 май). II бөлім, 36 — 38-б.

\* Партия мен үкімет қаулыларының түп нұсқалары көрсетілмей басылып отыр, олар «СОКП—съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» I, II, III бөлім, 7 басылуы, мемлекеттік саяси баспа, 1954 ж. деген кітап бойынша келтірілген. Тексте кітаптың бөлімі және беті көрсетілген.

Деревняның шаруашылық мұқтаждарымен байланысты партияның экономикалық саясатының кезектегі міндеттері. (Орталық Комитет пленумының Молотов жолдастың баяндамасы бойынша 1925 ж. 30 апрельде қабылдаған қаулысы). II бөлім, 116 — 120-б.

РК(б)П-ның барлық ұйымдарына, барлық мүшелеріне. (РК(б)П Орталық Комитеттің пленумы, 3 — 10 октябрь 1925 ж.) II бөлім, 187 — 188-б.

Орталық Комитеттің есебі бойынша. (БК(б)П XIV съезі, 18 — 31 декабрь 1925 ж.) II бөлім, 193 — 197-б.

Шаруашылық жағдай мен шаруашылық саясат туралы. (БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, 6 — 9 апрель 1926 ж.) II бөлім, 258 — 267-б.

Елдің шаруашылық жағдайы және партияның міндеттері туралы. (БК(б)П XV конференциясы, 26 октябрь — 3 ноябрь 1926 ж.) II бөлім, 293 — 311-б.

Өнеркәсіптің 1926/27 жылғы күрделі құрылысы туралы. (Куйбышев және Кржижановский жолдастардың баяндамалары бойынша). (БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, 7 — 12 февраль 1927 ж.) II бөлім, 343 — 344-б.

1927/28 жылға арналған шаруашылық директивалары туралы. (Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының 1927 ж. 9 августтағы қарары). II бөлім, 372 — 381-б.

Пленумның қарарлары мен қаулылары. Халық Шаруашылығының бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар. (БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында 1927 ж. 23 октябрьде мақұлданған тезистер). II бөлім, 395 — 413-б.

Пленумның қарарлары мен қаулылары: деревнядегі жұмыс туралы. (XV партсъезде жасаған Молотов жолдастың баяндамасы бойынша қабылданған тезистер, БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 1927 ж. 23 октябрьде мақұлданған). II бөлім, 414 — 422-б.

Орталық Комитеттің есебі бойынша. (БК(б)П XV съезі, 2 — 19 декабрь 1927 ж.) II бөлім, 436 — 439-б.

Халық шаруашылығының бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар туралы. (БК(б)П XV съезі, 2 — 19 декабрь 1927 ж.) II бөлім, 450 — 469-б.

Деревнядегі жұмыс туралы. (БК(б)П XV съезі, 2 — 19 октябрь 1927 ж.) II бөлім, 470 — 479-б.

Халық шаруашылығының 1928/29 жылға арналған тапсырма цифрлары туралы. (БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, 16 — 24 ноябрь 1928 ж.) II бөлім, 525 — 540-б.

Халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспары туралы. (БК(б)П XVI конференциясы, 23 — 29 апрель 1929 ж.) II бөлім, 569 — 575-б.

Халық шаруашылығының 1929/30 жылға арналған тапсырма цифрлары

(БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, 10 — 17 ноябрь 1929 ж.) II бөлім, 260 — 632-б.

Коллективтендірудің қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмектесу шаралары туралы. (БК(б)П Орталық Комитетінің 1934 ж. 5 январьдағы қаулысы) II бөлім, 664 — 667-б.

БК(б)П Орталық Комитетінің есебі бойынша. (БК(б)П XVI съезі, 26 июнь — 13 июль 1930 ж.) III бөлім, 13 — 22-б.

Өнеркәсіптің бесжылдық жоспарды орындауы туралы. (БК(б)П XVI съезі 26 июнь — 13 июль 1930 ж.) III бөлім, 36 — 50-б.

Халық шаруашылығының 1931 жылға арналған жоспары туралы. (Тапсырма цифрлар). (БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында 1930 ж. 19 декабрьде Куйбышев ж. баяндамасы бойынша қабылданған қарар) III бөлім, 74 — 82-б.

Өнеркәсіптің дамуының 1931 жылғы қортындысы және 1932 жылғы тапсырмалар. (Орджоникидзе ж. баяндамасы бойынша қабылданған қарар). (БК(б)П XVII конференциясы, 30 январь — 4 февраль 1932 ж.) III бөлім, 136 — 148-б.

ССРО халық шаруашылығының екінші бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар (1933 — 1937 ж.ж.) (Молотов және Куйбышев жолдастардың баяндамалары бойынша қарарлар). (БК(б)П XVII конференциясы, 30 январь — февраль 1932 ж.) III бөлім, 149 — 156-б.

Қара металлургия туралы. (БК(б)П Орталық Комитеті пленумының Орджоникидзе ж. есепті баяндамасы бойынша, 1932 ж. 20 октябрьде қабылдаған қарары). (БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы, 28 сентябрь — 2 октябрь 1932 ж.) III бөлім, 169 — 173-б.

Бірінші бесжылдықтың қортындылары және екінші бесжылдықтың бірінші жылы — 1933 жылдың халық шаруашылық жоспары. (БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы біріккен пленумының Сталин, Молотов және Куйбышев жолдастардың баяндамалары бойынша 1933 жылы 10 январьда қабылдаған қарары). III бөлім, 174 — 187-б.

ССРО халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық (1933—1937 жылдар) жоспары туралы. (БК(б)П XVII съезі, 26 январь — 10 февраль 1934 ж.) III бөлім, 201 — 222-б.

Стахановшылар қозғалысымен байланысты өнеркәсіп және транспорт мәселелері. (БК(б)П Орталық Комитеті пленумының 1935 жылы 25 декабрьде қабылдаған қарары) III бөлім, 267 — 279-б.

ССРО халық шаруашылығын дамытудың үшінші бесжылдық (1938 — 1942 жылдар) жоспары, (БК(б)П XVIII съезінің В. Молотов жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қарары) III бөлім, 336 — 366-б.

Өнеркәсіп және транспорт саласындағы партия ұйымдарының міндеттері.



(БК(б)П XVIII конференциясы, 15 — 20 февраль 1941 ж.) III бөлім, 425 — 436-б.

ССРО-ны дамытудың бесінші бесжылдық (1951 — 1955 жылдар) жоспар жөніндегі директивалары. (БК(б)П XIX съезінің М. З. Сабуров жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қарары) III бөлім, 555 — 578-б.

ССРО Ауыл шаруашылығын онан әрі дамыту шаралары туралы. (СОКП Орталық Комитеті пленумының Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша 1953 ж. 7 сентябрьде қабылдаған қаулысы) III бөлім, 611-б.

Елімізде астық өндірісін онан әрі арттыра беру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы. (СОКП Орталық Комитеті пленумының Н. С. Хрущев жол-

дастың баяндамасы бойынша 1954 ж. 2 мартта қабылдаған қаулысы). III бөлім, 654-б.

Мал шаруашылығы өнімдерін молайту туралы. (СОКП Орталық Комитеті пленумының Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша 1955 ж. 31 январьда қабылдаған қаулысы). Қазақ мемлекет баспасы, 1955, 3 — 4-б.

Халық шаруашылығын дамытудың 1954 жылғы мемлекеттік жоспарының орындалу қортындылары туралы. ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Санақ Басқармасының хабары. Мемлекеттік саяси баспа, 1955, 24-б.

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясының тарихы. Қысқаша курс Алматы 1951, X — XII тараулар.

**РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:**

Бучкин Б. А. (бас редактор),  
Әбілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,  
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 107.  
Тел. 39-00, 23-03,  
11-45, 17-96.

15/IV-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16 — 2 қ. — 5,48 авт. т.

УГ04106. Тираж 15 300. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 471.

813634

# Кітап жаңалықтары

## партия активінің кітапханасы үшін

**В. М. Молотов.** Халықаралық жағдай және ССРО Үкіметінің сыртқы саясаты туралы. Төртінші сайланған ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясында 1955 жылғы 8 февральда жасалған баяндама. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 45 бет. Бағасы 55 тыйын.

**А. КОСУЛЬНИКОВ.** РСДЖП үшінші съезі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 157 бет. Бағасы 1 сом 30 тыйын.

**Н. И. ШАТАГИН.** Партия қатарының бірлігі — СОКП-ның күші мен қуатының басты шарты. Лекция. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы. 1954 ж. 24 бет. Бағасы 60 тыйын.

**В. СТОРОЖЕВ.** Социалистік революцияда жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 212 бет. Бағасы 2 сом 50 тыйын.

**И. АНДРЕЕВ.** Диалектикалық материализм дүние тану процесі туралы. «Московский рабочий» баспасы. 1954 ж. 100 бет. Бағасы 1 сом 20 тыйын.

**П. А. АЛЕКСАНДРОВ.** Марксизм-ленинизм социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолдары туралы. «Московский рабочий» баспасы. 1954 ж. 51 бет. Бағасы 65 тыйын.

**Н. Г. ДОРОЖКИН.** В. И. Лениннің халықшылдыққа қарсы күресте тарихтың материалистік ұғымын дамытуы. Лекция. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы. 1954 ж. 48 бет. Бағасы 60 тыйын.

**Н. МАТЮШКИН.** Советтік патриотизм дегеніміз не. («Марксизм-ленинизм жөніндегі көпшілікке арналған кітапхана» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 95 бет. Бағасы 90 тыйын.

**А. ИОНОВО.** Большевиктік партияның 1917 жылы Петроград горизонның солдаттар бұқарасын өздеріне тарту үшін жүргізген күресі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 166 бет. Бағасы 2 сом.

**Н. МАМАИ.** Коммунистік партия нәптің алғашқы жылдарында бұқараға идеялық-саяси тәрбие беру күресінде. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 135 бет. Бағасы 1 сом 70 тыйын.

**С. В. ҚАЗАҚОВ.** Совет Одағының Коммунистік партиясы — коммунизм орнатып жатқан совет халқының бағыттаушы және басшы күші. Ұсынылатын әдебиет көрсеткіші. ССРО-ның В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханасының баспасы. 1954 ж. 35 бет. Бағасы 1 сом 20 тыйын.

**Я. Г. ФЕЙГИН.** Капитализм және социализм тұсында өндірістің орналастырылуы. ССРО Ғылым академиясы. Экономика институты. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 552 бет. Бағасы 8 сом 30 тыйын.

**И. А. ТРАХТЕНБЕРГ.** Капиталистік ұдайы өндіріс және экономикалық кри-

зистер. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 198 бет. Бағасы 2 сом 65 тыйын.

**М. С. ДРАГИЛЕВ.** Кәзіргі дәуірде империалистік державалар арасындағы қайшылықтар. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 152 бет. Бағасы 1 сом 80 тыйын.

**Ф. МАЗАНОВ.** Заводтың партия ұйымы бесжылдық жоспарды орындау күресінде. («Партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі» сериясынан). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1954 ж. 102 бет. Бағасы 1 сом 30 тыйын.

**Жоғары еңбек өнімділігі үшін.** Жыйнақ. Москвалықтардың социалистік жарысы тәжірибесінен. Кәсіподақтар баспасы. 1954 ж. 102 бет. Бағасы 1 сом 55 тыйын.

**В. ПОЛОЖЕНКО.** Қазақстанның рудниктерінде кен жолдарын шапшаң қазу әдістері. Казак мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 35 бет. Бағасы 60 тыйын.

**Қарағанды көмір бассейнінің жаңашылдары.** Социалистік жарыс озаттарының әңгімелері. Көмір-техникалық әдебиет баспасы. 1954 ж. 45 бет. Бағасы 70 тыйын.

**А. И. ГАНИН.** Қоғамдық шаруашылық — колхоздар мен колхозшылардың әл-ауқатының негізі. Мемлекеттік мәдени-ағарту баспасы. 1954 ж. 111 бет. Бағасы 2 сом 35 тыйын.

**А. А. ДУБРОВСКИЙ.** ССРО-да ауылшаруашылық техникасының өркендеуі. («Лекторға көмек» сериясынан). Мемлекеттік мәдени-ағарту баспасы. 1954 ж. 63 бет. Бағасы 1 сом 10 тыйын.

**Социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін.** Мемлекеттік саяси-ағарту баспасы. 1954 ж. 201 бет. Бағасы 3 сом 20 тыйын.

**А. П. ТЕРЯЕВА.** Колхоздарда еңбекті ұйымдастыру және ақы төлеу мәселелері. ССРО Ғылым академиясының баспасы. 1954 ж. 268 бет. Бағасы 10 сом.

**Н. СВИНАРЕВА.** Егінді тез және ысырапсыз жыйнаймыз. («Жаңашылдардың әңгімелері» сериясынан). Кәсіподақтар баспасы. 1954 ж. 47 бет. Бағасы 65 тыйын.

**С. П. СМЕЛОВ, Н. С. ШЕРБИНСКИЙ, С. С. ШАИН.** Мал шаруашылығының жем-шөп базасын жақсартындар. Ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы. 1954 ж. 44 бет. Бағасы 55 тыйын.

**Н. Б. БАЛАШЕВ.** Суармалы аудандарда картоп өсіру. Ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы. 1954 ж. 110 бет. Бағасы 1 сом 50 тыйын.

**Жүгері өндіру.** (Шетелдік мерзімді әдебиет аудармаларының және шолуларының жыйнағы. 4-кітап). Шетелдік әдебиет баспасы. 1954 ж. 231 бет. Бағасы 12 сом 55 тыйын.

**П. Е. ДАДАН.** ССРО-ның оңтүстігінде шошқаны жартылай ашық қораларда бағу. Ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы. 1954 ж. 87 бет. Бағасы 1 сом 25 тыйын.